

**«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ**



**Абильмажинова Б.Ж.**

**ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІНІҢ СИНТАКСИСІ**  
**МОНОГРАФИЯ**

**Астана 2018**

УДК 811.512.122

ББК 81.2 қаз-7

А 14

**Рецензенттер:**

*филология ғылымдарының докторы, профессор Р.О.Туксейтова*

*педагогика ғылымдарының доктор, профессор А.Е.Жумабаева*

*«Тұран-Астана» университеті Ғылыми кеңесінің ұсынысымен баспадан шығарылуына жіберілсін*

*(27 маусым 2018 жылғы №11 хаттама)*

**Абильмажинова Б.Ж.**

А 14 Іс қағаздар стилінің синтаксисі. Монография . «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы. -Астана, 2018. – 108 б.

ISBN 978-601-7871-47-5.....

Қазақ әдеби тілінің функционадық стильдерінің бір тармағы - іс қағаздар стилі. Іс қағаздар стилінің өзіне тән лексикасын, грамматикасын, синтаксистік құрылымдарының қолданылу қызметі мен коммуникативтік мүмкіншілігінің қасиеттері, әдеби тіліміздегі басқа функционалды стиль элементтерінің ерекшеліктері қарастырылды. Іс қағаздар стиліне тән функционалды қызмет, лексикалық сипат, грамматикалық қолданыс ерекшелігі, синтаксистік құрылым және басқа да стильдерде көріне бермейтін кейбір өзіне тән стильдік белгілердің болатындығын басқару саласындағы барлық құжаттардың мәтініндегі сөйлем қолданысының негізінде зерттеліп, салыстырмалы түрде анықталып сипатталды.

Соған орай, алдымызда тұрған мақсат ана тілімізде іскери тілдің, іс жүргізу жалпы үрдісінің дәрежесін көтеру мақсатында шетел мен Ресей елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, ана тіліміздің нормасын сақтай отырып, танымдық іскери тұрғыдан ұлттық іс қағаздарымыздың жүргізілу дәстүрін дамытып, қалыптастыру басты мақсатымыз болып саналады.

УДК 811.512.122

ББК 81.2 қаз-7

**МА      Ы**

Кіріспе	4
I Жай сөйлемдердің іс қағаздар тіліндегі көрінісі	6
1.1 Бұйрықты сөйлемдердің іс қағаздар стилінде қолданысы арқылы семантикалық өзгеріске түсу заңдылығы	22
2.2 Іс қағаздар тіліндегі хабарлы сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық қолданыс ерекшеліктері	38
II Грамматикалық стилистиканың іс қағаздар стиліндегі көрінісі	53
2.1 У тұлғалы қимыл есімнің іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктер	53
2.2 У тұлғалы қимыл есімге барыс септігінің жалғауы қосылып -уға, -уге баяндауыш түрінде жұмсалу үрдісі	59
2.3 У тұлғалы қимыл есімінің модаль сөздермен тіркесі	61
2.4 Іс қағаздар тілінде молынан қолданылатын тағы бір модальдық құрылым -уы, -уі керек	64
2.5 Уға міндетті	66
2.6 Уы мүмкін, -уі мүмкін	67
2.7 Қабыса байланысқан үшін шылауының қимыл есіммен тіркесуі	68
2.8 Қимыл есімнің туралы шылауымен тіркесі	72
III ЕСІМШЕЛІ ЖӘНЕ КӨСЕМШЕЛІ ОРАЛЫМДАРДЫҢ ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ	76
3.1 Fan формалы есімшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктері	83
3.2 П формалы көсемшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі қолданысы	93
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	100

## КІРІСПЕ

Бүгінгі күн еліміздің егемендік алуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы, халқымыздың еңсесін көтеріп, ерекше бір жігер береді. Қазақ халқы да әлемдік өркениетті елдер қауымдастығынан орын алды. Бірақ әлемдік деңгейде қазақ халқын таныту үшін оның ұлттық болмысын көрсететін бай мұраларын, рухани дүниелерін таныту керек. Кез келген халықтың мәдени дүниесін танытатын ұлттық тілі екені белгілі. Өйткені қай халықтың болса да қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып қана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала толыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ғана ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткен кезеңдерін де, бүгінгісін де, болашағын да таныстыратын – сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Сондықтан, халықтың талай мұраларын жеткізуші ана тілімізді ардақтай отырып, оның даму, толығу процесін жан-жақты зерттеу, танып білу – бүгінгі өмір талаптарының бірі деп санауымыз керек. Соның бірі, 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң қабылданып, 1998 жылы 5 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асырудың мемлекеттік бағдарламасына сай жүргізіліп жатқан іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі. Ал еліміздің егемендік алуы, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, қазақ жұртшылығының өз тілінде білім алуына, ғылымның барлық саласында жаңалықтар ашуына, ұлттық тілімізде мемлекет істерін жүргізуге мүмкіншіліктер беріп отыр. Ұлт тағдырының тіл тағдырына байланысы қандай болса, ана тіліміздің жай-күйі де сол тілде іс жүргізудің тұрақты да, тұрлаулы да сипат алуына тікелей қатысты екенін күнделікті өмір тәжірибесі дәлелдеп отырғандай.

Қазіргі заманда қызмет орнындағы интеллектуалды элитадан іс қағаздарын біліктілікпен орындайтын іскерлік шеберлігі талап етіледі. Қызмет, өндіріс орындарында, кез келген жұмыс саласын жүйелі тәртіппен жүргізуге, оларды қажетті мерзім аралығында аяқтауға, қажетті ақпараттарды міндетті түрде сақтауға немесе сөз түрінде жеткізілген іс-әрекеттердің орындалмауы тәрізді ұқыпсыздықтың негізінде туындайтын келеңсіз жағдайлардан аулақ болу үшін іс жүргізудің мықты механизмін жасау – қазіргі қоғамның міндетті талабы. Іс қағаздарын дұрыс жүргізу, әр түрлі құжаттарды сауатты толтыру – ел мәдениетінің ғана өлшемі емес, жалпы өркениетті қоғамның жалпы деңгейінің көрсеткіші.

Қазіргі өркениетті елдерде ақпарат жүйесі өте маңызды роль атқарады. Кімде кім ақпараттан хабары мол болса, онда ол өндірісте,

ғылымда, оқуда және т.б. салаларда үлкен табыстарға жетеді. Ал ақпарат қорының көзі құжат болып саналады. Құжаттар ақпараттық қарым-қатынас негізінде хабар, мәлімет таратудың маңызды құрамы болып есептеледі. Құжаттар жүйесі адам өмірінің барлық кезеңдерінде, барлық ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар қызметінің барлық салаларына тікелей қатысты. Сондықтан алдыңғы қатарлы шет елдерде, көршілес Ресей елінде де құжаттарды дұрыс өңдеу, стандартқа сәйкес талаппен толтыру бойынша арнайы білім беретін оқу пәні – іс қағаздар пәні міндетті түрде оқытылады. Құжаттарды сауатсыз толтыру кез келген қызмет әрекетіне кедергі келтіріп, құжаттардың құқықтық күшінен айырылып, қажетсіз қағаз ретінде есептеледі. Мұндай әрекет мекеме, жеке меншік кәсіпорын, ұйымдардың беделін түсіріп, тіпті қызметкерлерінің мәдениетсіздіктерін, біліктілігі төмен екендігін әшкерелейді. Сондықтан іс жүргізу процесін жауапкершілікпен оқып үйрену - әрбір басшының, қызметкердің, азаматтардың жұмыс орнында тиімді әрі кәсіби іскерлікпен жұмыс істеуіне оңтайлы ықпал етеді. Іс қағаздарын жүргізу дағдысы – нормативтік талапқа сай құжаттарды сауатты ресімдеу процесі, қызмет орнындағы келеңсіз проблемалардан сақтап қана қоймай, әрбір мекеме, ұйым, бірлестік орындарының мәдениеттілігін, беделін де жоғарлатады. Соған орай, іс қағаздарын ана тілмізде жүргізуді қалыптастыру үлкен де жауапты іс. Құжаттар мәтіндерін құру, жанрлық түрлерінің мәтін мазмұндарымен сәйкес келу құбылыстарын жүйелеу, композициясын құру, талапқа сай ресімделуі жағынан ғылыми тұрғыдан жүйеленіп бірізді нормаға түсуі бойынша уақыт тәжірибесінен өтіп, дәстүрлі қалыпқа түсуіне біраз уақыт керек болады. Ол – табиғи құбылыс. Дегенмен уақыт талабынан қалыс қалмай, ана тілімізді басқару органдарының барлық салаларына енгізу үшін қажымай еңбек ету, әсіресе, тіл мамандарының, мекеме, кәсіпорын, ұйым қызметкерлерінің және жалпы қазақ елі азаматтарының алдында тұрған жауапты іс. Ана тіліміздің ертеңгі көтерілер биігі, бүгінгі табыстарымыздың жеткен жетістіктерімізден байқалатыны белгілі. Соған орай, алдымызда тұрған мақсат ана тілімізді іскери тілдің, іс жүргізу жалпы процесінің дәрежесін көтеру мақсатында шетел мен Ресей елдерінің тәжірибесіне сүйене отырып, ана тіліміздің нормасын сақтай отырып, танымдық іскери тұрғыдан ұлттық іс қағаздарымыздың жүргізілу дәстүрін дамытып, қалыптастыру болып саналады.

Қазақ әдеби тілінің функционадық стильдерінің бір тармағы - іс қағаздар стилі. Іс қағаздар стилінің өзіне тән лексикасын, грамматикасын, синтаксистік құрылымдарының қолданылу қызметі мен коммуникативтік мүмкіншілігінің қасиеттері, әдеби тіліміздегі басқа функционалды стиль элементтерінен ерекшеленеді. Іс қағаздар стиліне тән функционалды қызмет, лексикалық сипат, грамматикалық қолданыс ерекшелігі, синтаксистік құрылым және басқа да стильдерде көріне бермейтін кейбір өзіне тән стильдік белгілердің болатындығын басқару саласындағы

барлық құжаттардың мәтініндегі сөйлем қолданысының негізінде зерттеп, салыстырмалы түрде анықтап сипаттауға тырыстық.

## **I ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ІС ҚАҒАЗДАР ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Іс қағаздар стилін зерттеудің ең бір күрделілігі – оның көп жанрлы болып келуінде. Жанрлық тұрғыдан қаншалықты күрделі болғанмен де көтеріліп отырған мәселенің қажеттілігі туралы “Орыс тілі және Кеңес қоғамы” атты басылымда: «изучение эволюции различных речевых жанров позволяет более глубоко и многосторонне понять законы языкового развития в их диалектической сложности. Такое изучение необходимо и для того, чтобы оценить многообразное влияние социальных условий существования языка на его внутреннюю историю». Құжаттардың әр түрлі жанрлық құбылысы бойынша Н.И.Ерғазиева да: «Социальная функция письменной деловой лексики многогранна: деловая речь употребляется во всех сферах государственной общественно-политической и социальной деятельности людей. Достаточно сказать, что все деловые, канцелярские документы – протоколы, решение, распоряжения и приказы государственных учреждений, различные документы предприятий – оформляются согласно определенным, свойственным им, правилам». Стилистика саласының ірі мәселелермен айналысқан Х.Х.Махмудов та құжат түрлерінің көп жанрлы болуының себебінен зерттелу күрделілігін тудыратынын және оның ғылыми тұрғыдан маңызды екенін «сути как внешней, так и внутренней истории языка» - деп көрсетті. Соған орай, құжат жанрларының алуан түрлілігіне және қызметіне сай синтаксистік құрылымдардың түрлі формалары қолданысқа түседі. Өйткені ауқымды қоғамдық қызметімен қатар, іс қағаздар тілі азаматтық қарым-қатынастарды реттеу және басқару, ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттар мен басқа да ауызша таралған ресми ақпарат құралдары. Сондықтан іс қағаздар стилінің құрамында өзінің қасиеті мен қоғамдық белгілеріне байланысты әр түрлі морфологиялық және синтаксистік категорияларды кездестіруге болады. Мазмұны мен құрылысына сәйкес мүлдем әр алуан синтаксистік құрылымдардың ұшырасуы – осы стильдің негізгі ерекшелігі болып саналады.

Орыс тілі білімінде іс қағаздар стиліне қатысты мәселелер жеке тілдік құбылыстар немесе тілдік құралдар кешенді процес ретінде психология, қоғамтану, журналистика ғылымдарымен тығыз байланысты, сонымен қатар әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, стилистика

салаларына қатысты тілдік коммуникацияның бір түрі ретінде терең зерттеліп, ғасырлар бойы мол тәжірибе жинақтаған. Олардың қатарынан іскери корреспонденцияны әр қырынан зерттеген ғалымдар Ф.П.Филина, В.Н.Ярцева, С.И.Каткова, О.В.Горшкова, С.С.Волкова, К.А.Логинова, Е.М.Иссерлина және т.б..

Қазақ тілі білімінде іс қағаздар тіліне қатысты мәселелерді белгілі тілші-ғалымдар С.К.Кеңесбаев, Г.Г.Мұсабаев, М.Б.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Т.Қайдаров, С.Исаев, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов еңбектерінде іс қағаздар тілінің әр дәуірдегі шығу тарихының әр кезеңдегі өзіне қатысты даму процесінің ерекшеліктері көрсетілді Бірақ олардың бәрі қазақ әдеби стильдер жүйесі аясында ғана сөз болып, жеке ғылыми проблема ретінде зерттеліп қалыптастырылған жоқ. Аталған кезеңде актуалды сипатта болмауы - заңды құбылыс, өйткені қазақ тілінде іс жүргізу мәселесін қамтитын ұғым қоғамдық-әлеуметтік мазмұны жағынан шектеулі сипатта болды.

Қазақ лингвистері өздерінің басқа зерттеу нысандарын баяндау үстінде, іс қағаздар тілінің синтаксисі жөнінде жол-жөнекей айтқандары болмаса, арнайы талданған жоқ. Қазақ тілі стилистикасының дамып, өркендеп әрі қарай саралана түсуі үшін әрбір стиль тармақтарын тереңірек зерттеп, оның айқындалмаған қыр-сырларын аша түсу керек. Әрбір функционалдық стильдің өзіндік лингвистикалық сипатын ашу, жиі қолданысқа түсетін құралдарын анықтау және негізгі ерекшеліктерін белгілеу болып табылады. Бұл тұрғыдан тек көркем әдебиет тілінен басқа стиль түрлері (әсіресе ғылыми, ресми іс қағаздар стилі) әлі де толық жан-жақты зерттелінбей отыр деуге болады. Демек, іс қағаздар тілінің сипатын тану тек осы стиль үшін ғана тиімді емес, қазақ тілінің синтаксистік жүйесі үшін де маңызды. «Стильдердің түрлері сөз етілгенде, олардың бір-бірінен айырмашылығын көрсететін негізгі және басты айырым белгілер мен кездейсоқ немесе негізгі емес ерекшеліктер ажыратылып сараланбай жүр. Сондай-ақ әрбір стильдің ерекшелігі лексика, әсіресе терминдер шеңберінен әрі аспай қалады. Сондықтан стильдік тармақтарды белгілей алатын грамматикалық категориялар мен тұлғалардың мәнін ашып, қолданылу өрісін көрсетудің қажеттілігі күмән туғызбайды» - деген проф.С.Исаевтың пікірі жоғарыда айтып өткен тұжырымымызды растай түседі. Соған орай құжат жанрларына сәйкес қолданысқа түсетін синтаксистік құрылымдарды жүйелеп, жіктеу мәселесі, сөз тіркесі, сөйлем құрылымдарының іс қағаздар тілінде қолданылу ерекшеліктерінің стилистикалық қызметін анықтап, зерттеу бүгінгі уақыт талабының өзекті мәселелері болып саналады.

Қазақ тілі стилистикасының дамып, өркендеп әрі қарай саралана түсуі үшін әрбір стиль тармақтарын тереңірек зерттеп және оның айқындалмаған қыр-сырларын аша түсу керек. Әрбір функционалдық стильдердің өзіндік лингвистикалық сипатын ашу, жиі қолданысқа түсетін құралдарын анықтау және негізгі ерекшеліктерін белгілеу болып

табылады. Бұл тұрғыдан тек көркем әдебиет тілінен басқа стиль түрлері әлі де толық жан-жақты зертелінбей отыр деуге болады.

Десекте, қазақ лексикографиясының тарихында 1935 жылы А.Ағыбаевтың «Ресми іс қағаздарының сөздігі», Ғ.Мұсабаев пен Б.Сүлейменованың «Іс жүргізу терминдерінің орысша-қазақша сөздігі», Н.Ерғазиева мен Б.Сүлейменованың 1972 жылы шыққан «Қазақ тіліндегі іс қағаздарының сөздігі», Н.Ерғазиева мен Ф.П.Филиннің «Сөздердің лексико-семантикалық топтары» туралы еңбектерінде аталмыш стиль лексикасының төмендегідей тақырыптық топтары белгіленген: ресми дипломатиялық іс қағаздары (кеңсе лексикасы мен іс қағаздарының тілі), әкімшілік-заң, коммерциялық-қаржы, көлік және байланыс, халық ағарту және ғылым лексикасы. 1972 жылы Н.Ерғазиеваның «Қазақ тіліндегі ресми іс қағаздарының қалыптасуы мен дамуы» жайында зерттелген кандидаттық диссертациясы қорғалды. 1994 жылы іс қағаздар терминдерінің мүмкіндігінше толық орысша-қазақша анықтама сөздігін дайындау мақсатымен Республика Президентінің Аппараты Жалпы бөлімінің қызметкерлері М.Қасымбеков, Қ.Әлімқұлов, К.Юсупов, Ж.Әлмешов, Ә.Сапарбековалардың «Екі тілде іс жүргізу - Делопроизводство на двух языках» атты сөздік анықтамалығы жарыққа шықты. Соңғы жылдары мемлекеттік органдардың, әкішіліктердің басқару-реттеу, ұйымдастыру, ресімдеу қызметінде ресми қарым-қатынас тілін үйретуге арналған А.Алдашева, З.Ахметжанова, Қ.Қадашева, Э.Сүлейменовалардың «Рауан» баспасынан шыққан «Ресми іс қағаздар анықтамалығы», «Қазақ тілі: ресми қарым-қатынас іс қағаздар тілі» деп аталатын оқу құралдары, В.Салагаев пен Б.Шалабайдың «Іс қағаздарын жүргізу», К.Юсуптың «Құжат тілі: сипаты, белгілері, ерекшеліктері» тәрізді ресми іс қағаздар тілі мен үлгілерін оқытудың тиімді жолдары мен әдістерін ұсынатын еңбектер жарыққа шыға бастады.

Қазақ тілі стилистикасының дамып, өркендеп әрі қарай саралана түсуі үшін, әрбір функционалдық стильдің өзіндік лингвистикалық сипатын ашу, негізгі құралдарын анықтау және лексико-семантикалық белгілерін зерттеп айқындау – іс қағаздар стилінің қарқынды даму жүйесіне негіз болады. Соған орай, іс қағаздар стилінде жиі қолданысқа түсетін синтаксистік құрылымдарды жүйелеп жіктеу, олардың құжаттар жанрларының түлеріне сай синтаксистік, стилистикалық қызметін белгілеу мақсатында мынадай міндеттер туындайды:

- іс қағаздар стиліне тән синтаксистік құрылымдар түрлерін және олардың іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшелігін анықтау;
- іс қағаздар тіліне тән синтаксистік құрылымдарды тудырушы грамматикалық және коммуникативтік факторларды анықтау;
- сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымдарын стилистикалық бірлікте қараудың тиімді процесс екендігін ғылыми тұрғыдан тұжырымдау;
- іс қағаздар стилінде қолданылатын сөйлем түрлерін, атқаратын



қызметін, қолданылу жиілігін стилистикалық тұрғыдан дәлелдеу.

Бүгінгі таңдағы қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерінің бір тармағы - іс қағаздар стилі екендігі бәрімізге мәлім. Іс қағаздар стилі қалыптасу кезеңдері жағынан алып қарағанда ең жас стильдердің бірі болып саналады. Осылай десек те, іс қағаздар стилі өзінің бірнеше ғасырлық (XVII ғасырдың II-ші жартысынан бастап) тарихы ішінде үлкен даму жолынан өтіп, әдеби тілдеріміздегі доминант стилінің біріне айналған.

Қандай да бір халықтың түрі болмасын, бірнеше ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған ірі елдің тарихы, қалыптасуы, дамуы негізсіз, дәлелсіз тың жерден шыға салмайды. Халықтың ру-тайпалық кезеңдерінен бастап, оның халық болып құрылған дәуіріне дейін, ұлттық даму кезеңдерін, өмірдің бұралаң соқпақтарын басынан өткізіп қалыптасады. Ал қазақ тілінде іс жүргізу әрекеті бүгін ғана қолға алынып отырған жоқ. Оған дәлел қазақтың хан, сұлтан, старшиналарының Ресей үкіметіне немесе бір-біріне жазысқан ресми құжаттары мен хаттарының және әкімшілік орындарының үкім-жарлықтарының мәтіндері. Осы материалдардың негіздеріне сүйене отырып, іс қағаздар стилінің шығу тарихы мен бүгінгі таңға дейінгі даму процесі мен қалыптасу кезеңін, қолданылу қызметіндегі рөлі мен үлесін ашуға тоқтала кетуді жөн көрдік. Бірнеше ғасырдан аса мерзім ішінде мәдени өміріміздің өркендеуіне ат салысып келген қазақтың функционалды стилінің бір тармағы ресми іс қағаздар стилінің өзіндік қалыптасу тарихы, даму жолдары қазақ халқының әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып отырған. Ресми іс қағаздар стилі әрдайым халықтың қоғамдық өмірімен, мәдени өркендеуімен, әдеби тілдің дамып, қоғамдық қызметінің артуымен байланысты жанрлық бағытта тармақталуымен дамып, жетіліп отырған.

XVIII және XIX ғасырдың I-ші жартысындағы хат-хабарлар стилінің ерекшелігін зерттеген Б.Әбілқасымов: «Қазақша ресми іс қағаздары ерте кезден келе жатқаны белгілі. Қазақтың хан-сұлтандарының орыс әкімшілік орындарымен жазысқан хаттары, арыздары мен мәлімдемелері XVIII ғасырдан бастап архивтерде көп сақталған. Солардың бір бөлігін, яғни 1785-1825 жылдары жазылған қазақтың хан, сұлтан, батырларының әр түрлі әкімшіліктерге жазған хаттары болды» - деген.

Қазақ әдебиетіндегі алғашқы іс қағаздар стилі туралы М.П.Вяткин: «Тіл жағынан алғанда, қазақ феодалдары атынан жазылған бұл документтер арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар элементтері басым, қазақ тіліне тән элементтер әлдеқайда аз. Орта Азия тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер араласқан татар тілі хандар канцеляриясы практикасында ұзақ уақыт берік сақталып, ресми хат-хабарлардың барлығында қолданылады. Бұл тіл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды» - деген. Сол дәуірде қазақ елінде қолданылған ресми қағаздардың тілі туралы С.Кеңесбаев та:

«Абай дәуіріне дейінгі хан-сұлтандардың түрліше грамота-хаттарына келсек, олар сол кездегі мода болған ресми-эпистолярлық стильдің бөліктері еді. Мұнда шағатай, татар, араб-парсы элементтері басым болды» - деген пікірмен баға берді. Атап айтқанда қазақ ресми іс қағаздарының сол кездегі тілдік белгілерімен, оның стильдік қызметін саралаған, тарихи негіздері және әр кезеңдегі даму принциптері мен бағыттары болғанын ғылыми еңбегінде дәлелдеген Т.Қордабаев та қазақ даласында қолданылған құжат мәтіндерінде «түркілік» элементтердің молынан басым болғандығын көрсеті. Қазақ әдеби тілінің авторлары М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтар да іс қағаздарының тілдік қолданысының ерекшеліктерін: «Стиль и язык синтаксические особенности документов того времени отражали систему среднеазиатского книжного языка, а не нормы казахского языка» – десе, XVIII – XIX ғасырлардағы өз дәуірінде қызмет еткен құжаттар тілі жөнінде Ғ.Ғ.Мұсабаев: “Книжный язык был характерен также для различного рода политических, дипломатических и деловых документов. В этих документах, письмах часто употреблялись слова арабского иранского происхождения, тюркизмы и татаризмы. Стандартные стилистические формы деловых документов, обычных писем XIX века строились по образцу русского канцелярского стиля того времени» - деген тұжырымдарымен жоғарыда айтылған пікірлерді нақтылады. Осыған байланысты Н.И.Ерғазиева да: «Формирование и развитие официально-делового стиля казахского языка имеет, хотя неглубокую, но определенную историю. В прошлом деловой стиль в основном был связан с управлением определенной территорией населения, с делопроизводством. Официально-деловые документы, относящиеся к ханству Золотой Орды, позднее к казахским ханом и султаном, в основном отражали распоряжение, договоры, деловую переписку, торговые дипломатические отношения» - деген.

Хат-хабарлардың эпистоляр түрі дегеніміз белгілі бір танымал тұлғаның, қоғам қайраткерлерінің, ғылым өкілдерінің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қамтыған корреспонденциялар, яғни хаттар түрлері. Соған орай Р.Сыздықова ресми іс қағаздарының эпистоляр түрін XIX ғасырдағы орыс жазушыларының әлеуметтік, ғылыми мәселелерді сөз еткен, әрі көркем әдеби тілде жазылған ой-толғаныстарымен қатар қоюға болмайтынын, қоғамдық ой-пікір қазақша хаттарда ішінара Ильминский мен Махамбет хаттарында ғана кездесетінін, бірақ оларды тілдік тұрғыдан зерттеуге болатын материалдар деп санайтынын мысалдар негізінде көрсетті. Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Б.Әбілқасымовтың «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты еңбектерінде ресми қағаздар тілі әдеби жазба тілінің негізінде пайда болғанын, алғашқы формасы эпистолярлық түрде болғанын, соңынан даму, өркендеу кезеңдерін басынан кешіре отырып, әдеби жазба тілінің үлкен бір тармағына айналғанын, яғни іс қағаздар тілі

де жазба әдебиет тілінен туындап, белгілі бір дәрежеде бірлікте болғанымен де, олардың айырмашылықтары бар екенін саралау, зерттеу әдістері арқылы айқындай көрсетіліп, қолданысы, стильдік бағыты ажыратылған.

“Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде Р.Сыздықова ресми жазбалар тілінің өзіндік ерекшелігін зерттеуге негіз болған материалдарды басшылыққа ала отырып, әр түрлі мазмұнда жазылған хаттар тілінің лексико-фразеологиялық құрамын, грамматикалық тәсілдерін, тіпті орфографиясында орын алған ерекшеліктерін көрсеткен. Мысалы, 1785 жылы Екатерина II-ге Кіші жүз старшиналарының Әбілхайыр ханның балаларын хандықтан аластатуды сұрап жазған «ғарыз намасы» (прошение); 1785 жылы Кіші жүздің ханы Нұралының генерал-поручик О.А.Игельстромға жазған хаты; 1787 жылы Ералы сұлтанның полковник Д.А.Гранкин дегенге Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды босатып жіберуін талап етіп жазған «мағлұм намасы» (уведомление); 1790 жылы Қара Көбек би және Шұбар билердің Россия Сыртқы Істер коллегиясының мүшесі граф А.А.Безбородкаға жазған хаты; 1790 жылы Сырым Датовтың Екатерина II-ге жазған «ғарыз намасы» (донесение); 1793 жылы Жетісудың бас старшинасы Тіленшінің Шерғазы сұлтанға жазған «ағлам намасы» (донесение); 1794 жылы қазақ сұлтандары мен старшиналарының Екатерина II-ге жаңа хан тағайындауды өтініп жазған «ғарыз намасы» (прошение); 1803 жылы Айшуақ ханның Россия Сыртқы Істер министрі В.П.Кочубейге жазған хаты; 1821 жылы Шерғазы ханның граф К.В.Нессельродқа жазған «ғарыз халі» (прошение); 1825 жылы Қаратай сұлтанның Орынбор әскери губернаторы П.К.Эссенге жазған донесениесі тәрізді хаттар материалдарының негізінде ортазиялық феодалдық қоғамдағы түркі халықтарының ғана емес, Ресей мемлекетінің ресми құжаттарымен салыстыра талдау арқылы, қазақ тілі элементтерінің болғанын дәлелдеген. Бірнеше ғасыр бойы қазақ топырағында қалыптасқан ресми қатынас қағаздарының стильдік белгілері бойынша ғана емес, жалпы тілі (лексикасы мен грамматикалық құрылымы) жағынан да қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінен алшақ тұрғанын, алдымен аталған кезеңдегі қазақ даласында тіл тәжірибесінің және бір түрі болғанын айта отырып, пікірін былай жалғастырды: «Ең алдымен, ресми документтерді қазақтың сол тұстағы көркем әдебиеті үлгілерінен бөліп қарау қажеттігі даусыз, өйткені, біріншіден, бұлар әдебиеттің өзге жанрына жататын болса, екіншіден, тілі мен стилі жағынан өзгеше болып келеді» - деген.

Әдеби тілдің тарихын зерттеуші ғалымдар қазақ ресми іс қағаздарының тілдік қорларын ертеден хан жарлықтары мен басқа да құжат үлгілері негізінде екі түрлі арнадан толықтырғанын баса айтқан. Келесісі – қазақ жерінің Ресей мемлекетінің қол астына кіруімен байланысты, қазақ тіліне аударылып таралған орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары және указ, үндеу тәрізді

түрлері көбейе түседі. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығының авторлары М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтар: «Стандартные стилистические формы деловых документов, обычных писем XIX века строились по образцу русского канцелярского стиля того времени» - деп көрсетті. Соған орай, құжат түрлері орыс құжаттарының үлгілеріне бейімделе отырып, өзінің атқару қызметіне қарай бірнеше жанрлық топтарға бөлініп, әр мазмұндағы ақпараттардың алыс, берісін орындады. Ел билеу тәртіптері, қоғамдық іс-әрекеттерге тыйым салу, алым-салық төлеу және т.б. мәселелер қалың бұқараға жеткізілу үшін ресми ақпараттар «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» басылымдарында молынан шығарыла бастады. 1870-1882 жылы Ташкент қаласында құрылған «Түркістан уәлаятының газеті», 1882 жылы Омбы қаласында дүниеге келген «Дала уәлаятының газеті» басылымдарындағы ана тіліміздегі тілдік құрылымдардың нормалық қалыпқа түсуіне едәуір ықпал етті. Бұл басылымдардан кейін бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің дамуы оның жалғастырушысы ретінде «Айқап журналы», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Жас Қайрат», «Социалистік Қазақстан» т.б. газет-журналдар қазақтың жазба әдеби тілін, оның стильдік тармақтарын әрі қарай дамытуда орасан зор қызмет атқарды.

Ресми іс қағаздар тіліндегі лексикалық сөздердің, грамматикалық единицалардың тұрақталуына осы кезеңдегі баспасөз тілінің маңызы айтарлықтай болды. Кейінгі ресми іс қағаздар тілінен мықтап орын алған жаңа сөздер мен сөз орамдарының, кейбір грамматикалық тұлғалары мен тілдік үлгілердің көбі-ақ алғаш осы газет-журнал беттерінде қолданыла бастады. Елімізде болып жатқан саяси-әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық, мәдени өзгерістерге байланысты кіріп жатқан жаңа ұғымдарды дәл атауда, сөз тудыру амалдарын жетілдіруде, грамматикалық құрылысын икемдендіруде, тұрақты қолданысқа түсіруде аталған мерзімді баспасөз орындары айрықша қызмет атқарған.

Іс қағаздар тілінің дамуына тағы бір басты себеп болған дәлел, Ресей үкіметінің әр алуан, әскери, әкімшілік, заңды орындарының бұйрық-жарлықтары, ереже-нұсқауларының қазақшаға аударылып жариялануы, алғашқы нысандарының нормаға сәйкес қалыптасуына әсер етті. Тіпті кейбір ресми орындарға жазылатын өтініш-шағымдарды қазақтардың өз ана тілінде жазуларына рұқсат етілуі де үлкен септігін тигізді. Қазақ лингвист-ғалымдарының XVIII және XIX ғасырдың I-ші жартысындағы іс қағаздарының алғашқы түрлері пайда болып, қолданысқа түсетін тілдік компоненттердің дамуына, оның әр кезеңдегі лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысының өзіндік ерекшеліктерін, кейбір тілдік үлгілердің іс қағаздар тілінде тұрақтану процесін көрсету, сол арқылы іс қағаздар тілінің кейбір табиғи заңдылықтарын ашу, даму қарқынын көрсету, іс қағаздар материалдарының негізінде болған жаңалықтар мен өзгерістердің, кейбір көне тұлғалардың жандануындағы сырын

түсіндіруді мақсат еткен. Бірақ, бұл аталған еңбектерде де іс қағаздар тілін - әдеби тілдің бір тармағы ретінде жол жөнекей айтып кеткені болмаса, арнайы сипаттауға арналған немесе одан әрі қалыптасу, даму жағдайының қыр-сырын ғылыми тұрғыдан ашып көрсететін жеке, көлемді еңбектердің жоқтың қасы деп айтуға болады.

Тілдегі болып жатқан өзгерістер, белгілі бір тілдік құбылыстың өшіп, екінші біреуінің туып, жандана бастауы ешбір себепсіз болмайды. Ондай жаңалықтар мен өзгерістер жалпы тілдің даму барысынан, қоғамдық-әлеуметтік қажеттілігінен, тілдің ішкі заңдылық негізінде туып отырады.

«Тілдің дамуы оның өткен кезінен ғана емес, қазіргі сәттен де байқалады, тілдегі тарихи құбылыстар оның қазіргі сәтінен көрініп отырса, қазіргі дәрежесіне жетуі тарихи дамуынан танылады» - деп көрсеткен Р.А.Будагов. Осыған орай, қазақ әдеби тілінің бір тармағы ретінде іс қағаздар тілі материалдарының негізіне сүйене отырып, салыстырмалы түрде зерттеп, ондағы жеке тілдік құбылыстардың қалыптасуын, даму заңдылықтарын, стильдік тұрғыдан екшеленіп бөлінуін, жалпы басқа да жазба әдебиет жанрлары ішінен алатын орны мен өзіндік ерекшеліктерін және іс қағаздар тіліндегі әр кезеңде сөздік құрамы мен сөз тудыру процесінің грамматикалық және синтаксистік құрылысының дамуын айқындап алудың теориялық та, практикалық та мәні зор.

Ресми іс қағаздар тілінің мәселесі жөнінде сөз болғанда стиль мәселесі де сырт қала алмайды. Сонда ресми іс қағаздар стилі әдеби тілде жеке стильдік тармақ бола ала ма, сондай-ақ, іс қағаздар стилі әдеби тілдің бір бұтағы бола тұрып, жалпыхалықтың тілдік құрылыс материалдарын қалай пайдалана алады, тең тұрғыдан қызмет ететін басқа да әдебиет жанрларының тілдік материалдарын сұрыптап қолданудағы ерекшеліктері неде деген сияқты сұрақтар туындайды.

Көптеген ірі ғалымдар арасындағы стиль мәселесі жөніндегі көз-қарастар көп уақытқа дейін әр жақты болып келді. Ол, әсіресе, стильдерді жанрларға, функционалдық тармақтарға топтастыру жүйесінде пікір, таластар көпке дейін бір жүйеге келмеді.

Қазақ тілі стилистикасының авторлары М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар да өз еңбектерінде осы жүйенің ізімен, біріншіден, «қазақтың жалпы халықтық тілінің стильдері», екіншіден, «өзі ішінара бірнеше стиль түрлеріне бөлінетін ауызекі сөйлеу стилі және кітаби жазу стилі» - деп екіге бөлді. Орыс тіл білімінде әдеби тілдегі стильдердің топталу принциптері жөнінде О.С.Ахманова: «Стиль научный – функция сообщения, стиль обиходно-бытовой – функция общения, стиль обиходно-деловой – функция сообщения, стиль официально-деловой – функция сообщения, стиль публицистический – функция воздействия, стиль художественно-беллетристический – функция воздействия» - деп функционалдық қызметінің саралануына қарай бөлсе, А.Н.Гвоздев алдымен кітаби (жазба) және сөйлеу стильдерін бөліп көрсетіп, кітаби

стильдің өзін «алдына қойылған міндеттерге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар жеке стильдерге» бөліп қарайды. Олар: ресми іс стилі, көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми-көпшілік әдебиет стилі деп көрсетті. В.П.Мурат функционалдық стильдердің классификацияға бөлінуі жайында: әдеби сөйлеу стилі, поэтикалық стиль, саяси-газеттік стиль, ресми іс қағаздар стилі, ғылыми стиль, профессионалды-техникалық стиль, қарапайым сөйлеу стилі деген пікірлерді қолдады.

Стильдерді топтастыруда мұндай жүйелеудің дұрыс еместігін С.Исаев дұрыс көрсетті. Тілдегі стильдерді бұлай топтастырудың үлкен бір кемшілігі - онда стильдерге тән өзіндік тілдік ерекшеліктердің жүйелі бір принцип, бірізді критерий негізінде екшеленбегенін дәлелдейді. Яғни, бір стильдік тармақты сөз еткенде оның лексикалық ерекшелігі көрсетілсе, енді бірде жалпы жанрлық айырмашылығы айырым белгі болады деген. Жанрлық классификацияның кемшілігі – онда «өзіндік тілдік элементтер жүйесінен» гөрі жанрлық ерекшеліктер көбірек сөз болатынын атап көрсеткен. Соған орай, жеке стильдік тармақ болудың басты мәселесі стильдік тармақтарды белгілей алатын грамматикалық категориялар мен тұлғалардың мәнін ашып, қолданылу жүйесін көрсетудің қажеттілігін, анықтап көрсетті. Тілдік стильдердің пайда болып, жеке дара қалыптасуына, тілдегі жанрлардың дамуы мен өзіндік өріс алуыменен тығыз байланысты екенін баса көрсетті.

XX ғасырдың бас кезінде ғылым мен техникаға байланысты көркем әдебиет, газет-журналдардың молынан шығуы, тілдің коммуникативтік қызметінің артып отыруымен байланысты, тілдің грамматикалық құрылысында, фонетикалық жүйесінде, сөздік құрамында болып отыратын жаңалықтардың, жаңа тілдік элементтердің тұрақтануы тәрізді процестердің бір арнаға түсіп, дәстүрлі бағыт алуына баса назар аударды. Сонымен қатар, Кеңес дәуірінде әр түрлі ресми іс қағаздар мен құжаттардың жүйелі қалыптасқан түрде жазылуын көрсете отырып, негізінен публицистика стилінің ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын саралай көрсетті.

Қорыта келе, стиль мәселесін сөз еткен лингвист-ғалымдардың пікірлерін жинақтай отырып, біріншіден, стиль деп белгілі бір тілдегі грамматикалық және синтаксистік тәсілдердің қолданылу принциптерін айтамыз. Бір оқиғаны айтып, не жазып жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап, екшелеп қолдану әдісі. Екіншіден, жалпыхалықтық тіл негізгі қатынас құралы түрінде өмірдің барлық саласында пайдаланылады. Осы негізгі қатынас құралын белгілі бір жүйелілікке, нормаға салатын - әдеби тіл. Әдеби тіл - жалпы халықтық тілдің ауызша және жазбаша нысандары ретінде стильдердің қалыптасуына негіз болады. Стилистика жалпыхалықтық тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің негізінде қалыптасады. Сондай-ақ, жалпыхалықтық тілдің ауызша және жазбаша нысандарымен оның стильдік қолданыстарында

тілдік белгілер (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) қалай қолдану қажет екендігін көрсетеді. Үшіншіден, стилистика тілдің қолдану заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан, тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. Тілдік құрылымдарды дұрыс, ұтымды қолдана білудің қоғамдық мәні зор екендігін ашып көрсетеді. Тілдік белгілерді сұрыптап, қолдану заңдылықтары айтылатын ойдың мазмұнына байланысты болғандықтан, ойлау процесінің нәтижелерін тіл – сөз арқылы бейнелейді. Сөз арқылы жеткізілетін ой мен мазмұнның арасында тығыз байланыстылық болады. Ауызша не жазбаша түрде айтылатын ойдың түсінікті, нақтылы болуына айрықша көңіл бөліп, оның мазмұнын дәл бере алатын тілдік құралдарды сұрыптап, қолдана білудің маңызы да зор екендігін сезіне білу керектігін айқындайды.

Сөйтіп, стиль жөніндегі лингвист-ғалымдардың еңбектерін тұжырымдай отырып, (кейбіреулерінің әр түрлі пікірлеріне қарамастан) жалпыхалықтық қазақ әдеби тілінің тарихи негізінде қалыптасқан функционалды стильдің бес тармағын жеке-жеке топтауға әбден болатынын байқатты. Себебі тіл - оқу, өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым және т.б. салаларда қызмет ететін қоғамның құралы. Осыған орай, тілді стильдік тармақтарға бөлу қажеттілігі пайда болады. Сонымен қазіргі қазақ әдеби тілі мынадай функционалды стильдік тармақтарға ажыратылды.

1. Ресми іс қағаздар және кеңсе тілінің стилі.
2. Публицистикалық стиль (газет- журнал стилі).
3. Ғылыми - техникалық әдебиеттің стилі.
4. Көркем әдебиет тілінің стилі.
5. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі.

Қорыта айтқанда, тілдің функционалды стилі дегеніміз, жоғарыда көрсетілгендей әдебиеттің белгілі бір жанрына немесе әлеуметтік іс-әрекеттің белгілі бір саласына немесе бір ситуацияға сәйкестендіріліп қалыптасқан тұлға-тәсілдер жүйесі. Тілдік қолданыстардың жеке дара тұрғысынан жүйелену процесі жөнінде М.Балқаев пен М.Серғалиев: «Мұндай стильдік тармақтар әдеби тіл қызметінің артуы, тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Ендеше, тілдегі стильдік жүйелердің саралануы әдеби тілдің солғұрлым буыны қатып, бұғанасы бекігені деп түсіну керек» - дейді.

Сөйтіп, әдеби тілдің стильдік тұрғыдан тармақтала бөлінуін өмір қажеттілігінен туып отырған заңды құбылыс екеніне ешкім күмән туғызбайды. Қазіргі таңда еліміздің егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізуіне байланысты Қазақстанның шет мемлекеттер мен қарым-қатынасы жан-жақты нығая түсуде. Елімізді дүние жүзінің жүз елуден астам мемлекеті танып, дипломатиялық байланыс орнатылуына орай, сыртқы дүниемен барыс-келісіміз ұлғайып, әлемдік саяси, экономикалық және мәдени өмірдегі интеграциялық процестерде Қазақстан да өзіндік орын ала бастағаны өмір шындығына айналып отыр.

Сондықтан да бүгін «Тіл - қарым-қатынас құралы» дейтін болсақ еліміздің әлемдік саяси, экономикалық және мәдени өмірдегі даму процестерінде тілдік интеграцияның да атқару міндеті өте зор екендігі бәрімізге мәлім. Әдебиеттің әр түрлі стильдік тармақтарының жеке-жеке өмір сүріп, ойдың айтылу мақсатына қарай, олардың әрқайсысының өзіндік тіл өрнектері қалыптасып, одан әрі дамып, коммуникативтік жұмсалуды аясы кеңіп, адамзатқа қызмет етуі - өмірдегі табиғи заңды құбылыс екені ешкімге де күмән туғызбайды. Сонымен, осы жұмыстың зерттеу объектісі болған, ресми іс құжаттары мен ресми хат-хабарлар тілінің материалдарына негізделіп, көрнекті ғалымдар Т.Қордабаев, М.Балақаев, С.Исаев, М.Серғалиев Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов сияқты ғалымдардың принциптерін басшылыққа ала отырып, іс қағаздар тілінің қазіргі өмірдегі алатын орны жайлы сөз етіп, аз-кем ойларымызды ортаға салмақпыз.

Бұл пікірлерден кейін туатын келесі үрдіс ресми және кеңсе қағаздарының тілі әдеби тілдің бір бұтағы бола тұрып, тілдік материалдарды сұрыптап қолданудағы кейбір проблемалары, негізгі ерекшеліктерінің мәні неде деген сұрақтар туады. Ол үшін іс қағаздар стилі, іс жүргізу процестеріне қатысты проблемаларды зерттеген лингвист-ғалымдардың пікірлеріне жіті көз жүгіртелік. Н.М.Шанский: «Официально-деловой стиль обслуживает сферу правовых отношений – законодательством и делопроизводством. В его составе выделяются подстили: 1) собственно законодательный (закон, указ, гражданские и уголовные акты, уставы), 2) административно-канцелярский (акт, распоряжение, приказ, деловые бумаги: заявление, характеристика, автобиография, доверенность, расписка), 3) дипломатический (нота, меморандум, коммюнике, соглашение, конвенция)».

М.Н.Кожина: «Общение в области правовых отношений призвано служить осуществлению основных функций права. Право же – это выражение воли господствующего класса, оно призвано регулировать отношения между людьми, учреждениями, странами (международное право), между гражданами и государством. Языковые способы выражения воли и речевое воплощение регулировочной функции права оказываются своеобразными в этой сфере общения, являясь важнейшими специфическими стилевыми ее чертами. И действительно, как мы дальше покажем, императивность (в широком смысле) и предписующее – должностное значение оказываются характерными для самых различных языковых единиц, функционирующих в этой сфере. В целом же можно говорить о том, что официально-деловая речь несет на себя стилевую окраску должностного общения».

Н.И.Ерғазиева: «Официально-деловая речь или административно-ведомственный стиль – это стиль государственных актов, законов, международных документов, уставов, инструкций, деловой переписки».

Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік стиль мәселесін зерттеген Н.Х.



Демесінованың тұжырымдамасындағы іс қағаздар стилі жөніндегі пікірі: «Обслуживание своей сферы жизни, канцелярском официально-деловом стиле отсутствуют образные, художественные элементы. Употребляются в основном однотипные, строго между собой связанные слова и словосочетания. Преобладают простые, личные предложения, официальные слова и словосочетания, термины, стандартные конструкции типа *қаулы етеді, шешім қабылдады, жауапқа тартылсын, деп ұйғарды, мәлім етеді* и т.п. . Активные употребление находят в них также готовые модели предложений и словосочетаний, общественно-политические термины *«басқарма, бастама, үкім, шағым и т.п.»*. Преобладает конструкции логически ясные, не окрашенные эмоционально».

М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаевтар: «Іс қағаздары мен ресми документтер тілінің ерекшелігі, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі түрде жазылуына айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да, ресми документтер де ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Кеңсеге қатысты іс қағаздары және ресми документтер көбінесе орыс тілінде жазылады. Үкімет хабарлары, жоғарғы Совет Указы, Устав тәрізді мемлекеттік документтер орысшадан қазақ тіліне аударылып, газетке басылып отырады. Қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған: *қызу мақұлдау, қызу қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау т. б.* Мұндай сөз орамдары іс қағаздары мен ресми документтерде дайын тілдік единица ретінде жұмсалып, ол құжаттар үлгілеріне кеңселік сипат береді» - деген.

Әдеби тілдің ресми іс қағаздар стилі және кеңсе тілінің стилі басқа стиль түрлерінен өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Іскерлік қатынастың өзіндік мәні, оның жазба мәтінінде көрінетіні туралы М.Н.Кожина: «Такая стилевая черта деловой речи, как точность, не допускающая инотолкования, проявляется прежде всего в употреблении специальной терминологии, в однозначности и безобразности нетерминологической лексики. Стремление к точности ограничивает возможности синонимических замен, так как последние вызывают обычно изменение оттенков смысла. Поэтому типичная особенность деловой речи – широкая повторяемость одних и тех же слов, преимущественно терминов» - деген пікірімен маңызды белгісін көрсетеді.

Мұндай ұғымды іс қағаздарының қалыптасуы мен дамуы тұрғысынан зерттеген Н.И.Ерғазиева кандидаттық диссертациясында: «Деловой речи свойственна точность, лаконичность изложения, педантизм построения и употребление специфических слов и выражений» - дегенге тоқталады.

Француз ағартушысы Ш.Монтесье өз ойын: «Заңда қолданылатын сөздер адамдардың санасында белгілі бір идеяларды ғана тудыруы керек. Заңда ешқашан анық емес ұғымдарды қолдануға болмайды. Заңның стилі дәлдігімен және қысқа да нұсқалығымен ерекшеленуі тиіс» - деген

пікірімен құжат мәтіндеріндегі сөйлемдік қолданыстардың түсініктілігі пен нақтылық факторларын қолдайды.

Мұндай негізгі шарттар туралы Б.Шалабай: «Терминдердің, тұжырымдардың екі ұшты болмауы нормативті актілерді дәл орындауға бағышталады. Бұл, әсіресе, азаматтық қоғамның негізгі заңдары үшін маңызды. Сонымен қатар, тіл дәлдігі келісімшарттағы екі жақтың немесе ұйым ішіндегі лауазым иелерінің міндеттемелері мен жауапкершілігін, құқығын білдіретін құжаттар үшін де маңызды. Екі ұшты тұжырымдардың орын алуға өзара міндеттемелер мен қызметтік міндеттемелерді дәл орындауға кедергі келтіреді. Екі ұшты нақты емес келісімдер фирмалардың іскерлік байланыстарына кеселін тигізеді, ал кейде «заңды» негізде қиянат жасауға дейін алып барады. Жазба түрдегі әкімшілік тіліне, тұтастай алғанда, жеке адам тіліндегі ерекшеліктер тән емес. Оның барлық формадағы компоненттері бір үлгіге түскен, баяндау үлгісі бірізді болып келеді. Құжаттарды толтырудағы олқылықтар (мысалы, мөрдің болмауы, қол қойылмауы, келісімде жауапкершілік туралы айтылмауы т.б.) сол құжаттың заңсыздығына алып келеді. Сонымен бірге, тілдегі бір үлгілік «жекелік факторды», тіл әсерлігін жоққа шығармайды. Бұл құжат тілінің қарапайымдылығынан, анықтығынан, құжат мәтініне толық сәйкестігінен көрінеді» - деген. Құжат тілінің осы аталған, тағы да басқа жалпы белгілері іс жүргізу мәтіндерінің композициясын ұйымдастыруда, грамматикалық тұлғаларын, сөздерді іріктеуде және оларды тіркестіріп қолдануда өзіне тән ерекшеліктері болатыны жөнінде бірнеше ғалымдардың көзқарастары диалектикалық тұрғыдан да, логикалық тұрғыдан да көзқарастары бір арнаға тоғысады.

Іс қағаздары - басқару қызметіндегі негізгі бір сала. Ұйымдар, мекемелер және кәсіпорындардың қызмет етуі барысында шығарған түрлі шешімдері, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Сондықтан, халық шаруашылығын ұйымдастыру, басқару, жетілдіру, деңгейін көтеру, сияқты процестерге қатысты құжаттар мен жұмыс істеудің қаншалықты күрделі әрі маңызды процесс екеніне, тек қана нормаға сәйкес ғылыми негізде жүргізілетініне тікелей байланысты.

Ресми іс қағаздар стилі кейде кеңсе стилі, ресми стиль, іс қағаздар стилі деп те айтыла береді. Ал іс жүргізу - өмірдің қыр-сыры мол, күрделі саласы. Ол әлеуметтік-лингвистикалық біліктілікті, дайындықты, жан-жақты білімдарлықты талап етеді. Бұған іс жүргізу жүйесінің көп салалы болып келуі толық дәлел.

1. Әкімшілік - кеңсе саласындағы іс жүргізу - өз сөзімен, өз стилімен дараланады. Оған тірек болатын құжаттар түрі: акт, өкім, бұйрық, арыз, мінездеме, өмірбаян, сенімхат, қолхат, т.б.

2. Дипломатия саласы бойынша іс жүргізу - өз сөз қолданысымен айрықшаланды, оның ұйытқы сөздері: нота, келісім, конвенция, меморандум, коммюнике.

3. Құқық саласындағы іс жүргізу стиліде өз сөзімен ерекшеленеді. Бұл

сала - іштей бірнеше салаға бөлінеді. Мысалы заң шығарушылық құжаттар, азаматтық және қылмыстық істер бойынша жүргізілетін құжаттар: үкімдер, шешімдер, қаулылар, хаттамалар, талап-арыздар.

4. Ресми-құжат саласындағы ресми іс жүргізу құжаттары мыналар: мемлекеттік тұрғыдан жүргізілетін нормативтік-құқықтық актілер, президент жарлықтары, нұсқаулар.

Қызметі жағынан әр саладағы ресми іс жүргізу процестері, өзіндік қолданыстарымен дараланады. Мысалы, мұнда әр түрлі белгілер мен сандарды, географиялық атауларды, мекеме, ұйым, кәсіпорын атауларын бірыңғай жазу қағидасы қатаң сақталған. Құжаттардың стандарт түрде арнайы баспаханада дайындалатын тұрақты мәтіндерден құралған құжаттар (анықтама, еңбек келісімдері, шарттар) түрлері және қалыпқа салынбайтын, яғни стандарт емес құжаттар (өмірбаян, мінездеме, баяндау, түсінік хаттар және қызметтік хаттар т.б.) болып бөлінеді. Мәтіндегі молынан қолданылатын кеңсе сөздері (канцеляризмдер), жаттанды сөздер, (речевые штампы), қалыпқа түскен (салынған) сөздер (языковые стандарты), айналымдағы үйреншікті сөздер (шаблонные обороты), әмбебап сөздер (мәселе, іс-шара т.б.) сияқты тілдік ерекшеліктермен өзгешеленеді. Шаблон, штамп, стандарт сөздері дегеніміз бір ұғымды, әрекетті нақты және түсінікті жеткізу мақсатында қалыпқа түскен лексикалық сөздер қатарын, дайын тіркестерді құжаттар мәтіндерінде тұрақты қолданылу әдісі. Мұндай жиі қолданыстағы сөз, сөз тіркестері, синтаксистік құрылымдар жиі қолданылудың нәтижесінде метафоралық бояуынан айырылып, жұтаңданған нәрсіз сөздерге айналады. Лингвистикада мұндай құбылыстар стандарт, штамп, шаблон деген атауларға ие болады. Мұндай құбылыстардың іс қағаздар стилінде қолданылудың тиімділігі құжат мәтіндегі негізгі ойды нақты, әрі түсінікті жеткізу мақсатында тілдік элементтердің ең қажеттісін, ең сәттісін таңдауға тырысамыз. Өндіріс орындарында, заң, қаржы және әкімшілік-басқару істеріндегі кәсіптік ақпараттарды жеткізуде икемді, даяр шаблондар логикалық ой-пікірді тиянақты аяқтайтын толық информативтік хабар беру мақсатында қолданылатын заңды құбылыс.

Әдеби тілдегі стандарт пен штамп сөздер туралы француз ғалымы Ш. Балли, орыс лингвистері Г.Я.Солганик, В.Г.Костоморов, Д.Э.Розенталь еңбектерінде терең қарастырылған. В.А.Ицкович: “Говори как все, следуй стандарту так легче понимать” - десе, В.Г.Костомаров: “Стандарт необходим уже потому, что невозможно для каждого случая ... и, конечно, совершенно не нужно - более того, это затруднило бы или разрушило возможность нормального взаимопонимания носителей языка ... изобретать особые средства выражения, изводя тонны словесной руды” - деген пікірмен функционалды стильдерде қолданысқа икемді дайын тілдік құрылымдардың болатынын және олардың қажет құбылыс екенін дәлелдейді.

Бұқаралық ақпарат саласына қатысты проблеманы зерттеген О.Бүркітов стандарт пен штамптар бұқаралық ақпарат жанрларына тән очерктер, мақала, ақпарат шолу, ресми хабарларда белгілі бір оқиғаны, хабарды, ақпаратты оқырман көңіліне дәл жеткізу мақсатында өнімді қызмет ететін және стандарт пен штамп құралдарын қолданудың маңызды факторларын атап көрсеткен. Үнемі тың тіркестер, жаңа фразалар тауып қолдану міндетті емес, оның орнына қалыптасқан, көпшілікке түсінікті, логикалық тұрғыдан бірден қабылданатын даяр тілдік оралымдардың болуы заңды құбылыс болатынын және оның тиімділігін өзінің диссертациялық еңбегінде дәлелдеген.

Стандарт пен шаблонның іс қағаздар тіліндегі қолданысы жөнінде пікірлер айтқан ғалымдар Н.М.Шанский, К.А.Логинова, А.В.Рахманин, М.Н.Кожина, П.В.Веселовтар да бар.

Стандарт пен штампты зерттеуші ғалымдар бұл ұғымды әр түрлі терминдермен атап жүр: стандарт, канцеляризм, клише, шаблон, трафарет, стереотип т.б. Орыс әдеби тілінде іскери тіл және Кеңес заманында оның стильдік өзгеру эволюциясын арнайы зерттеген К.А. Логинова. “Шаблон в деловом документе чаще всего не враг, а помощник, так как он помогает конкретнее, лаконичнее и иногда общепонятнее выразить мысль. Следовательно, то что принято назвать «канцелярским штампом», есть вполне оправданная и даже необходимая примета определенной функционально-стилистической разновидности – деловой речи”- деп тұжырымдаса, кәсіпорын, өндіріс орындарындағы әкімшілік-басқару жүйесіндегі іскери корреспонденцияның рөлін, қызметін, қалыптасуын және үнемі даму деңгейін зерттеген П.В. Веселов: “Однотипность многократно повторяющихся производственных ситуаций, перерастая из факта жизни в факт письменной речи, реализуется в виде стандартных выражении. При этом в понятие клишированности входят как «повторяющихся конкретные выражения», так и – в еще большей степени – «стандартизация их моделей» (синтаксических конструкций)» - деген пікірі арқылы құжаттар саласында актив қызмет атқарушы тілдік қолданыстар деп есептейді. А.В.Рахманин стандарт, шаблон жайында: «Совершенно неправы те, кто видит в стандартизации деловой речи «обеднение» и даже «порчу» литературного языка. Плох не «канцелярит» как таковой – напротив, его развитие соответствует общим закономерностям эволюции современного общества, например все большей механизации труда, внедрению машинных способов обработки, передачи и хранение информации. Плохо злоупотребление «канцеляритом» там где он неуместен – в публицистике, в художественном литературе, в обиходном общений».

Н.М.Шанский да стандарт пен шаблондардың іс қағаздар тіліне тән құбылыс екенін: «Наиболее яркая черта делового стиля – высокая степень стандартизации языка. Особенно канцелярском подстиле. О деловых бумагах принято говорить, что они «составляются», а не «пишутся», то

есть воспроизводятся по готовым шаблонам. Стандарт определяет не только выбор языковых средств, но и форму документа, взаимное расположение в нем частей, выбор шрифта и т. п.» - деп көрсеткен. Сөз етіп отырған стандарт, шаблондардың іскери мәтіндерде қолданысы ой-пікірдің анықтылығына, нақтылығына, түсінікті болуына маңызды әсер етеді.

Кез-келген кәсіпорын, мекеме, ұйымдағы қызметтік іс-әрекеттерді қызметтік хаттар арқылы ресми ақпараттар сыртқы адресатқа жеткізіледі. Сондықтан құжат жасаушы немесе компания пезиденті мен кеңсе қызметкері, менеджері мен бас маманы болсын белгілі бір құжаттарды толтыра білу заңдылықтарын, міндеттерін кәсіби түрде игері қажеттілігін талап етеді. Сондықтан да ресми іс қағаздар стилінің ерекшелігі, онда фактілер дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазылуына айрықша мән беріледі. Ресми құжаттар ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Өйткені бұл стиль - ел билеу, мемлекет жұмыстарын жүргізумен байланысты. Себебі, қазіргі кездегі кәсіпорын, мекемелер, фирмалардың жұмысындағы жемісі мен жеңісінң бір ұшы осы ресми іс қағаздарын жүргізуші мамандарға да байланысты. Оған дәлел: «Деловое письмо - предназначено не для того, чтобы вызвать восхищение, читателя, деловое письмо должно его убедить и победить».

Ресми стильге жататын басқару органдарының басқару реттеу қызметіне қатысты құжаттар және басқару, ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттардың жанр және мазмұн жағынан әр түрлі болып келгенімен, олардың барлығына ортақ жалпы сипаты болады. Қалыптасқан бір үлгіде баяндау тәсілімен, бейтарап қалыппен, ресми түрде, мүмкіндігінше сөз көлемі аз және қысқа болуы керек. Кейде ойды аз сөз көлемінде түсінікті тілмен жеткізуге тырысу керек. Оған дәлел ретінде П.В.Веселовтың құжаттар мәтініндегі құрылымдарының ерекшелігі жөніндегі тұжырымдарын келтірейік: «Язык служебных документов отличаются следующие особенности: нейтральность тона изложения, неличный характер изложения, унификация (трафаретизация) типизация речевых средств и стандартизация терминов, сужение диапазона используемых речевых средств, высокая степень повторяемости частности отдельных языковых форм на определенных участках текстов документов, своеобразная модальность».

Қазақ стилистикасының авторлары М.Балақаев, М.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар: «Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Кеңсе іс қағаздарының үлгілеріне өтініш, сенімхат, қолхат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, протокол, қатынас қағазы, акт, рапорт, шарт, міндеттеме, бұйыру, шарт, есеп т.б. жатады. Ал ресми стильдің сөйлем, мазмұн және жазылу формасы жағынан кеңсе қағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбіне заң, устав, үкімет

органдарының қаулылары, жоғарғы Совет Указы, халықаралық шарт, келісім, нота, үкімет хабарлары жазылады» - деген.

Іс қағаздар стилінің ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан стилистикалық синтаксистер қатарына іс қағаздар тілінде жалпыхалықтық сипатқа әлі ие бола қоймаған, синтаксистік құрылымдар бар. Бүгінгі іс қағаздар тіліне тән қолданыстағы синтаксистік құрылымдар сөйлемнің семантикалық реңдерін әр бағытта сипаттайды. Сөйлемде ой екпініне ие болатын бұл құрылым, бір мәселеге көңіл аударту, ұсыну, түсініктеме беру, өтініш білдіру, мәселенің орындалмайтындығын немесе шешілмейтіндігін ескерту, мәлімет беру сияқты әр түрлі бұйрық мәнінде қолданыс қызметін атқарады. Бұл құрылымдар - іс қағаздар стилінің синтаксисінде кейінгі кездері қалыптаса бастаған, әлі толық таныла қоймаған стилистикалық әдістің бір түрі. Іс қағаздар стилінде мұндай дәстүрлі синтаксистік құрылымдар жиі қолданысқа түсетінін теріске шығара алмаймыз.

Мұндай құбылыс ресми хаттарды мазмұндық және қызмет ету функциясына қарай қажетті бағытта жүйелеуге немесе арнайы кәсіби тіркестерді қолдану арқылы құрылатын «өндірістік сюжеттер» міндетті түрде әрбір жеке хаттарға тән қажетті синтаксистік сөйлемдер құрылымын жасаудың қажеттілігін талап етіп тұр. Соған орай ситуациялық іс-әрекетке сай композициялық-мағыналық бірлікте құрылған синтаксистік конструкциялар арқылы кепілдеме беру, шақыру, ұсыну, ескерту, сұрау, өтіну сияқты тілдік моделдердің іскери тұрғыдан қызмет ету функциясын іс қағаздарының келесі бір жанрында – ресми хаттарда молынан қолданылады. Мысалы, ... төлемді төлеуге, ... тауардың сапасына, ... уақытында қайтаруға, ... сапалы қызмет көрсетуіне, ... талапқа сәйкес ұзақ қызмет етуіне **кепілдік береміз.**

... кәсіпорын атынан, ...жобаны талқылауға, ... көрменің салтанаты ашылуына, ... отырысқа, ... мәжіліске **шақырамыз.**

.. төлем бойынша сіздің қарызыңыз, ... келіскен мерзімнің аяқталғанын, ... Сіздің осы уақытқа дейін жобаны жібергеніңізді, ... қоймаға тауарлардың түспегенін **ескертеміз.**

Жоғарыда келтірген мысалдардан көріп отырғандарымыздай «өндірістік сюжеттердің» қызмет ету функциясына қарай құрылған модулдік үлгілер, ресми хаттарда қолданылатын тілдік құрылымдардың бірізділікке түсу процесін және бірыңғай жүйелену тенденциясына әсер ету ықпалын байқаймыз. Тілдің мұндай тұрғыдан жүйелену принципі іскери тілдің әдеттегі тілдік құрылымның бір қалыпқа, бір нормаға түсіп, әрі хат алмасудың нұсқаларын жазуда жеңілдік туғызуға мүмкіндік береді. Унификацияланған дайын құрылымдардың жүйелену заңдылығы іс жүргізу тәжірибесінде қолайлы процесс екенін көрсеткен Л.Дүйсембекова мен П.В.Веселовтардың шаблон құрылымын салыстырып көрелік. Мысалы өтініш құрылымында:

- *Аса қажет болғандықтан сұраймын.*

- *Сіздің мекемемен жасалған келісімді ескере отырып, бар мүмкіндікті*

қарастыруыңызды сұраймын.

- ...көлемінде қаржылай кеме беруіңізді сұраймыз.

Ал П.В. Веселов еңбегіндегі өтініш құрылымы:

«Просим ... выслать в наш адрес более подробную информацию по этому вопросу».

« Просим ... включить в план издания»

Ескерту реңдеріндегі синтаксистік құрылымдар:

- «... туралы ескертуіңізді қажет деп санаймыз».

- «...туралы келісім үстіміздегі жылдың бірінші желтоқсанынан күшіне енетіндігін ескертеміз».

«Напоминаем Вам что ... »

«.Ваша задолженность по оплате ... составляет ... и срок представления рукописи истекает»

«Несмотря на неоднократное напоминание ...»

«... Ваш завод до сих пор не представил...»

«Мы до сих пор не получили ... »

Іс қағаздар стилінде мұндай синтаксистік құрылымдардың көп қолданылатыны, оның функционалдық қызметімен байланысты екенін анықтай отырып, қарым-қатынасқа түсетін қызметтік хаттар тілінде жиі көрініс беретін мұндай дайын қалыпқа түскен тілдік құрылымдар, құжат мәтінінің сапалығын, түсініктілігін, уақыт үнемдеудің ұтымды бір тәсілі деп есептейміз.

## **1.1 Бұйрықты сөйлемдердің іс қағаздар стилінде қолданысы арқылы семантикалық өзгеріске түсу заңдылығы**

Іс, іскери тіл, іс қағаздарын жүргізу деген ұғымдар тілдің әлеуметтік-қоғамдық қызмет аясына жатады. Адамдарды басқару, еңбек қарым-қатынастарын жүргізу, еңбек өнімдері, өндіріс күштері нарықтық формаға ауысып отырған қоғам құрылысының жаңа кезеңінде – ресми іс жүргізу процесі өмірдегі әлеуметтік-құқықтық және нарықтық қарым-қатынастың басты құрамдас бөлігі болып саналады. Сондықтан да бүгін, Республикамыз дербес мемлекет мәртебесіне ие болып отырған шақта – ресми іс қағаздар тілі мемлекетаралық қатынастарда, мемлекеттің өз адамзаттарымен және олардың бірлестіктерімен, сондай-ақ мекемелер, ұйымдар, кәсіпорын ішіндегі азаматтар арасындағы ресми қатынастарда және шаруашылық субъектілерінің арасындағы қатынастарда тиімді қызмет ететін, еңбек пен өнім бәсекелестігін дамытатын, әлеуметтік мазмұны, ұғымдық көлемі ұлғайған, ақпарат алысу-берісудің кешенді нысаны. Қоғамның даму заңдылықтарын туғызатын әрбір жаңа кезеңнің ел өміріне түбегейлі өзгерістер енгізетіні белгілі. Соған орай, іс қағаздарын жүргізу процесі – қазіргі заман талабына лайық ұлттық мәдениеттің белгілерін, психологиямызға етене жақын ұғымдарымен, ұлттық нақыш-бояуымен шебер көрсететін, жоғарғы эстетикалық, этикалық талап, талғамның

әлеуметтік-қоғамдық құралы болуға міндетті.

Әдеби тілде актив қызмет атқарып келе жатқан, қазақ тілінің мемлекет көлеміндегі қоғамдық қызметінің бір белгісі іс қағаздар стиліне тән лексикалық сөздер қатарын (терминдер), сөз тіркестерін (фразеология), морфология, синтаксисін зерттеу, саралап екшелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып есептеледі. Ресми құжаттар шығармаларына тән грамматикалық ерекшеліктеріне, синтаксистік-стилистикалық белгілеріне, қызметіне, олардың тіл жүйесіндегі даму деңгейі мен қолданылу ерекшеліктеріне теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеп айқындау – іс қағаздар стилінің қарқынды даму жүйесіне негіз болады.

Іс қағаздар стилінің синтаксистік сипаты, түрлі деңгейдегі қолданысы, ол құрылымдардың актив және пассив түрлері, іс қағаздар стилі синтаксисінің әдеби тіл синтаксисінен айырмашылығы, синтаксистік құрылымдардың қолданылуының жиілігі мен атқаратын стилистикалық қызметі сияқты тілдік ұғымдардың жиынтығын қамтиды.

Қазіргі құжаттар мәтіндерінде құрмалас сөйлемдерге қарағанда күрделенген немесе жай сөйлем үлгісінің соңғы кезде басым қолданылуы орыс тіліндегі құжат мәтіндерінде де байқалып жүрген құбылыс. Күрделенген жай сөйлем түрлерінің іс қағаздар стилінде құрмалас сөйлемдерге қарағанда жиі қолданылуы, осы стильдің негізгі функционалдық ерекшелігінен туындайды. Іс қағаздар мәтіндерінің қалың көпшілікке түсінікті болып келуі, тез қабылдауға ыңғайлы болуы - құжат тілінің қарапайымдылығын талап етеді. Тіл эволюциясында іс қағаздар стиліне тән маңызды орны бар қысқалық пен ықшамдылық тәрізді заңдылыққа ұмтылуды В.А.Бахраев, Г.Н.Корякиндердің еңбектерінде бірден түсінікті болу процесіне және қолайлыққа жатқызады.

М.Н.Шанскийдің басшылығымен іс қағаздар стилінің ерекшеліктерін қарастырған бірқатар орыс лингвистері В.Д.Бондалетов, С.С.Вортапетова: «В деловой речи реализуются две функций языка - информативная (сообщение) и волюнтативная (повеление). Например, в справке заключена информация, в приказе - повеление, в протоколе - информация (слушали) и повеление (постановили)» - деген пікірлері бойынша мұндай қолданыстарды ақпарат және бұйрық берілу принципі тұрғысынан қарастырылды. Бұл ғалымдардың пікіріндегі «информативная» (сообщения) и «волюнтативная» (повеление) тенденциялары ішкі табиғи қызметіне сәйкес іс қағаздар стилінде маңызды факторлар ретінде қарастырылған. Себебі осы айтылған екі жақты бағыттағы іс-әрекет іс қағаздар стилінің жалпы заңдылығы бойынша мазмұндық және қызметтік жағынан ақпарат таратушы және нақтылы бір іс-әрекетті іске асыру мақсатында ықпал етуші құрал ретінде қабылданып тұр. Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген пікірлерді құжаттар жанрларының құрамы мен қызметіне қарай тілдік құрылымдарды іріктеп жүйелесек, бұл құбылыстар бұйрық-жарлық және ақпараттық-анықтамалық құжаттарына



сәйкес келеді. Бұйрық-жарлық құжаттарына бұйрық, шешім, өкім, нұсқау, қаулы жатса, ал ақпарат құжаттарына: акт, хаттама, анықтама, жеделхат, түсінік хат, баяндау хат, телефонхат, телефонограмма, баяндама, қызметтік хаттардың барлық түрлері жатады.

Құжат жанрларының қызметіне сәйкес бұйрықты және хабарлы сөйлемдер іс қағаздар стилінде тиімді қызмет атқаратын құралдар деп есептейміз. Себебі жоғарыда айтып кеткен авторлардың пікіріне сәйкес бұйрық беру, ақпарат беру тәрізді процестерді атқаратын, әрине, бұйрықты және хабарлы сөйлемдер екеніне ешкім да туғызбайды. Осы тұжырымдарға сүйене отырып, бұйрық-жарлық және ақпараттық құжаттар жанрларының түрлеріне сәйкес келетін бұйрықты және хабарлы сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық жағынан және қызмет ету дәрежесі негізінде топтау арқылы іс қағаздар стилінде қолданыс әдісін жүйелеу, талдау түрлерін нысанға алдық.

Іс қағаздар стилінде бұйрықты және хабарлы сөйлемдердің атқаратын стилистикалық қызметі – құжаттар түрлерінің жанрларына сәйкес әр жағдайда, әр түрлі мақсатпен қолданысқа түсіп, стильдік қызмет атқаруға әбден болатын тиімді құрылым. Біз де өз жұмысымызда осы тұжырымдарға сүйене отырып, құжаттар жанрының кейбір түрлеріне сәйкес келетін бұйрықты және хабарлы сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық жағынан топтау арқылы, іс қағаздар тілінде қолданыс әдісін анықтау арқылы жүйелеуге тырыстық.

Орыс әдеби тілінде іс қағаздар стилінің ерекшеліктерін қарастырған ғалым М.Н.Кожина: «Поскольку с помощью инфинитива удобно выразить прямую или непрямую императивность, то он широко используется в официально-деловой речи для реализаций этого коммуникативного задания и основной специфичной стилевой черты (предписующего характера речи). При этом весьма часто образуется цепь взаимосвязанных инфинитивов, иногда до 20 членов» - дей келіп, одан әрі былай жалғастырады: «Таковы обычные формулы и синтаксические схемы приказов и постановлений, однако это явление свойственно и другим деловым жанрам. Для выражения императивности и регламентированности инфинитив в деловых текстах используется со словами *приказываю, постановляю, нужно, необходимо, следует* (в значении «нужно») *должен, обязан, обязуется, может, имеет право* и т.п. Для усиления категоричности приказа (или установления) дополнительно используются в качестве усилителей и другие лексические средства обычно наречные слова». Сонда құжаттар тілінің жанрына сәйкес мағыналық рендер негізінде бұйрық ету, ұсыныс жасау, үндеу, шақыру, іске қосу, қозғау салу, қалың бұқараны бір іске жұмылдыру сияқты қызметтер атқаратын бұйрықты сөйлемдердің іс қағаздар шығармаларына тән қолдануға болатынын қазіргі жалпы тіл білімі және қазақ лингвистикасы теориясы тұрғысынан қарастырып көрелік.

Бұйрықты сөйлемдердің басым көпшілік баяндауыштары етістіктің

бұйрық райынан жасалған конструкциялар болып келеді. Соның өзінде мұндай баяндауыштар бұйрық райдың үш жағында да, жекеше және көпше түрінде кездеседі. Мұндай бұйрықты сөйлемдер құрамына қарай бір тұрлаулы мүшелі (бір құрамды) және екі тұрлаулы мүшелі (қос құрамды) сөйлемдер ретінде қолданылады. Мұндағы мақсат – бұйрықты сөйлемнің өзіне тән табиғатын ашып, оның іс қағаздар стилінде қолданылу мүмкіндігін сөз ету. Бұйрықты сөйлемнің құрамында өзіне тән ерекшелігі бар. Алдымен бұйрықты сөйлемнің құрылысы күрделі болмайтындығымен (әсіресе көркем әдебиет шығармаларында) ерекшеленіп көрінеді. Екіншіден, бұйрықты сөйлемдердің мазмұны біркелкі бола бермейді. Ертеде қазақ тілі оқулықтарында рай түрлерінің төртеуінен (бұйрық рай, қалау рай, шартты рай, ашық рай) басқа бесінші, тұйық рай түрі аталып көрсетілген. Қазіргі қазақ тілінде ол тұйық етістік құрылымымен алмастырылған. Тұйық етістіктер -у формалары арқылы беріледі.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысын зерттеген А.Ысқақов бұйрық райының мағынасын ашып көрсеткен тұжырымында былай деген: «Бұйрық рай (императив) формаларының мағыналары аса субъективті болып келеді, демек ол формалардың түрткі я қозғау салу мағыналары сөйлеушінің өз көңіл орайына, өз ырқына байланысты туса, амалды орындау, жүзеге асыру тыңдаушыға жүктеледі. Ал, бұйрықтың модальдық сипаты (әмір, тілек, кеңес) интонация арқылы да, кейбір жағдайда (контексте) модаль сөздер арқылы да айқындалады».

Ғалымның бұйрық рай туралы тұжырымына байланысты айтылған ұғымдарды іс қағаздарында қолданылатын тілдік құрылымдармен салыстыру әдісі арқылы зерттегенде, бұйрықты сөйлемдердің бұйрық-жарлық құжаттарының мәтіндерінде тиімді стилистикалық қызмет ететінін байқадық. Себебі басқару жүйесіндегі адам мен қоғамның арасындағы болатын үнемі іскери қарым-қатынас байланысы, нақтылы бір іс-әрекетті орындатуға ұмтылу процесімен қатар жүреді.

Соған орай, бұйрықты сөйлемдердің мағыналық құрамына қарай құжаттар жанрларының түрлеріне сәйкес реңдік айырмашылықтарын дұрыс танып, әр түрлі стильдік мақсатта өз орнында дұрыс пайдалана білу тиімді деп санаймыз. Мысалы, бұйрық құжатының мәтінінде мекемедегі, ұйымдардағы, ведомстводағы кадрларға байланысты мәселелерді - оларды іріктеу және орналастыру, азаматтарды жұмысқа қабылдау және босату, басқа жұмыстарға ауыстыру мәселелерін шешуге бағытталған ресми құжаттар мәтініндегі бұйрықты сөйлемдердің стилистикалық қызметін қарап көрелік. Мысалы жеке персоналға қатысты бұйрық құжатындағы бұйрықты сөйлемдер қолданысы:

*Гүлсім Бахытжанқызы «Арай» ЖШС-не штаттағы кестеге сәйкес жалақы көлемінде үйлестіруші қызметіне қабылдансын.*

*Жәнібек Темірғалиев Перспективалық даму департаментіне штаттық кестеге сәйкес жалақы көлемінде бас маман қызметіне қабылдансын. Айрықша жұмыс жағдайлары үшін 20 пайыз көлемінде үстемақы белгіленсін.*

*Алматы медициналық колледжі директорының 3 айға Англияға ресми сапарға кетуіне байланысты оның міндеттерін уақытша атқару директордың орынбасары Шәкіра Аманқызына жүктелсін.*

*Сәулет және лицензия беру бөлімінің бас маманы Н.С.Мыңбаевты басқа жұмысқа ауысуына байланысты 2000 жылдың 21 ақпанынан бастап қызметінен босатылсын деп қолданылса, ал негізгі қызмет бойынша құрылатын бұйрық мәтінідегі синтаксисттік құрылымдар өндірістік іс-әрекеттерді іске асыру үшін тізбектелген түрде бірнеше пункттер тізімін құрайды. Мысалы бұйрықтың жарлық бөліміндегі синтаксисттік құрылымдардың қолданыс ерекшеліктеріне жіті көз жүгіртсек бұйыру арқылы нақтылы бір іс-әрекетті бағынышты тұлғаларға міндетті түрде орындатуға, іске асыруға тәрізді іс-әрекеттер басым екендігін байқаймыз. Мысалы:*

- 1. Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінде мемлекеттік тіл мәселелерімен айналысатын комиссия тағайындалсын.*
- 2. Департаментте іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге дайындық жұмыстары 2004 жылдың 1 қазанынан бастап жүргізілсін.*
- 3. Департаментте іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу 2006 жылдың 1 қаңтарынан басталып, бөлімдердің бірте-бірте ауысуы туралы кестесімен барлық қызметкерлер бөлім бастықтары арқылы таныстырылсын.*
- 4. Ақмола облысы әкімдігінің «Ақмола облысында тілдерді қолдану мен дамытудың 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасы» туралы 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № А-11/308 қаулысының 2-тармағына сәйкес бекітілген, департаментте атқарылатын іс-шаралар жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.*
- 5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау департамент директорының орынбасары С.Т.Исламоваға жүктелсін.*

*Шындығында, құжаттағы өндірістік іс-әрекеттер қатары, яғни бұйрықты орындату, іске асыру тәрізді ұғымдар тілдің ішкі заңдылығы бойынша тілдік бірліктерді қолдана отырып, қызмет атқарушы заңды тұлғалардың үнемі саналы келісімді түрде бағынуы арқылы орындату, мәжбүрлеу тәрізді құбылыспен сәйкес қатар жүретінін билікте, басқаруда жиі қолданылатын табиғи шартты заңдылық әдісі деп ойлаймыз. Сөз болып отырған бұйрық құжатының алдыңғы белгілеуші бөліміндегі келтірілген өндірістік фактілер (себебі, мақсаты, негіздемесі) келтірілсе, жарлық бөліміндегі іс-әрекетті тудырушы және белгілі бір мақсатты көздей отырып, кімге, қалай, қайтіп, қандай жағдайда орындатуға байланысты тікелей қатысы бар екенін көрсетеді. Құжат құрылымының ерекшеліктеріне сәйкес тізбектелген құрылымның қалыптасуына негіз болған композициялық тұрақтылық құбылысы, табиғатында ақпараттың жүйелігін, түсініктілігін, анықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді деген*

ойға келеміз. Тұрақты үлгілік формулаға айналған белгілеуші бөлімнен кейінгі БҰЙЫРАМЫН сөзі бұйрық-жарлық құжаттарын тілдік-құрылымдық жағынан екі позициялық бағытқа бөліп тұрады. Алғашқысы, айтып кеткендей себебінен, мақсатынан, негіздемесінен құралса, келесі бағытта нақтылы бұйыру процестері көрсетіліп тұр. Мұндай оқшауланып тұратын екі мағыналық бөлімді *сәйкес, туралы, үшін, байланысты, бойынша* шылаулары себептік, мақсаттық қосымша мән үстей отыру арқылы байланыстырып тұр. БҰЙЫРАМЫН сөзі етістіктің негізгі түбір тұлғасына көсемшенің –а жұрнағы жалғанып, соңынан жіктелінуі арқылы ауыспалы мағынаға ие болады. Бұйрық мәтінінде бұл құбылыс тұрақты, әрі қайталанып тұратын дағдылы қимылды атқарады.

Талдауға алынған бұл сөйлемдер мағыналық жағынан да таза бұйрық қызметінде жұмсалып тұр. Бұйрық рай етістікті баяндауыштың жұмсалып үрдісі айтылған хабарға, ойға сөйлеушінің тікелей қатысын білдірумен қатар, іс-әрекеттің іске асуын міндетті түрде талап етіп тұр. Құжат мәтінідегі сөйлемдер бұйрық мәніндегі негізгі түйінді анықтау қызметіндегі баяндауыш, сол сөйлемнің абсолют соңында, III-жақтың жекеше формасында қолданылып отыр. Атап айтқанда белгілі бір іс-әрекетті орындатуға мәжбүр ететін қажеттілік пен міндеттілік бұйрық құжатында бұйрық рай тұлғалы етістікті баяндауыштардан құрылған бұйрықты сөйлемдерден жасалатынын байқадық. Мәтіннің соңын қайырушы соңғы тілдік құрылым (*Осы бұйрықтың орындалуын бақылау департамент директорының орынбасары С.Т.Исламоваға жүктелсін*) орындаушы тұлғаға іс-әрекеттің орындалуын қадағалау шартын жүктеу процесін атқарып тұр.

Тілдік құбылыс белгілі бір дәрежеде басқа қоғамдық құбылыстармен тығыз байланыста болып отыратыны бәрімізге мәлім. Соған орай бұйрықты сөйлемдер белсенді іс-әрекетке үндейтін, әкімшілік, билік қызметін атқаратын тілдік құрал болып саналады. Жіті көз жүгіртсек, бұйыру заңдылығы туралы А.Байтұрсынов өз еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі бұйрық райды «Билік рай» деген атаумен берілген. Ғалым атаған билік райын басқару саласындағы күнделікті ағымдағы іс-шараларды белгілеу, жоспарлау, есеп беру, қаржыландыру, несие алу-беру, тауарлар өткізу, қызмет көрсетуді ұсыну, сондай-ақ, жоғарғы органдардың шешімдерін орындау, бақылау, жауаптыларды анықтау тәрізді іс-әрекеттерді шешетін бұйрық, қаулы, өкім, нұсқау, шешім құжаттарында қолдануға әбден болатын синтаксистік единица екеніне ешкім дау туғызбайды деп ойлаймыз. Үкіметті, адамдарды басқару, билік жүргізу процестері бұйрық-жарлық құжаттарында бұйрық рай тұлғасынан жасалған бұйрықты сөйлемдерді тұрақты түрде қолданылатын ресми іс қағаздар стиліне тән тілдік норма деп санаймыз.

Әдеби тілімізде күнделікті белгілі бір қажеттілікті өтеп жүрген тілдік құбылыстардың көбі әуелде ауызекі, көркем әдебиетте қолданыс тауып, соңынан адамдар және қоғам арасындағы қарым-қатынасты іске асыру

мақсатында күнделікті пайдаланыла жүріп, өзінің қызметтік функциясының шартты рөлін анықтап алады. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің сөйлемде баяндауыш қызметінде қолданылуы, кейбір есім сөздер мен олар тіркеске түсетін конструкциялар, түйдекті тіркестердің нақтылы бір стиль салаларында жиі қолданылуы, олардың активтенуі және объектілік-предикаттық қатынастағы сөйлем құрылысының белгілі бір жанр түрлерінде молынан қызмет етуі – стильдік тармақтардың бес түрге бөлініп, стильдік тармақтардың қалыптасып, буыны нығаюына мүмкіндік туғызады. Сондықтан да қазіргі ресми құжаттардың тілі қалай қалыптасты, әр кездегі ресми құжаттардың бір-бірінен қандай алшақтық, қандай айырмашылығы бар деген тәрізді басты мәселелермен бірге, ресми құжат тілінің әдеби тілді байытудағы рөлі, оның кейбір стильдік тармағын қалыптастырудағы қызметі, жалпы әдеби тілдегі стильдерден алатын орны сияқты мәселелерді ашудың теориялық та, практикалық та маңызы бар.

Жоғарыда біз бұйыру, ықпал ету, орындату, жүзеге асыру заңдылықтарын императив тұлғалы етістіктерден жасалған бұйрықты сөйлемдер бойынан көруге болады дегенбіз. Осы ерекшелігіне байланысты бұйрықты сөйлемдер іс қағаздар стилінің кейбір жанрларына икемді құбылыс және оның қажет екендігін байқатты. Сондықтан іс қағаздар стилінде қолданылатын бұйрықты сөйлемдердің құжат мәтіндерінде қолданылу ерекшеліктерін, кейбір құжат жанрларында қолданылуын жалпы лингвистикалық тұрғыдан сипаттау, функционалдық-семантикалық қағидаларын анықтау мақсатында бұйрықты сөйлемнің шығу тарихы мен даму заңдылықтарына да тоқтала кетуді жөн көрдік.

1940 жылдары қазақ тіліне қатысты оқулықтарда етістік райының бес түрі көрсетілген. Олар: ашық рай, бұйрық рай, қалау рай, шартты рай, тұйық рай. Тұйық етістік түрінің түркологияда рай қатарында танылуы А.Троянский жазған татар тілінің грамматикасынан басталады. Осы пікірді қостаушы Н.И.Ильминский, П.В.Мелиоранский, В.В.Катаринскийлар сол тұжырымдарды жалғастырып келді. В.В.Виноградов «Неоределенная форма глагола – инфинитив в русском языке не выражает ни лица, ни числа и самое главное не выражает времени, а система форм времени органически связано с формами склонения» - дей келіп, одан әрі: «В русской грамматике с конца XIX века был единодушно вычеркнут из списка склонения инфинитив».

Ал қазақ тілінде тұйық етістік 1960 жылдарға дейін райдың бес түрінде қаралып келді. Бұйрық райдың шығу төркіні жөнінде Б.Қасым: «Орхон жазба ескерткіштері тілінен сол кездің өзінде бұйрық рай категориясы негізінен қалыптасқанын көруге болады. Бірақ ол ертедегі түркі тілінде дәл қазіргі тілдегідей деген ұғым шықпайды. Ұзақ уақыт ішінде тілде болған даму үрдісі араға да әсерін тигізгені ақиқат. Көне жазба ескерткіш тілін қазіргі тілмен салыстырғанда, оның өзіндік ерекшелігі болғаны анық байқалады» - дей көрсете келіп, бұйрық райдың I, II, III-жақ

қосымшаларының жасалу жолдарын көрсеткен. Ә.Қайдаров пен Ж.Манкееваның: «Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында» деп аталатын мақаласында қазақ тіліндегі екі буынды императив етістіктердің құрамында өмір сүріп келе жатқан өлі түбірлердің табиғаты сөз етілді. «Бір ғажабы: императив етістіктер жасайтын түбірлер арасында, біз жиған материалдарда, шеттен енген бөгде сөздер кездеспеді. Бұл біріншіден, жалпы етістік түбірлерде ауыс-күйіс болмауына байланысты да, екіншіден императив модельдерінің өте ерте қалыптасуынан болса керек» - дей отырып, бұйрық райдың бір жағынан тіл атаулыға ортақ құбылыс екендігін дәлелдеген.

Қазіргі қазақ тілінде бұйрық рай категориясы жөніндегі ұғымдарға ғылыми тұрғыдан қомақты үлес қосқан белгілі ғалымдар Н.Сауранбаев, Н.Оралбаева, С.Исаев, Ы.Маманов, А.Ысқақов, А.Хасенова, Қ.Неталиева еңбектерінде, К.Ищанов пен О.Жармакиннің диссертациялық жұмыстарында айтылады. Ш.Жұмағазиева өз мақаласында бұйрықты сөйлемнің қолданылу ерекшеліктеріне тоқталса, О.Жармакин етістіктің бұйрық райы мен бұйрықты сөйлем мағыналарына, бұйрық рай модельдерінің қатыстылығы жайлы сөз қозғайды.

Соңғы жылдары үндіеуропа тілдеріндегі синтаксистік зерттеулерде синтаксистік конструкцияларды қандай да бір белгілерінің ыңғайына қарай жіктеуге тырысу (типологиялау) байқалып жүр. Мұндай құбылысты қазақ тілі білімінің негізін салушы ғалым-зерттеуші А.Байтұрсыновтың да еңбегінен байқауға болады. Ол рай түрлерінің айтылу мақсатына қарай мағыналық реңін 14 типке бөлген: тұйық рай, **билік рай**, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, мұң райы, кейіс райы, қайрау райы, азалы рай, теріс рай, тілекті рай, көңіл райы деп атаған.

Бұйрық райдың мағыналық реңдерін анықтап, оларды ортақ ерекшеліктеріне қарай топтау мақсатында зерттеу жұмысын жүргізген Л.Дүйсембекова бұйрық райдың бірнеше мағыналық реңін анықтаған. Семантикалық талдауға сүйене отырып, оларды іштей 9 түрге топтаған. Олар: бұйрық ету, талап жасау, өтініш, тілек, ескерту, шақыру, келісім, кеңес, қарғыс т. б. топтарға жүйелеген.

Ал, бір белгілерінің ортақтықтарына қарай жіктеу мәселесін шешу мақсатында А.Байтұрсыновтың «Сөйлемдерді құрылуынша түрлерге айыруына» байымдап көңіл қойсақ «Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілегін орындауда айтылатын сөйлем түрлерін тілекті деп аталынады. Көңіл тілегі түрлі айтылады: бұйрық түрде, өтініш түрінде, үгіт түрінде, жай тілек түрінде» деп атап жүрген типологиялау құбылысына балама табамыз.

Соңғы жылдары топқа бөлу, типологиялау әдісімен лепті сөйлемнің құрамында қарастырылып келген бұйрықты сөйлемнің ішкі табиғи құбылысы ашылып, оның өзіндік белгілері арқылы топтастыру әдісімен зерттелген еңбектер шыға бастады. Сол зерттеулердің көпшілігі бұйрықты сөйлемнің мағыналық түрлерін айқындауға арналған. Мәселен, проф. М.

Балақаев 1959 жылғы еңбегінде: «Побудительные предложения употребляются с целью побудить собеседника к действию. Они выражают различные оттенки волеизъявления: приказание, требование, совет, просьба, мольбу, призыв, пожелание, убеждение и др»- деп жазды.

«Қазіргі қазақ тілінің грамматикасының» авторлары да: «Бұйрықты сөйлем біреуді бір іс істеуге қосу мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар, кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т. б. білдіреді».

Н.Х.Демесінова: «Побудительные предложения выражает различные оттенки волеизъявления ... оно выражает приказание, просьбу, призыв, пожелание, предложение» - деп жазды.

Проф. Х.Арғынов та осы мазмұндас пікірді білдіреді: «Бұйрықты сөйлемнің мағынасы - бұйыру, зеку, өтініш, тілек, қалау, сес білдіру, ескерту».

Көптеген еңбектерде осылайша бұйрықты сөйлемнің мағыналық түрлері сол сөйлемнің анықтамасында айтылып жатады. Кейбір зерттеушілер бұйрықты сөйлемнің тікелей мағыналық түрлерін арнайы сөз етеді.

О.Төлегенов бұйрықты сөйлемді мағынасына қарай әр топқа бөледі. Атап айтқанда, олар мыналар: тіке бұйрықты сөйлемдер, нақтылы талап қою мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, тоқтау салу, тежеу мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, ұсыныс жасау, тапсырма, нұсқау беру, міндет ету мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, тілек, өтініш білдіру, жалыну мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, келісім білдіру, іске жол беру мағынасынғары бұйрықты сөйлемдер және іске шақыру, үндеу мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер.

«Қазіргі қазақ әдеби тілінде» бұйрық талап, үндеу мәніндегі бұйрықты сөйлемдер, тілек, жалыныш, өтініш, сес көрсету мәніндегі бұйрықты сөйлемдер, үндеу, ұран мәніндегі бұйрықты сөйлемдер, ақыл, кеңес мәніндегі бұйрықты сөйлемдер және іске тоқтау салу, қатаң бұйрық мәніндегі бұйрықты сөйлемдер деп жүйеленіп көрсетілді.

Бұйрықты сөйлемнің мағыналық өзгерістерге ұшырауына байланысты зерттеулердің барлығында дерлік мағыналық жағынан алшақтау көрінетін бұйрықты сөйлемдердің қызмет атқару процесі бойынша мағыналық тұлғасының бір жерден шығуы көңілге қона бермейтіні байқалады. Қазіргі тіліміздегі мұндай сөйлем құрылымы, мағынасы жағынан терең талдауды қажет етеді. Дәлірек айтқанда, бұйрық сөзінің әр түрлі қолданысына қатысты бірнеше жіктерге бөліп алу қажеттігін көрсетеді. Жоғарыда айтылып кеткен Н.Оралбаеваның ырықсыз етіс тұлғасындағы *міндеттелсін, талап етілсін, тапсырылсын, орындалсын, жүйеленсін* мысалдарынан-ақ қажеттілік, міндеттілік мағынасындағы құрылымдардың бірнеше мағыналық топтарға бөлінуі - тіл білімінде кездейсоқ құбылыс емес, әдеби тілде жиі кездесіп отыратын елеулі құбылыс екені байқалады. Белгілі бір іс-әрекетті орындатуға

мәжбүр ететін қажеттілік іс қағаздар стилінде қызмет етуші кейбір құжат жанрларында (бұйрық, жарлық, нұсқау, қаулы, шешім) түрлі мәндегі бұйрықты сөйлемдердің молынан кездесетіні еш дау тудырмайды.

Мұндай құбылысты бұйрықты сөйлемдердің іс қағаздар шығармаларында атқаратын қызметіне сәйкес мағыналық реңдері бойынша қалай, қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтылуына байланысты, мазмұнына қарай, мынадай топтарға бөлуге болады: бұйрық, жарлық, талап ету, тыйым салу, ұсыныс, шақыру, тапсырма, ескерту, нұсқау, алғыс, тілек, үндеу т.б.

Осы тұрғыдан бұйрықты сөйлемдердің семантикасына байланысты топталуына (типологиялау әдісі) баса назар аудара отырып, дәлірек айтқанда, іс қағаздар тіліндегі бұйрық құбылысын бірнеше стильдік тұрғыдан жұмсалып қызметіне қатысты жіктеп алған жөн. Айталық, тікелей бұйрық мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, өкім ету мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, нұсқау, шешім, қаулы незіндегі бұйрықты сөйлемдер, ескерту, тапсырма, тыйым салу мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер, ұсыныс, шақыру, тілек мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер деп бірнеше стилистикалық қызметіне қарай даралаудың қисыны бар. Себебі мұндай сөйлемдер тыңдаушыға немесе нақтылы бір тұлғаны бұйрық арқылы іс-әрекетке ұмтылдыру, ықпал ету, оны орындату, іске асыру сияқты қызметтерді атқарады. Соған орай бұйрық райдың мағыналық ерекшеліктеріне байланысты тұжырымдарға сүйене отырып, іс қағаздар тілінде бұйрықты сөйлемдердің мағыналық жағынан қолданыс ерекшеліктерін қарастыра отырып, оның стилистикалық қызметін жүйелеп көрейік.

Бұйрық тобына, *жарлық, нұсқау, тапсырма, міндет, өкім, қаулы* сияқты мағыналық реңді сөйлемдер жатады. Бұл топтың басты ерекшелігі осы топқа кіретін реңдердің барлығы да композициялық жағынан болсын, мағыналық жағынан болсын олар таза бұйрық мағынасына өте жақын. Мысалы, бұйрық мәтінінде қолданылатын бұйрықты сөйлемдердің қолданысы:

### **БҰЙРЫҚ**

*Мемлекеттік тіркеуге жататын Қазақстан Республикасы  
мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық  
актілерін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігі  
мен оның аумақтық органдарының тексеруден өткізуінің  
Ережелерін бекіту туралы*

*Қазақстан Республика Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы Ереженің 13-тармағын жүзеге асыру мақсатында және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 желтоқсанындағы №1272 және 1999 жылғы 11 наурыздағы №223 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 маусымдағы №*



733 қаулысына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік тіркеуге жататын мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарының тексеруден өткізуінің қоса беріліп отырған Ережелері бекітілсін.

2. Әділет министрлігінің аумақтық органдары:

1) Прокуратура органдарымен өзара іс-әрекеттерді жолға қойсын;

2) Тиісті прокуратура органдарына мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілеріне наразылық білдіру ұсыныстарын тексерудің нәтижелері бойынша ресімделсін;

3) Тексеру материалдарының көшірмелерін, сондай-ақ тиісті аумақтық мемлекеттік тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілердің заңсыз қолданылғаны туралы мәліметтерді Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу департаментінің нормативтік құқықтық актілерді талдау бөліміне берсін;

4) Осы бұйрықтың орындалуы әділет вице-министрі Ә. Мәмиге жүктелсін.

**Министр**

**Б.Мұхамеджанов**

Бұл келтірілген сөйлемдер қатарының барлығы құжат мәтінінің жарлық бөліміндегі қолданылған мағыналық рендерінің барлығында бұйрықтың сөзсіз орындалу міндеттілігін көрсетіп тұр. Әрине, іс қағаздар стилінде бұйрықты сөйлемдердің көп қолданылатыны, өндірістік қызыметімен астарласып жатқан мағыналық ерекшелігі ретінде бұйрық, ұсыныс жасау, кеңес беру, өтіну, тілек айту сияқты көптеген әр бағыттағы мағыналарды көрсететіндігі. Бұлардың ішінде құжаттар жанрларында ең жиі қолданылатыны бұйрықты сөйлемнің бұйрықты түрлері болып саналады. Ал, қалған мағыналық реңдер осы бұйрықты сөйлемдердің негізінен тарайтын тармақтар түрінде қызмет атқарады. Соның бір түрі – жарлық. Іс қағаздар жанрының ерекшеліктеріне сәйкес қолданылатын мағына, қызметі жағынан бұйрыққа өте жақын реңдердің бірі – жарлық құжаты болып саналады.

Мәселен:

*ССРО Президентінің Указы*

*1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына белсенді қатысқандарға Совет Одағының Батыры атағын беру туралы*

*1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте ерлік пен қаһармандық көрсеткені үшін мыналарға /қайтыс болған/ Совет Одағының Батыры атағы берілсін.*

*Момышұлы Бауыржанға – полковник*

*Хабесков Умар Хамидович - капитан*

*ССРО Президенті М.Горбачев  
Москва, Кремль, 1990 жылғы 11декабрь.  
(ССРО халық депутаттарының съезі мен  
Жоғарғы Советінің ведомстары,  
№ 51.1990)*

*Қазақ ССР Президентінің Жарлығы*

*Қазақ ССР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі  
мемлекеттік комитеті туралы.*

*Қазақ ССР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік  
комитеті Қазақ ССР сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі  
болып қайта құрылсын.*

*Қазақ ССР Президенті Н.Назарбаев.  
Алматы, 1990 жылғы 20 желтоқсан,  
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің  
ведомстары №2 1991 жыл)*

*Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы*

*Иран Ислам Республикасындағы  
Қазақстан Республикасының елшілігін  
ашу туралы*

*Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасында  
дипломатиялық қатынастардың орнатылуына байланысты қаулы етемін:*

- 1. Тегран қаласында Қазақстан Республикасының елшілігі ашылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті Иран Ислам  
Республикасындағы Қазақстан Республикасы елшілігінің штат кестесі мен  
шығыс сметасын анықтасын*

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Н.Назарбаев  
Алматы қаласы, 1993 жылғы  
қаңтардың 9-ы  
(Егеменді Қазақстан газеті).*

Бірақ жарлықтың бұйрықтан айырмашылығы да бар. Бұл туралы О.Жармакин өз еңбегінде былай деп жазған: «Распоряжение отличается от приказа развернутостью. Оно может содержать элементы разъяснения и

сопровождается относительно спокойной интонацией. Обычно распоряжение предполагает исполнение ряда действий». Жарлық реңді бұйрықты сөйлемдер іс қағаздар стилінде марапаттау, тапсырма беру, талап ету мақсатында да қолданылады.

Өндірістік іс-әрекетті жүргізуге ықпал етуші бұйрықты сөйлемдер тапсырманы нақтылы тұлғаға жүктеу үшін өкім құжатында да қолданылады. Мысалы өкім құжатының мәтіндегі бұйрықты сөйлемнің қолданысы:

1. № 14, №15, №16 дәрісхана залдарында жөндеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Бұл жұмыс университет құрамындағы шаруашылық бөлімінің өкімшілігіне жүктелсін.
3. Бұл өкімнің орындалуын қадағалау шаруашылық өкімшілігінің басшысы С.Көпбергеновке жүктелсін.

Нұсқау құжатындағы нұсқау беру үшін қолданылатын бұйрықты сөйлемдердің қолданысы:

1. Құрылым бөлімінің басшылары кадр бөлімінің инспекторына 200\_жылға арналған шамамен алған еңбек демалысының тізімін тапсырсын.
2. Кадр бөлімінің инспекторы 200 \_\_ жылғы еңбек демалысының жиынтық кестесін жасап, оны есеп-қисап бөліміне \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімде өткізсін.

Іс қағаздар тілінде өзіндік қолданысымен ерекшеленетін тағы бір синтаксистік құрылым - тапсырма мәніндегі бұйрықты сөйлемдер. Мысалы, *Тіл білімі кафедрасының меңгерушісі А.А.Тажин экспедициясының жетекшісі болып тағайындалсын. I-категориялы инженер Д.Н.Оспанов жөндеу отрядының бригадирі болып бекітілсін.*

Мұндай тапсырма мәніндегі бұйрықты сөйлемдер, әлбетте, белгілі бір амал немесе іс-әрекетті тыңдаушы немесе тыңдаушыларға тікелей жүктеуі. Сол іс-әрекеттің орындалуына айтушының тыңдаушыны міндетті етуі. Тапсырма мәніндегі бұйрықты сөйлемдер түрін, іс қағаздар стиліндегі қызметін біз мынадай екі бағытта қарастырамыз.

1.Тыңдаушының назарын басты бір мәселеге аудару арқылы іс-әрекеттің дереу орындалуын талап ету немесе ықпал ету қызметінің қолданысы:

*Зерттеу экспедициясының жетекшісі А.А.Тажин экспедиция жұмысының жоспарын Ғлыми кеңес хатшысы К.Ж.Сабироваға тез арада тапсырсын.*

*Оспанов Д.Н. 1993 ж. 01 маусымына дейін жетіспейтін құрылыс материалдарын және жөндеу құралдарын дереу алатын болсын.*

2. Ойды, хабарды жеткізудегі айтушының тапсырма мәніндегі бұйрықты мағынада айтуымен, сол бұйрықта айтылған қимыл қозғалыстың орындалуы арасында уақыт айырмасының болуы, яғни тапсырма мәніндегі бұйрық араға біраз үзіліс салып барып орындалатын қимыл қызметі:

*Конференцияның өткізілу жоспары және қатысушы делегация құрамының тізімі анықталып, ағымдағы жылдың соңғы өткізілетін Ғылыми кеңестің талқысына ұсынылсын.*

*Қаулының орындалуын бақылау доцент В.Ю.Николаевқа тапсырылсын.*

*Мұражайдың барлық қызметкерлері 30. 12. 93 жылы жұмыс аяқталғаннан кейін бөлмелердегі электр аспаптарының жағдайын жеке өздері тексерсін және бөлмелерді директордың шаруашылық орынбасарына сағат 17. 00-ге дейін тегіс өткізсін.*

Іс қағаздар тілінде өзіне тән қолданысымен ерекшеленетін келесі синтаксистік құрылым - талап ету мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер. Бұйрық пен талап ету реңдері бір-біріне мағына жағынан өте ұқсас. Талап етудің бұйрықтан айырмашылығы іс-әрекеттің, қимыл қозғалыстың жүзеге асуы орындаушының еркінде емес, айтушының талап етуі басым болғандықтан, орындаушы өзі қаласа да қаламаса да, сол іс-әрекетті, амалды орындауға тиісті. Мәселен,

*Доценттер С.А.Сәрсенов және А.В.Васильеваға бір апта ішінде «Термодинамикалық функцияларды есептеудің салыстырмалы және жуықталған әдістері» атты арнаулы пән және «Зерттеудің физикалық әдістері» атты жалпы пән бойынша жұмыстың оқу бағдарламаларын қайта қарап, бекітуге тапсыру міндеттелсін.*

*Бұл өкімнің орындалуын қадағалау ӘШБ директоры С.Қасымтаевқа жүктелсін.*

Мұндай талап реңді бұйрықты сөйлемдер қызметі жағынан хабарланған ойды, іс-әрекеті қалай да орындау мақсатында қолданылады.

Сөйлемдегі бір мәселеге баса көңіл бөлу қызметін атқаратын бұйрықты сөйлемнің ескерту мағынасындағы құрылымдардың бұл түрі де іс қағаздар мәтіндерінде аса маңызды стильдік қызмет атқаратын құралдардың бірі. Бұйрықты сөйлемнің ескерту мағынасындағы сөйлемдер айтушының орындаушы жасауға тиісті іс-әрекеттерді алдын-ала ескертуі арқылы орындайды.

Мысалы, хаттама құжатындағы шешімнің нәтижесі:

*Н.К.Сыздықов және С.А.Омарованың жаңа оқу жылына дайындық туралы есебі ректордың белгіленген мерзіміне дейін ертерек тапсырылуы ескертілсін.*

Ескерту орындаушыға жанама түрде ғана емес, тікелей айтылған жағдайда да бұйрық мағынасында қолдануға болады. Мысалы,

*1. Жөндеу отрядының құрамы 12 адамға дейін жеткізілсін.*

*2. Жалпы және арнаулы пәндердің қайта қаралған оқу бағдарламалары бекітілсін.*

Тыйым салу мағынасында айтылатын бұйрықты сөйлемдер айтушы тұлғаның қимыл-қозғалыстың мүлде істелмеуін немесе бұдан былай істелінбейтіні туралы орындаушыдан талап етеді. Мысалы,

*Департамент қызметкерлеріне қызмет телефонынан қалааралық байланыс жасауға тыйым салынсын. Қызметтік телефонды қызмет бабына қатысты іс-шараларды шешуде ғана қолдануға болатыны туралы ескертілсін.*

*Ішкі тәртіп «Ережесінен»: Департамент қызметкерлері көрсетілген жұмыс мерзімінің соңына дейін отыруға міндетті. Белгіленген жұмыс уақытынан ертерек кетуге тыйым салынсын.*

*Айтылған ойға, хабарға айтушының қатысы арқылы нақтылы талап қою мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер де іс қағаздар стиліне қонымды құбылыс екенін де айта кетуіміз керек. Себебі нақтылы талап ету мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың тыңдаушыдан тікелей түрде талап еткенімен іс-әрекеттің дереу орындалуы жайлы сөз болмайды, тек айтушы тыңдаушыдан немесе тыңдаушы арқылы бөгде жақтан амалдың, іс-әрекеттің орындалуын сұрау арқылы талап етеді. Мысалы, қаулы құжатынан:*

*«Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық-баспа орталығы» «Қазақстатақпарат» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы*

*Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жұртшылықтың хабардар болу деңгейін көтеру, сондай-ақ статистикалық қызмет көрсетулерді тұтынушыларға сапалы жалпыға бірдей қызмет көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі*

#### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

*1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің ақпараттық-баспа орталығы - Қазақстатақпарат республикалық мемлекеттік кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) құрылсын.*

*2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.*

*Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және белгіленген тәртіппен оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ жарғылық қорын қалыптастырсын.*

*Аталған Кәсіпорынның негізгі міндеттері:*

*статистикалық ақпаратты басып шығару, тарату және сату;*

*статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, статистикалық есептілік нысандардың бланкілерін басып шығаруға байланысты*

полиграфиялық қызметтер; маркетингтік зерттеулер саласында қызметтер көрсету болып табылады.

3. «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы №790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, №29, 256-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

реттік нөмірі 414-жол алынып тасталсын:

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 480 және 481-жолдармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі:

480 Қазақстан Республикасы

Статистика жөніндегі агенттігінің

Ақпараттық-есептеу орталығы

(шаруашылық жүргізу құқығында),

Алматы қаласы;

481 Қазақстан Республикасы

Статистика жөніндегі агенттігінің

Ақпараттық-баспа орталығы

жерлердегі филиалдармен

(шаруашылық жүргізу құқығында)

Алматы қаласы».

4. «Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы №325 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

«Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің» қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің Ақпараттық баспа орталығы – (Қазақстатақпарат республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер Министрі

Мұндай талап қою мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер сөз болып отырған іс-әрекеттің орындалуын өзі қалайтындығы бірден көзге түсе қоймайды, бірақ контекстен байқалып тұрады.

Іс қағаздар стилінде бұйрықты сөйлемдердің көп қолданылатыны оның функционалдық қызметімен байланысып жатқан ерекшелік деп айта

отырып, бұйрықты сөйлемнің ұсыныс мағынасында атқаратын қызметінің рөлін талдап көрейік. Ұсыныс мәніндегі бұйрықты сөйлемдер мағынасы жағынан бұйрық пен өтініштің арасындағы модальдық реңі болып табылады. Ұсыныс мәніндегі бұйрықты сөйлемдердің атқаратын қызметі іс-әрекет, амалдың орындалуын тыңдаушылардан тікелей талап етпей, тек қосымша ұсыныс, бір мәселені толықтыру, қосымша мәнінде қолданылады.

Мысалы, қаулы құжатынан:

*Қазақстан Республикасының Статистика Жөніндегі агентігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы №325 Қаулысына мынадай толықтыру ұсыныстары енгізілсін:*

*«Қазақстан Республикасының Статистика Жөніндегі агентігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын*

Ұсыныс мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер негізінен белгілі бір себептермен тыңдаушыға бұйрық емес, ұсыныс қызметінде ғана қолданылатын құрылымдар.

Іс қағаздар шығармаларында өзіндік қолданысымен ерекшеленетін тағы бір синтаксистік құрылым - шақыру мағынасындағы айтылатын бұйрықты сөйлемдер.

Мысалы, шақыру мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер қолданысының ерекшелігі:

*Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына шақыру туралы.*

*Қазақстан Республикасы Конституциясының (5 бабы тармағының 2-тармақшасына сәйкес) Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2001 жылғы 26 наурызда сағат 10-да Астана қаласына шақырылсын.*

Сонымен іс қағаздар стилінде арагидік экспрессивтік тілдік құралдар мақсатында қолданылатын кейбір мәтіндер де бар. Меселен халықаралық ұйымдар, жеке мекемелер, белгілі бір қоғам қайраткерлерінің мүшелі тойына арналған құттықтаулар кездесіп отыратынын да теріске шығара алмаймыз. Құттықтау мәтіндерінің қайсысы болса да жігер, қуатқа толы, жақсы тілектер айтылып, жылы, әсерлі сезіммен жазылады. Сондықтан іс қағаздарының мұндай түрлерінде эмоционалды бояулы сөздердің қолданылуы заңды құбылыс. Бұйрықты сөйлемнің бұл түрлерінің стильдік қызметі айтушы жақ тыңдаушыға ізгі тілек түрінде көңіл, күйін білдіру мақсатында қолданысқа түсуімен ерекшеленеді.

Мысалы,

*Аса қадірлі бауырлар!*

*Жаңа ғасыр - ғылым мен технология дәуірі басталды.*

*Бұл Сіздерді жаңа биіктерге, жеңістерге құлшындырады. Осы жолда*

*бәрімізге зор денсаулық, толағай табыс және сәтті қадам тілейміз.  
Атқан әр таң шаңырақтарыңызға бақыт әкелсін!*

Тілек мәніндегі бұйрықты сөйлемдер істің нәтижелі басталуына немесе аяқталуына айтушының ниеттес көңілін білдіру мақсатында қолданылады. Тілек мәніндегі сөйлемдердің қолданылу аясы өте кең. Бұл құбылысты көркем шығармалар түрлерінде көптеп кездестіруге болады.

Көріп отырғанымыздай, тіке бұйрық, нақтылы талап, тапсырма, тыйым, ескерту, ұсыныс, шақыру, тілек мағынасындағы бұйрықты сөйлемдердің түрлері - бұйрық-жарлық құжаттарының барлығына тән, молынан қолданысқа түсетін, аса маңызды стильдік қызмет атқаратын құралдардың бірі болып саналады.

Қазақ тіл білімінде бұйрықты сөйлемдердің осындай мағыналық түрлері қазақ әдеби тілінің әр түрлі жазба және ауызша тілдік түрлерінде айтылып та, жазылып та тұратыны еш дау тудырмайды. Академиялық грамматикада қысқаша ғана түсініктемемен шектелетін бұйрықты сөйлемнің әр қырынан сөз етуге болатын мәселелері баршылық. Сондықтан, бұйрықты сөйлем мәселесін жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдарымыздың теориялық ұсыныстары мен болжамдарына көңіл аударып отырып, іс қағаздар тілінде бұйрықты сөйлемдердің семантикасына байланысты топтап, құжат жанрының әр түрлі қолданысына қатысты жіктеп, басқару жүйесіндегі қолданылу қызметінің мүмкіншілігін құжаттар материалдарының негізінде талданды. Себебі, ресми іс жүргізу стилі әлеуметтік сананың ерекше формасы - құқықтық санамен сәйкеседі. Әкімшілік - шаруашылық салаларын және адамдарды басқару, моральдық этикалық ұйғарымдар, тыйымдар, талаптар негізінде жүргізілетін болғандықтан құжаттар жанрларының жазба мәтіндерінде бұйрықты сөйлемдердің мағыналық жағынан қолданыс қызметінің ішкі табиғи сипатын әр қырынан жіктеп, іс қағаздар стиліне тән, пайдалануға болатын құбылыс деп есептейміз.

Жоғарыдағы пікірлерді қорытындылай келе, бұйрықты сөйлемнің іс қағаздар стиліндегі қолданыс сипаты, өзінің мағыналық топқа жіктелу жүйесі арқылы іс әрекеттің орындалу процесі бұйыру, талап ету, тапсырма, нұсқау беру, ұсыныс жасау, шақыру, тілек, міндеттеу сияқты құбылыстар арқылы іске қозғау салатын ерекшеліктері бойынша іс қағаздар тілінде өнімді қолданылатын синтаксистік құрылымдар, іс қағаздар тілінде тән стилистикалық қызмет атқаратын тиімді тәсіл болып саналады.

## **1.2 Іс қағаздар тіліндегі хабарлы сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық қолданыс ерекшеліктері**

Іс қағаздар стилінде құрмалас сөйлемдерге қарағанда жай сөйлем



түрлерінің жиі қолданылуы, іс қағаздар мәтіндерінің қалың көпшілікке түсінікті болып келуін, қабылдауға ыңғайлы болуына әсер етеді. Жай сөйлемнің қолданысы іс қағаздар стилінің жанр ерекшеліктеріне сәйкес қабылданады. Іс қағаздар тілінде ақпарат жеткізуші хабарлы сөйлемдер ерекше қызмет атқарады. Себебі құжат мәтіндері белгілі бір логикалық ой тиянақты аяқталатын құрылымдық-семантикалық шағын көлемді мәтін болып есептеледі. Белгілі бір единица тізбегінен тұратын хабарлы сөйлемдер ақпарат беру және ықпал ету қызметі үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде пайдаланады. Құжаттардың негізгі функциясы ақпараттарды қабылдап алу және өңдеу, шешім қабылдау, оны орындау сияқты белгілі бір дәрежедегі ақпараттық процесс болып табылады. Дұрыс шешім қабылдау үшін толық түрдегі жедел және ақиқат мәліметтер керек болады. Құжат ақпараттың осы талабына жауап беруге тиіс. Дегенмен хабардың толықтығы оның көлемімен ғана емес, сонымен бірге оның мәнді де басты мәселелерін көрсетумен бағаланады. Яғни, ақпараттың көптігі оны өңдеуді талап етеді. Маңызды, жедел орындауды қажет ететін жақтарын айқындап, оны қабылдап – түсінуге ыңғайлы күйге түсіруді қажет етеді. Құжаттың сапасы оның толықтығы, оралымдығы және анықтылығымен ғана емес, сондай-ақ оның ықшамдылығымен, көрнекілігімен және қолайлылығымен айқындалады. Іс жүргізу құжаттары хабар-мәліметтің қайнар көзі, ақпарат таратушысы, заң арқылы қорғалатын істі белгілеудің тәсілі де болып табылады. Басқарудың құралы ретінде құжаттар жоспарлауда, қаржыландыруда, несие беруде, бухгалтерлік есептеу мен есеп беруде, оперативті басқаруда, ұйымның қызметін кадрлық жағынан қамтамасыз етуде т.б. қолданылады. Құжаттарды мемлекеттік құрылым белгілейді. Олар мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар және азаматтар арасындағы, заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастар үшін қызмет етеді. Заңды күші бар (құжат түріндегі) мәліметтер төрелік сотта бизнес бойынша әріптестерімен шаруашылық дауларын немесе халықтық сотта еңбек тартыстарын шешуде қандай да бір фактінің негізгі дәлелі ретінде қызмет етеді.

Егер ақпарат таратушы құжаттардың негізгі құралы хабарлы сөйлемдер десек, онда хабарлы сөйлемдер ақпараттық-анықтамалық құжаттарының әр түрлі жанрларында молынан қызмет ететінін байқаймыз. Ақпаратты таратушы құжаттарға жататын құжаттар түрлері: қызметтік хаттар, актілер, баяндама, хаттама, анықтама, баяндау хаттар, түсінік хаттар, жеделхат, телефонхат, факстер жатады. Соған орай, хабарлы сөйлемдердің іс қағаздар стилінде қолданысы басқа стиль түрлеріндегі қолданыстарға ұқсамайтын өз ерекшеліктері бар. Біріншіден, белгілі бір логикалық ой немесе пікірді тиянақтап, аяқтау мақсатындағы хабарлы сөйлемдер құрылымдық-семантикалық бірліктен тұратын, тұтас тілдік единица түрінде құжаттар жанрларында қолданысқа түсуі - тиімді тілдік құралдар болып есептелінеді. Екіншіден, жеке басқа қатысты

өтініш, арыз, сенімхат, қолхат тәрізді құжаттар түрлерінде хабарлы сөйлемдердің қолданысы, күнделікті өмір талабынан туған қажетті мүдделерін жүзеге асыру мақсатында - адамның ойын, қалауын, өтінішін білдіретін құжаттар түрлерінде пайдалануға болатын тиімді синтаксистік тұлғалар. Мұндай синтаксистік тұлғалар құжаттар мәтіндерінің функционалды қызметіне сәйкес мақсатты түрде пайдаланылады. Үшіншіден, мәтін композициясының тілдік құрылымдарын қысқа және ықшамды құбылыс ретінде стандарт, клише, шаблон үлгілерін қалыптастыруда хабарлы сөйлемдердің мүмкіндігі бар және сол құбылысты жүзеге асыруға әбден болады деп есептейміз.

Адамзаттың заңды тұлғаларға көбірек жазатын құжат түрлері: өтініш, арыз, талап арыз, сату-сатып алу сенімхаттары, қолхат тәрізді құжат жанрларының тілдік құрылымдарының қолданылу дәрежелері бірдей болып келмейді. Олар әр түрлі ресми түрде шештетін жағдайларға сәйкес құжаттар жанрларының ерекшеліктеріне сай қолданылады.

Хабарлы сөйлемдер қолданысы арқылы өтініш құжаттарына тән тілегін, қалауын білдіретін тілдік құрылымдардың шоғырлануы арқылы мәтін нысаны жасалады. Құжат мәтініндегі хабарлы сөйлемдердің қысқа монолог түрінде активтенуі арқылы сөйлем бойындағы логикалық ой-пікірдің тиянақты аяқталуы сияқты тиімді қасиетімен де тығыз байланысты. Соған орай құжаттар мәтіндері шағын және көлемді болып келеді. Шағын көлемді түрдегі мәтіндерге өтініш, арыз, қолхат, сенімхат, жеделхат, телефонограмма т. б. түрлері жатса, ережелер, нұсқаулар, келісімдер, шарттар көлемді мәтін түрлеріне жатады.

Құжат мәтіндері – күрделі құбылыс. Құжат мәтіндері нақтылы бір ақпараттар түрлерінің қайнар көздері десек, сол ақпарат таратудың негізгі қызметін атқарушы жай және күрделенген хабарлы сөйлемдер болып келеді. Құжат мәтіндерінде қолданысқа түсетін сөйлемдер негізінен белгілі бір лексикалық единицаның тізбегінен тұратын синтаксистік құрылымы бар, логикалық ой аяқталатын тұтас бірлік ретінде құрастырылуға тиіс. Себебі ілгеріде айтып кеткеніміздей, құжат заңдылығына сәйкес шағын мәтінді құжаттар (өтініш, арыз, жеделхат, телефонхат, факстер және т.б.) негізінен бір сөйлем қатарынан ғана құрылып келсе, бұйрық құжаттарының мәтіндері бірнеше пункттерге бөлініп келеді. Қызметтік хаттардағы сөйлемдер қатары бірнеше абзацтарға бөлініп ақпараттық-мазмұндық функцияларын атқарады. Мәтін шығармашылығымен айналысқан М.М.Бахтиннің «Дәстүрлі құрылымдық-семантикалық тұрғыдан қарағанда тұтас мәтін «құрылымдық-семантикалық бірлік» ретінде анықталады» - деген пікірімен келісуге болады. Өйткені құжат мәтіндерінің ерекшелігі мәтіннің құрылымдық-мағыналық тұрғыдан ұйымдастырылуы, оның құрылымының өзара байланысы және олардың бір-біріне әсер етуі тиімді боып саналады. Мағына мәтін құрылымын ұйымдастырылса, ал құрылым мағынасын көрсетеді. Мұндай талдау жасауда кез-келген мағыналық

компонент белгілі бір құрылымдық бірлік ретінде көрсетіледі. Мәтін мазмұны формалды емес, реальді мағыналық категорияларын айқындауға бағытталған. Іс қағаздар талабына сәйкес құжаттар мәтіні өндірістік қызметтердің негізгі реальді мағынасын, нақтылы мазмұнын беретін ұғымдар болып табылады.

Шағын және көлемді мәтіндердің болатындығын М.Р.Гальперин: «Текст как объект лингвистического исследования» атты еңбегінде «Текст - это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью, объектированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единств), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющее определенную целенаправленность и прагматическую установку» - деп атап көрсеткен. Қазақ тіл білімінде мәтіннің ұйымдастыру функциясы жайында ғалым Б.Шалабайдың айтқан пікірін атап көрсетуге болады: «Мәтіннің құрылуы төмендегі талаптарға жауап бергенде ғана жүзеге асады: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мағынаға (мазмұнға) және дер кезінде қабылдана алу мүмкіншіліктеріне ие болу, қарым-қатынас жасауды іске асыру».

Мәтін лингвистикасына қатысты зерттеулерде поэтикалық мәтінге талдау жасау бойынша Р.Сыздықованың, прозалық мәтін деңгейін синтаксистік бірлік ретінде қарастырған Б.Шалабайдың еңбектерін атауға болады. Соңғы уақытта мәтінді лексикалық-семантикалық ерекшеліктер тұрғысынан қарастырған Г.Рамазанованың, газет мәтінінің тілін салыстырмалы түрде зерттеген Б.Райымбекованың, газет мәтінінің прагматикалық функциясы тұрғысынан қарастырған Ф.Жақсыбекованың еңбектері жарық көрді.

Өндірістік орындарда, басқару саласында болсын немесе өмірдің қажеттігінен туған, адамдардың тілегін, ниетін көрсету қызметінде құжаттар жанрларында ақпарат беру формасындағы хабарлы құрылымдар аса маңызды стильдік қызмет атқаратын негізгі тенденция екені объективті шындық. Өтінуші өзіне қажетті тілегін, қалауын қатаң, тікелей талап етпей, тек таза өтіну мәнінде орындалуын сұрайтын құжаттар түрлерінде құрылымдық-мағыналық тұтас бірліктен құрылған конструкциялар мақсатты түрде қолданысқа түсетіні байқалып тұр. Мұндай семантико-синтаксистік тұтас бірліктен тұратын сөйлем түрлері - күрделі лингвистикалық бірлік болып есептеледі. Құжаттар мәтіндерінде берілетін мәліметтердің толықтығын, пікір-ойдың тиянақты аяқталу қызметіне қарай, ресми іс қағаздар стилінің нормасына сәйкес хабарлы сөйлемдердің тұлғалық және мағыналық құрылысын іс қағаздар тілінде өз алдына жеке қарамай, бүтін тұлға ретінде қарастыруды тиімді деп есептедік. Себебі құжат талабының заңдылығына сәйкес реальді шынайылықтар берілетін мәліметтер толықтығын талап етеді. Бұл жерде

толықтық аз сөздің көлеміне көп мағына сыйғыза алу қабілеттілігі. Соған орай, сөйлемге тән толық мазмұнды білдіру үшін тұлғасы мен мағынасы жағынан жеке-дара тұрғыдан емес, тығыз бірлікте қарау тиімді тәсіл.

Тіл білімінде хабарлы сөйлемдердің мағыналық-құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталған еңбектерге шолу жасай отырып, іс қағаздар тіліндегі хабарлы сөйлемдердің тұлғасы мен мазмұнының бірлігін анықтайтын және іс қағаздар стилінде стилистикалық қызмет атқаратын сөйлемнің семантико-синтаксистік түрлерін топтап, бөліп көрсетуді мақсат еттік.

Түрколог-ғалымдардың ішінде жай сөйлемнің тұлғасы мен мағынасы жағынан тығыз бірлікте сипаттаған ғалым И.Х.Ахматов болды. Ғалым жай сөйлем тұлғасын, мазмұнын және олардың бөлшектерін бөліп қарастырды. Автордың пікірінше, сөйлем мағынасы тұтастай алғанда оның бөлшектерінің мағынасынан құралады. Сөйлемнің мағыналық құрылысының өзіндік ерекшелігі бөлшектік жиынтығымен ғана емес, олардың қатынасымен, өзара байланысымен де анықталады деп атап көрсетеді. Мағыналық бөлшектердің арасындағы мағыналық қатынастарға да тоқталып, түрлі зерттеулерге және нақты тілдік фактілерге сүйене отырып, И.Х.Ахматов сөйлемнің мағыналық құрылысын, оның мағыналық бөлшектерінің өзара күрделі әрекетін, соның нәтижесінде ұйымдасқан және предикативтілік негізде берілетінін, негізгі міндеті хабар беру функциясын атқаратынын анықтайды. Автор «мағыналық бөлшек» деген терминнің өзі сөйлемнің мағыналық құрылысының құрамдас элементі екенін, сөйлемнің мазмұндық жағына жататынын, оның көрсеткіштері синтаксистік бөлшектер мен морфемалар болып табылатынын айтады. Мағыналық бөлшектер жүйесіне зерттеуші мыналарды жатқызады: субъект, предикат, объект, конкретизатор (нақтылаушы), атрибут. Көптеген лингвистердің пікіріне сәйкес И.Х.Ахматов та сөйлемнің мағынасын білдіруде предикаттың маңызын атап көрсете отырып, басқа бөлшектердің де рөлін жоққа шығармайды. Ал сөйлемнің құрылымы үшін де, мағынасы үшін де басты бөлшектер субъект пен предикат болып табылады.

А.Қайыров: «Екі құрамды сөйлемнің құрылымдық-мағыналық модельдері» атты диссертациялық еңбегінде бұл мағыналық бөлшектер сөйлемнің дәстүрлі синтаксистік құрылымына тән субъект-бастауышқа, предикат-баяндауышқа келсе, ал объект, конкретизатор, атрибут ұғымдарының баламасы ретінде толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш терминдерін қолданған.

Проф. Р.Әміров бұл терминдердің теориялық мәні туралы: «Тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан, құрылысы жағынан ұқсамай оны қайталамай тұра алмайды. Пікір әр уақытта екі мүшелі, ол субъект пен предикаттан құралады. Пікірдің осы екі мүшесіне сөйлемде бастауыш пен баяндауыш мүшелер сәйкес келеді» - деген.

М.Балақаев: «Сөйлемнің ұйымдастырушы орталығы бастауыш болып табылады. Бірақ, сөйлемде баяндауыштың атқаратын синтаксистік қызметі басым. Сондықтан баяндауыш сөйлемнің басты құрылымдық мүшесі болып есептеледі» - деп жазды.

К.М.Мұсаев: «Бастауышқа баяндауыш және анықтауыш тікелей бағынады. Баяндауыш арқылы толықтауыш пен пысықтауыш та бағыныңқы болып табылады» - деген.

Баяндауыш қызметі сөздің морфологиялық құралы, оның құрамындағы тұлғалардың конкретті мағынасы, әр сөйлемнің семантикасын нақтылайды. Предикативті қатынастың тиімді морфологиялық тұлғалар арқылы берілуі сөйлем семантикасының айқын болуына әсер етеді.

А.Н.Баскаков: «Қарақалпақ тіліндегі жай сөйлемді талдау барысында бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің орталық және негізгі мүшелері екеніне көз жеткізуге болады. Сөйлемде баяндауыш ерекше мәнге ие болады. Сөйлемнің барлық мүшелерінің элементтері қарақалпақ тілінде баяндауышқа шоғырланады».

Ал проф. С.Исаев бастауыштың баяндауышсыз сөйлем құрай алмайтынын, ал баяндауыштың бастауышсыз-ақ сөйлем құрай беретінін дәлелдей келе: «Сөйлемді әрдайым аяқтап, тиянақтап тұратын мүше - баяндауыш, сондықтан ол бастауышқа бір жақты түрде бағынып қана тұра алмайды, бағынуымен қатар өзара бағындырып та тұрады» - деп тұжырымдайды. Сонымен сөйлемнің мағынасы мен құрылысы жағынан өзара байланыстылық туралы ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, олардың тұлға мен мазмұнының бірлігінен құрылған күрделі құбылыс екенін, ал оның мағыналық бөлшектері (символдары) предикат, субъект, объект, атрибут, нақтылаушылар (конкретизатор). Бір-біріне бағына байланысқан бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын предикативтік қатынас мәні жағынан дербес, дара да грамматикалық тұлғалардың қызметтік жағынан бір-біріне бағынышты сөйлем мүшелері болады.

Сондықтан сөйлемдер басты синтаксистік тұлға және коммуникативтік грамматикалық дербестігі бар тұлға ретінде пікірді жариялау үшін субъект пен предикаттан құралады. Сөйлем пікірді хабарлайтын тұлға болған соң, пікірдің баламасы болып қалыптасады да, екі мүшелі бастауыш пен баяндауыш мүшелерін қатыстырып құралады. Бастауыш - пікірдің құрамындағы субъектінің баламасы, баяндауыш - пікірдің құрамындағы предикат мүше, субъектіге тән сапаны, қимылды, іс-әрекетті предикативті қатынас арқылы байланыстырады. Сонда ғана пікір құралады. Сонымен, пікір субъект пен предикат мүшелерінің қатынасынан құралады, басқа мүшелер субъект пен предикатты толықтырушылар. Пікір құрарда алдымен субъектіні қатыстыру, содан кейін предикатты қолдану, адамның танымдық талпынысына бағынышты болады. Соған орай, сөйлемді құрарда бастауышты атау, содан кейін баяндауышты

қатыстыру да осы танымдық, әрі коммуникативтік талпынысқа сай жүреді. Сөйлемнің құрылымдық ұйытқысы бастауыш пен баяндауыштан, солардың предикативтік қатынасы негізінде қалыптасады. Осы екі тұрлаулы мүшенің әрқайсысының сөйлемді қалыптастыруда, атқратын ерекше қызметі бар. Себебі сөйлемге тән информативтік толық мазмұнды білдіру үшін сөйлем құрамына тұрлаусыз мүше ретіндегі компоненттердің қатысуы жай пікірдің мазмұнын күрделендіреді. Тәуелсіз, дербес мағыналы сөйлемдер болу үшін субъекті мен предикат қимыл бағытталады толықтауышты, нақтылайтын пысықтауышты және атрибутивтік мәндегі анықтауышты талап етеді. Хабар беру мақсатында бір-бірімен грамматикалық байланыстағы лексикалық бірліктерден (сөздерден) құралып, ұйымдасқан тілдік құрылымдар (речевое построение) арқылы тиянақты аяқталған логикалық ойды білдіреді. Бұл аталған пікірлер жас ғалым А.Б.Қайыровтың диссертациялық еңбегінде басым, әрі әр қырынан терең зерттелген. Құрылымдық-мағыналық тұрғыдан құрылу тенденциясы бойынша А.Б.Қайыров: «Сөйтіп сөйлемнің мағыналық құрылысын жасайтын негізгі мағыналық бөлшектер жүйесіне субъект, объект, предикат жатқызылады. Ал атрибут пен конкритатор (нақтылаушы) қосымша мағыналық бөлшектер ретінде қаралады. Сөйлемнің мағыналық құрылысының басты бөлшегі предикат болып табылады. Ол қандай да бір ситуацияға, не предметке қатынасатын және сөйлемнің шын мәніндегі негізін құрайтын актив қимылды, не қалыптық белгіні көрсетеді. Синтаксистік семантика бойынша зерттеулерде анықталғандай, предикаттың түрлері оның мағыналық негізінде көрсетіледі. Мысалы, *...көтеріп алды – қимыл предикаты, ...құлдырыңдай жүгірді – қозғалыс предикаты, ...күле отырып, сүйсіне тыңдады – қабылдау предикаты, ...қайтыс болғанын айтып шықты, телетайппен хабарлады – сөйлеу предикаты, ...көбірек ойлады, ...бар жүрегімен, бар қиял-сезімімен шомған болатын – ойлау предикаты, ...өзі де іштей таңданатын, ...топтың алдына жалаңаш шыққандай қысылды – қалып предикаты, ...екі бөлмелі үйде апасымен ғана тұратын, ...бай ауылы Ұлықұм бойын жайлайтын - өмір сүру предикаты, ...бұлаңдап өскен Шұға дейтін қызы болды – болу не болмау предикаты» - деп мысалдар негізінде мағыналық тұрғыдан топтау арқылы көрсеткен.*

Осы пікірлердің негізіне жіті көз жүгіртсек, хабарлы жай сөйлемдерді мағыналық топқа жіктеп сипаттау мақсатында – біріншіден, жай сөйлемнің табиғатын ашып көрсету болса, екіншіден, жай сөйлемнің жалпы моделінің топталу құбылысын көрсету арқылы оларды мағыналық топқа (типологиялау процесі) жүйелеу арқылы сипаттаған. Мұндай пікірден шығатын ұғым – сөйлемдердің мағыналық жағынан анықталуы да, соңынан мазмұндық құрылысын жасау. Осыған орай, сөйлем құбылысын зерттеген синтаксис саласының ғалымдары С.Аманжоловтан басқа М.Балақаев, Н.Х.Демесінова, О.Төлегенов, Р.Әміров, Т.Сайрамбаевтардың және контекстен тыс жеке тәуелсіз, дербес мағыналы

сөйлемдер құрылымын қалыптастыратын қосымша мағыналық міндетті бөлшектер қызметінің ауқымды рөлін көрсеткен А.Ахматовтың, К.Мұсаевтың тұжырымдарымен келісе отырып, хабарлы сөйлемдердің іс қағаздар стилінде қолданыс процесінің ерекшелігін анықтауға тырыстық.

Келтірілген пікірлерді жинақтай отырып, біз өз жұмысымызды осы еңбектердегі негізгі тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, хабарлы сөйлемдердің іс қағаздар тілінде қолданыс ерекшелігін ежгей-тежгейлі қарастыруды мақсат еттік.

Құжаттың мәтіні – оның негізгі жауапты бөлігі болып табылады. Әрбір құжат мәтіндері - тілдік құралдар арқылы логикалық ой тиянақталатын нысан. Соған орай, мәтін құрылымдық-мағыналық сипатқа ие. Құжат мәтіндерінде жанрлық ерекшеліктеріне сай, өндірістік жағдайға байланысты тілдің белгілі бір тілдік құралдарын ғана пайдаланады. Құжат мәтінінде айтылған сөйлемдер құрамында ешқандай күдік, түсініксіз пікірлер болмай бәрі айқын баяндалуға тиіс.

Іс қағаздар тілінің күрделілігі оның көп жанрлы болып келуінде. Бір өтініштің өзі, өндірістік ситуациялық жағдайларға байланысты әр түрлі бағытта жазылады. Мәселен, жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру, кезекті демалыс сұрау, материалдық көмек, пәтер бөлу, балабақшадан орын алу, жалақы көтеру сияқты әр түрлі сапалық мағынасын білдіру қызметінде тілдік құрылымдар мақсатты түрде әлеуметтік мазмұндағы қызметті атқарады. Мұндай таза өтіну мәніндегі конструкциялар құрылымы, баяндау арқылы бірінші жақтан жекеше түрде септік жалғау нысанында құрылып, жіктелген етістік баяндауышты хабарлы сөйлемдер актив қолданысқа түседі. Мысалы:

*Мені кадастр бөлімінің бас маманы қызметіне қабылдауыңызды сұраймын.*

*Мені 1999 жылдың 10 шілдесінен бастап бағдарламашы қызметіне қабылдауыңызды сұраймын.*

Етістік баяндауыш бағыныңқы міндетті бөлшектерді (субъект, объект, конкретизатор, атрибут) өзіне қатыстырып, бағындыру арқылы сөйлемнің негізгі мазмұнын бейнелеп, нақты жеткізуге бағыттталып тұр. Құжат мәтінінде қолданысқа түскен сөйлем құрылымындағы сөздердің мағыналық және құрылымдық жағынан үйлесімді байланысу мүмкіндігінің сәйкестігі, мазмұндастығы. Сөйлемнің семантикалық ядросы ретінде, мұнда басты мағыналық рөлді атқарып тұрған етістік-баяндауыш. Құжаттағы мәтін құрамындағы сөйлем мазмұны тізбекті құрылым болғандықтан, етістік предикаттары объектіден басқа мағыналық құрылысының келесі бөлшектері нақтылаушы (конкретизатор) және атрибут болып табылады. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірі бойынша конкретизаторлар түрлері дәстүрлі түрде мезгіл, мекен, мақсат, қимыл-сын, себеп деп мағыналық топтарға бөлінеді. Мысалдағы конкретизатор ең алдымен предикатпен, яғни, баяндауышпен байланыста болып тұр. Объектілік бөлшектен ерекшелігі, предикаттық

белгіге нақтылаушы қосымша сипаттарды білдіретін маңызды қызмет атқарып, сөйлем мағынасын айқындап тұр. Құжат мәтінде бұл мағыналық бөлшек бастапқы мезгіл кезеңін нақтылау (1999 жылдың 10 шілдесінен бастап) қызметін атқарып тұр.

Сөйлемнің мағыналық құрылысының келесі бөлшегі - атрибут. Атрибут - бұл өтініш түрінде объектімен (*бағдарламашы, кезектен тыс*) байланысып тұр. Атрибуттың басқа мағыналық бөлшектерден ерекшелігі - ол негізінен субъект, объект, не басқа бір атрибутпен байланысады да, басты мағыналық бөлшек предикатпен тікелей байланысты атқара алмайды деп есептеледі. Іс қағаздарының заңдылығы бойынша, негізінен атрибуттар құжаттар мәтіндеріндегі сөйлемдер құрылымдарына нұсқан келтірмей, керісінше, негізгі мазмұн желісін айқындау мақсатында қолданылады. Анықтауыштық қатынастағы мүшені алып тастау мүмкін емес сөйлемдер болмауы немесе жиі кездесуі – бұл логикалық ой-пікірдің толық берілуіне ықпал етеді. Егер осы құжат мәтіндеріндегі сөйлемдер құрылымындағы *бағдарламашы, кезектен тыс* деген атрибутивтік бөлшектерді қолданбасақ, онда информативтік толық мазмұнды сөйлем түрлерінде қолданысқа түсе алмас еді. Сондықтан құжаттар мәтіндерінде сөйлемнің мағыналық құрылысын толық құру, атрибутивтік бөлшектердің де белгілі бір дәрежеде қызмет атқаратынын көрсетеді. Демек атрибут та да - семантикалық субъект, объект, конкретизатор мағыналық бөлшектермен сөйлем құрылымында іс қағаздар стиліне тән мағыналық толықтықты, нақтылықты қамтамасыз ету мақсатында міндетті бағыныңқы бөлшегі ретінде қабылдаймыз. Мұндай тұжырымдардан шығаратын пікір, етістік-предикат сөйлемнің мағыналық және тұлғалық құрылысын құруда, оның құрамын кеңейтетін күші, қабілеті бар екендігі күмән туғызбайды. Себебі, етістік табиғаттағы сан алуан құбылыстар, түрлі іс-әрекеттер мен қимыл процестерді білдіретін күрделі сөз табы. Оның күрделілігі грамматикалық мағынасының жан-жақтылығымен, синтаксистік қызмет аясының кеңдігімен және категорияларының көптігімен айқындалады.

Етістіктің тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін жан-жақты талдаған ғалым А.Ысқақов былай деп жазды: «Етістік - тіліміздегі сөз таптары ішінде ең күрделі және ең қарымды грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексико-семантикалық сипатымен, бай лексико-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты. Етістіктің лексико-семантикалық сипатының мейлінше өрісті болатын себебі - ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасында туатын, неше алуан амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты процестерге қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Етістіктің лексико-грамматикалық формасының бай болатын себебі - ол формалар амал-әрекеттің болу мезгілін, жүзеге асу кезеңін және олардың өту сипатын, яғни бағыты,



қарқыны тәрізді жайларды бағдарлатады. Демек етістік формалары осы және олардан өзге әр түрлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етеді» - десе, проф. Н.Оралбаева етістіктің тіркесімділігі, сөйлемдегі рөлі туралы пікірінде: «Тілімізде етістік өте жиі қолданылады. Құрамында етістік жоқ сөйлемдер сирек кездеседі. Етістік сөйлемнің ұйтқысы, оның өз маңына басқа сөздерді ұйымдастыру қабілеті күшті. Сөйлемде етістік болса, ол етістік аталған қимылдың жасаушысы, қимылға түсетін зат, қимылдың жасалған орны мен мерзімі, қимылдың қалай жасалғаны сияқты оған қатысты түрлі мағыналарды білдіру қажеті туады. Бұл сөйлемнің құрамына әсер етеді, сөйтіп бірден етістіктің ұйытқы қызметі көрінеді».

С.Аманжоловтан басқа синтаксис саласының ғалымдары М.Балақаев, Р.Әміров, Т.Сайрамбаев, О.Төлегенов, Қ.Есенов, Н.Демесіновалар да сөйлем құрудағы басты қатынас предикативтілік қатынас деп есептеді.

Сөйлемнің семантикалық ядросы ретінде етістіктердің мағынасына қарай топтау құбылысын зерттеген А.Хасенова, А.Ысқақов, Ы.Маманов, М.Оразов, Қ.Қасабекова, Б.Қасымова сияқты ғалымдардың және етістіктің аналитикалық формасының құрылысы мен мағыналық реңкін жан-жақты талдаған проф. Н.Оралбаеваның еңбектері бар. Олар қандай да бір ситуацияға, не предметке қатысты және сөйлемді шын мәніндегі негізін құрайтын актив қимылды, не қалыптық белгіні көрсететінін дәлелдеді. Соған орай, етістік-предикаттың семантика-грамматикалық түрлері, сөйлемді мағыналық жағынын бөліп топтастыруға негіз болады. Бұл ретте екі құрамды жай сөйлемдердің модельдері арқылы әрі тұлғалық, әрі мағыналық жағынан топтаған А.Қайыровтың диссертациялық еңбегін атауға болады.

Демек іс қағаздар тілінде қолданысқа түсетін хабарлы сөйлемдердің мағыналық құрылысы предикат пен оның міндетті мағыналық бөлшектерінен құралады (субъект, объект, конкретизатор, атрибут). Құжат мәтіні лексикалық единица тізбегінің жиынтығынан тұратын, тілдік құралдардың шоғырлануы жағынан белгілі бір мәтіндік құрылысы бар нысан ретінде – құжат мазмұнының жауапты бөлігі болып табылады. Себебі құжат мәтіні құрылымдық-мағыналық жағынан ұйымдастырылуы, олардың бір-біріне әсер етуі. Өйткені мағына мәтін құрылымын ұйымдастырса, ал құрылым мағынасын өзгертеді. Сондықтан кез-келген мағыналық компонент белгілі бір құрылымдық бірлік ретінде көрсетіледі. Мәтін мазмұнын беретін ұғымдар өзіне бағынатын тілдік категорияларды тәуелді етеді. Мұндағы қолданысқа түскен сөйлемдерде ешқандай түсініксіз пікірлер болмай бәрі де айқын баяндалуға әсер етеді. Өйткені құжат мәтінінің түсініктілігі - ой мен тілдің бағыты дұрыс қабыса отырып, белгілі бір мағынаның құрылымдық бөліктерімен өзара дұрыс сәйкестенуі, мазмұндастығы заңды құбылыс. Сондықтан, іс қағаздар тіліндегі сөйлемнің құрылысы мен мағынасы жағынан өзара байланысты тілдік бірлікте қарастырудың маңызы зор. Жоғарыда айтып кеткендей, іс

құжаттарының стилі дәлдігімен, қысқалығымен, тұжырымдардың екіұшты болмай, дәл орындалуға бағытталып, логикалық ой аяқталған, информативтік толық мазмұнды синтаксистік құрылым ретінде қолданысқа түсіп, ақпараттарды нақты жеткізетін процестерді атқарады. Мәтін құрамындағы сөйлемдердің тұлғасы мен мағынасының бірлігінен құралған күрделі тілдік құрылымдарды қолдану - құжат сапасының толықтығын, анықтығын, дәлдігін қамтамасыз етеді.

Осы тұжырымдарға байланысты құжат мәтіндеріндегі құрылымдардың предикатив арқылы мағыналық топталуының потенциалды мүмкіндігін (өтіну, сеніп тапсыру, қабылдап алу, келісім процесі) байқауға болады. Мысалы,

*Сізден университеттің жатақханасынан бір бөлмелі пәтер беруіңізді өтінемін.*

*Қазақ ұлттық техникалық университетін бітіруіме байланысты мені өткізу бөлімінің инженері қызметіне ауыстыруыңызды сұраймын.*

Мұндай өтініш мәніндегі хабарлы сөйлемдер іс-әрекеттің орындалуын өтіну, сұрау арқылы жеткізіп тұр.

Өтіну тобына мағыналық жағынан ұқсас болып келетін арыз құжаты. Арыз - адамның бір ұйымға немесе заңды тұлғаға өзінің құқықтыры мен мүдделерін іске асыру немесе қорғау үшін өтініш білдіретін құжат түрі. Өтініш тәрізді арыздың да мақсаты - адамның қалауын, ниетін білдіреді. Мәселен, өтіну тобына мағыналық мәндерімен ұқсас арыз құжатында қолданысқа түсетін сөйлем құрылымдары да жатады.

*№138 поштаның жеткізу бөлімінің  
меңгерушісі Л.И.Малаховаға  
Алматы қаласы  
Орбита – 1 шағын ауданы  
38 үй, 2-пәтерде тұратын  
Сорокин Борис Петровичтен*

**АРЫЗ**

*136 абонент жәшігін менің атыма жалға сақталуын 2000 жылдың екінші жартысына ұзартуды сұраймын.*

*12.04 2000 жыл*

*Жеке қолы*

*№ 138 поштаның жеткізу  
бөлімінің меңгерушісіне  
Алматы қаласы,  
Мұстафин көшесі, 28-үй,*

*13-пәтерде тұратын азамат*

*Ғалымбеков Ерғали Смағұлұлынан*

*АРЫЗ*

*Менің № 0000 жеке есеп шотымды ұлым Ғалымбеков Қайрат Ерғалиұлының атына аударуыңызды сұраймын.*

*Алматы қаласы, 2000 жыл 18 наурыз.*

*Жеке қолы*

Көріп отырғанымыздай, арыздардың формасы өтініш формасымен салыстырғанда синтаксистік құрылымдары көп өзгеріске түспейді. Керісінше, құрылымдық-мағыналық жағынан ұқсас болып келеді. Бұл құрылымда жіктік жалғаулы предикат позициясы сөйлем мазмұнын толық білдіру мақсатында өз құрамына табыс септігіндегі (*жәшігін жалға сақталуынұзартуды*) және мезгілдік нақтылаушы (*2000 жылдың екінші жартысына*) міндетті бөлшектерді қатыстырады. Жолдаушы - субъектінің аты-жөні шығыс септігін қабылдауы арқылы нақты көрсетіліп, іс қағаздарының заңдылығы бойынша құжаттың жоғарғы оң жақ бұрышында жазылады. Белгілі қимыл субъектісі тәуелдік жалғауының III жағынан кейін табыс септігі арқылы берілетін объект, ілік септік тұлғалы мезгілдік нақтылаушы, жекеше септеліп бірінші жақтан баяндалған етістік тұлғасы сұрау, өтіну предикаты арқылы жасалып тұр. Субъект - өтінушінің объект - адресаттан белгілі бір қалауының себебін, мақсатын түсіндіріп сұрауы арқылы атқарып тұр. Демек өтініш, арыз құжаттарындағы қолданысқа түсетін құрылымдар мағыналық және құрылымдық жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Соған орай, құжаттар мәтініндегі хабарлы сөйлемдердің құрлысындағы негізгі және қосымша мүшелерді ескере отырып, басты негізге предикатты алу арқылы мағыналық жағынан өтіну, сұрау тобына жіктейміз. Мәтіндегі қолданысқа түсетін мұндай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық жағынан жіктелініп бөлінуі, тілдік құрылымдардың қажетті үлгідегі қалыптасқан құжат мәтініне тән стандартты тілдік құрылымдарын қалыптастырады. Хабарлы сөйлемдердің бұлайша топтастырылуы, әр құжаттың мақсаттары мен міндеттеріне қарай мәтін құрылымдарын тұлғалық-мағыналық жағынан жүйелеп, жіктеп алуға мүмкіндік береді. Мұндай құрылымдар ақпарат процестерінің тез құрылуына, дайын стандартты тілдік құрылымдардың қалыптасуына әсер етеді.

Іс қағаздар стилінде қолданысқа түсетін хабарлы сөйлемдердің өзіндік қолданысымен ерекшеленетін тағы бір түрі - сенімхат. Сенімхат - құжат иесі басқа біреуге бір істі атқаруға өз атынан оның құқығын пайдалануға рұқсат беретін құжат түрі. Сенімхатты ақша түрлерін алу

үшін пайдалануға болады: жалақы, зейнетақы, алимент, ақша аудару т.б. Сондай-ақ, сатып алу-сату, үй ауыстыру, басқару, сыйлық алу, автокөліктерді сату, ауыстыру т.б. операциялар түрлері сенімхат арқылы жүзеге асырылады. Мұндай қызметті атқаратын сенімхат мәтіндеріндегі хабарлы сөйлемдер де өзіндік қолданысымен ерекшеленеді. Бұл құжат түрінде предикативтік белгінің актив қимылының, не қалпының жасаушысын білдіретін предмет түрінде қолданысқа түсетін субъекті (жанды иесі) міндетті түрде көрсетіледі. Мұндай нақтылық жөнінде Н.М.Шанский, В.Д.Бондалетов, С.С.Вортапетовалардың пікірінше: «В некоторых жанрах делового стиля используются особые приемы уточнения. Например, в автобиографии после слов я, мой отец, моя мать требуется указать фамилию, имя, отчество. В деловых текстах при замене одного наименования предмета другим на это специально указывается. Например: Иванов Петр Александрович, в дальнейшем именуемый «ответчик», и Иванова Тамара Георгиевна, в дальнейшем именуемая «истец» ... ». Себебі сенімхат құжатының талабына сай, біріншіден, сенімхат иесінің аты-жөні, қызметі (қажет жағдайда) және мекенжайы, екіншіден, сеніп отырған адамның аты-жөні, оның қызметі немесе мекенжайы, сондай-ақ, жеке басын куәландыратын құжаттың (куәліктің) нөмірі, кім бергені, қашан бергені жөніндегі мәліметтер міндетті түрде көрсетіледі. Сенімхат құжаттарында субъектіні белгілеу үшін кез-келген есім сөздер жұмсала бермейді. Негізінен ұйым, адам атауларына қатысты жалқы есімді жақты сөйлемдер қолданысқа түседі. Құжаттар талабына сай информативтік толық мазмұнды мәліметтерді білдіру үшін, мағыналық жағынан тәуелсіз болу үшін, сөйлем құрылымы күрделеніп кеңейтіледі. Өз құрамына басты бөлшектерден басқа (субъект-предикат) бөлшектерді (объект, нақтылаушы, атрибут) сөз тұлғаларын қосу міндеттілігі туады. Іс қағаздар жанрларының бұл түрлерінде бір мүшенің мағынасын сөз немесе сөз тіркесі арқылы айқындап, дәлелдеп түсіндіретін айқындауыштық мүшелер қолданысқа түседі. Себебі кез-келген құжаттан бір реальді шынайылықты және онда берілетін мәліметтер толықтығын талап етеміз. Бұл жерде толықтық аз сөздің көлеміне көп мағына сыйғыза алу мүмкіндігі. Іс қағаздар тіліне тән толық мазмұнды білдіру үшін тұлғасы мен мағынасы жағынан бір-біріне қайшы келмей, тығыз бірлікте болуы іс қағаздар стиліне тән заңдылық. Бұл құрылым предикат пен субъектіден құрылған предикативтік тізбек пен оны күрделендіруші бөлшектерден тұрады. Ал дәстүрлі грамматикада субъект, әдетте, баяндауыш арқылы анықталатын белгі, предмет ретінде қаралады. Іс қағаздар жанрының бұл түрінде субъектіге қосарланып, дәлелдеп, түсіндіретін айқындауыш, өзінің айқындап тұрған мүшесінің тұлғасында тұрып, соның қызметін атқару арқылы сұраққа жауап беріп тұр. Мұндай қолданыстағы хабарлы жай сөйлемдер жекеше септеліп, бірінші жақтан баяндалып, предикативтік мағынасына қарай сенім білдіру тобына жатады. Мысалы:

*Мен, Нұрғожина Шарбан Ысқаққызы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе*

*университеті философия факультетінің аға лаборанты Мүсірепова Айшүрек Оспанқызына деканатқа тиесілі кеңсе заттарын алуына сенемін.*

*Мен, Мақұза Жұмаділқызы Шаяхметтова, Алматы технологиялық техникумынан менің 1994 жылғы ақпан айындағы жалақымды алуды Айжан Уәлиқызы Ердаулетоваға сеніп тапсырамын.*

Сенімхат құжаттарындағы қолданысқа түсетін бұл сөйлемдердің айқындауыштық мүше мағыналық құрылысының маңызды бөлшегінің бірі ретінде қаралады. Себебі құжат мәтініндегі маңызды мәселелер бірінші жақтан баяндалып тұрғандықтан, кім екендігін қалайда жазу қажет болады. Субъект сөзі айқындауышсыз берілген жағдайда құжат мәтініндегі сөз тұлғаларының мағыналық түрлері, яғни мазмұнының нақтылығы айқындалмай қалады. Мысалы,

*Мен, Әзірбеков Нұрлан, әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университеті, заң факультетінің 3-ші курс студенті, Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 10/40 пәтерде тұратын Серік Капаровқа мамыр айының маған тиісті стипендиясын алуына сенім білдіремін.*

*Мен, азамат Өспенбаев Жәнібек жеке басының куәлігі (паспорт 6009157) мекенжайым: Алматы қаласы, Дөнентаев көшесі 19, Алматы қаласы Торайғыров көшесі, 42 пәтерде тұратын азамат Рақымбаев Өтеген Рымбайұлына Алматы қаласы, Дөнентаев көшесі 19, мекенжайындағы пәтерімді жекешелендіруге сенім білдіремін.*

Сөйтіп, жоғарыда сипатталғандай құжат мәтіні белгілі бір лексикалық единица тізбегінен тұратын синтаксистік құрылымы бар, логикалық ой аяқталатын тұтас бірлік ретінде негізгі және күрделендіруші бөлшектердің жиынтығынан тұратын кешенді мәтін. Бөгде біреуге бір істі атқаруға немесе сеніп тапсыру мақсатында қолданылатын құжат мәтініндегі хабарлы сөйлемдер, субъектінің іс-қимылының жағдайын білдіре отырып, контекстен тыс, жеке тәуелсіз дербес мағыналы сөйлемдер ретінде белгілі іс-қимыл процесін атқарып тұр. Құжат мәтінінің мазмұны тізбектік құрылым болғандықтан негізгі іс-қимыл процесін орындаушы, етістік предикатын кеңейтуші бөлшектердің міндеттілік дәрежесі де әр түрлі болады. Бұл қолданыстағы жай сөйлемдер предикат мағынасына қарай сенім білдіру тобына жатады. Құжат мәтініндегі субъект қимылдың жанды иесінің атауын қосымша айқындап тұрған айқындауыш та сол бастауыштың қызметінде тұрып, *(Мен, Әзірбеков Нұрлан)* қолданысқа түсуі іс қағаздарының тән заңдылық деп есептейміз. Іс-әрекеттерді орындауға өзіне үлкен жауапкершілік жүктейтін қолхат, сенімхат құжаттарында міндетті түрде субъектіні - нақты көрсету үшін синтаксистік тұлғалардың жиынтығы *(Мен, Әзірбеков Нұрлан, әл-Фараби атындағы...)* жұмсалып тұр. Ол тұлғалардың жұмсалуды субъект предикаттық қатынастың түріне байланысты болып тұр. Мұндағы басты мағыналық түрін айқындайтын мағыналық бөлшек - қимыл *(жекешелендіруге сенім білдіремін)* предикаты. Сөздің мағынасына сай, сөз қатыстыра алатын қасиетіне сәйкес қимыл субъектісі мен қимыл

бағытталатын объектінің болуын талап етіп тұр. Сөйлем мазмұнын анықтап, мағыналық түрлерін айқындау үшін, сөйлемнің мағыналық құрылысының маңызды бөлшегі меңгерілетін толықтауыш мағынасындағы объекті (*Серік Қапаровқа*) мен мекен-нақтылаушы (*Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 10/40 пәтерде тұратын*) түрлерін қалыптастыруы арқылы қажетті айқындық мағынаға ие болған. Сөйлемнің мағыналық құрылысының басты бөлшегі предикат - актив қимылды, не қалыптық белгіні көрсетуі арқылы, мағына негізінде сенім білдіру тобына жатады. Бір-бірімен грамматикалық байланыстағы лексикалық бірліктерден (сөздерден) құралған синтаксистік құрылымы бар күрделі бірлік ретінде құжаттың негізгі деректемесі мәтінді жасап тұр.

Сенімхат ұйымдар тарапынан өз қызметкерлеріне де беріледі. Бұл жағдайда сенімді өкілге қандай құқықтар берілетіні дәл көрсетіледі.

Мысалы, *«Балқаш» сауда үйі Қарағұлов Ерік Бекешұлына, жеке куәлігі № 000368920, 1996 жылы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы ІІМ берген, жүргізуші куәлігі АА № 1026115, «Тайота» маркілі автомашинаны, двигателі № 1М 813772, шасси ІМЗ - hv 123807, мемлекеттік № Phj 02113, түсі - ақшыл сары, жүргізуді сеніп тапсырады.*

Мәтін мазмұны күрделенген тізбектік құрылым түрінде, баяндау үлгісі бірізді болып келген. Мәнді де басты мәселелерін көрсету мақсатында маңызды бөлшектерді белгілеу үшін, заңды субъектіні білдіру үшін жалқы есімдер белгілі бір синтаксистік тұлғалардың жиынтығы (*«Балқаш» сауда үйі ..., ... Қарағұлов Ерік Бекешұлына ..., ... "Тайота" маркілі автомашина*) жұмсалып тұр. Субъектінің объектіге тікелей әсерін білдіретін (*сеніп тапсырады*) предикат мағынасы бойынша барыс, табыс тұлғасындағы (кімге, неге) объектілерді сұрыптауды қажет (*... Қарағұлов Ерік Бекешұлына, «Тайота» маркілі автомашинаны ...*) етіп тұр. Бұл қолданыстағы құрылымдар қимыл иесінің (жанды, жансыз) іс-әрекеті ең алдымен тура объектіге бағытталып, оны нақты атап көрсетіп тұр. Мұндай қолданыста барыс, табыс жалғаулары түсірілмей қолданылуына ықпал жасайды. Құжат талабының заңдылығына сәйкес міндетті түрде көрсетілетін меншіктілік тәуелдік жалғаулы (*куәлігі*) сөзбен байланыста болады. Себебі тәуелдік жалғауы - зат есімнің тәуелдік категориясының қосымшасы (*жеке куәлігі № 000368920, двигателі № ІМ 813772, шасси ІМЗ - hv 123807, ...*). Міндетті түрде көрсетілетін меншіктілік, тәуелдік жалғауы, ілік жалғаулы сөзбен байланысты болуы арқылы қолданысқа түсіп тұр. «*... 1996 жылы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы ІІМ берген*» тізбектік топ өткен шақ формасындағы есімше тұлғалы оралым қолданысы, мезгілдік нақтылаушы қызметін атқарып тұр. Ақиқат мәліметтердің толықтығы мен оның мәнді мәселелерін қажет ететін жақтарын айқындау мақсатында атрибутивтік бөлшек те (*ақшыл сары*) маңызды дәрежеде қызмет атқаратындығын байқаймыз. Демек құжат мәтіндері толық аяқталған мазмұнды нысан болып келеді. Әрбір мәтін - құрылымдық-семантикалық сипатқа ие. Негізгі пікір субъект пен предикат мүшелердің

қатынасынан құралып, құжат мәтіндеріне тән информативтік толық мазмұнды білдіру үшін тұрлаусыз мүшелер ретіндегі міндетгі компоненттер, пікір құрамын молайтып күрделендіреді. Сөйтіп, мағыналық бөлшектер тізбегін қатыстыру қабілеті қандай да бір ақиқат шындық туралы хабарды, ақпараттарды толық аяқтап, контекстен тыс ойды тиянақтайтын тәуелсіз, дербес құрылған мәтін композициясы.

Іс қағаздар тілінде өзіндік қолданысымен ерекшеленетін тағы бір құжат түрі - қолхат. Қолхат – кез келген зат (ақша, тауар және т.б.) қабылдап алғанын растайтын құжат түрі. Сенімхат тәрізді қолхат мәтінінде де қолхат берушінің қызметі (қажет жағдайда), аты-жөні, алған заттың мөлшері, көлемі, атауы және кімнен алғаны жөніндегі мәліметтер толық көрсетіледі. Қолхат - сенімхат мәтіндерінің құрылымымен ұқсас болып келеді. Сенімхат мәтіндеріндегі пікірдің мағыналық бағыты сеніп тапсыру бағытында болса, ал қолхат та, керісінше, қабылдап алу түрлері көрсетіледі. Соған орай, қолхат мәтінінің мағыналық позициясын негізге ала отырып, осы құжат түріне сәйкес құрылымдар түрі іріктелініп, қолданыс қызметінің ерекшелігі көрсетіледі. Негізгі ситуация қабылдап алу әрекеті болғандықтан, құрылысы жағынан да тұлғалық мүшелер де сәйкес келуге тиісті. Қолхат мәтіні синтаксистік құрылымдық жағынан сенімхат мәтіндеріне композициясы мен сөйлем құрылымдары жағынан ұқсас болып келеді де, ал мағыналық реңдер жағынан бір-біріне қайшы. Мысалы,

*Мен, «Сыйлықтар» дүкенінің балалар ойыншығы бөлімінің меңгерушісі Райымбекова Алмагүл Хасанқызы, азамат Васильев Игорь Юрьевичтен 568 (бес жүз алпыс сегіз) теңге тұратын «Ковбой» электронды ойыншығын, бөлімге тауардың түсуіне қарай сол мөлшердегі басқа тауарға айырбастап беру үшін қабылдап алдым.*

Қимыл субъектісі атау тұлғалы есім сөз, үйірлі мүше арқылы тұлғалардың атауымен бірге дәрежесін, лауазымын айқындап тұр. Шығыс септік тұлғасымен берілетін объект-адресат, табыс септік тұлғалы объект мезгілдік нақтылаушы арқылы мақсаттық бағытта қабылдап алу предикатымен жасалған. Етістік-предикат мағынасына қарай сараланып, мағыналық түрін айқындайтын басты бөлшек - қимыл предикаты (қабылдап алдым) болады. Өйткені өзінің мағыналық қасиетіне сәйкес қимыл субъектісі, қимыл бағытталаатын объектінің болуын талап етеді. Сөйтіп құжат мәтіні сөйлем құрылысы - қимыл предикаты, қимыл субъектісі, қимыл объектісінен сандық, мезгілдік, себептік нақтылаушы бөлшектерден құралады. Шағын көлемді мәтін құрамындағы басты бөлшек, предикативтік қатынас арқылы қабылдап алу процесі субъектіге тән қабылдап алу қимыл иесін белгілеп тұр. Мұндағы синтаксистік құрылымдардағы субъект сөздердің белгілі синтаксистік тұлғаларының жиынтығы арқылы, өзін айқындау арқылы, предикат мағынасымен мазмұндас болып тұрғанын байқаймыз. Оның мағыналық негізінде көрсетілуі, әрине, қабылдау предикаты - қабылдау субъектісін

қатыстыруды мақсат етіп тұр. Құжат мәтініндегі пікірлер субъект пен предикат мүшелердің қатынасынан құрылса, басқа мүшелер айқындап толықтырушы қызметін атқаруға бейім тұрғанын байқаймыз.

Сөйтіп етістік предикаттар өндірістік басқару саласының ситуациясына сәйкес семантика-грамматикалық түрлерінің сан-алуандығы сөйлемнің мағыналық түрлерін бөліп топтастыруда негіз болады. Сонымен жеке құжаттар жанрларына жататын өтініш, арыз, сенімхат т.б. түрлерінде предикаттық позициядағы етістіктер өзінің мәні мен мағыналық сипаты жағынан бірнеше топтарға бөлінеді. Олар: сеніп тапсыру, өтініу, сұрау, қабылдау, алу т.б. түрлеріне топталуға болатынын байқаймыз

Байқап отырғанымыздай күнделікті өмірдегі қажеттіліктен туған жағдайда, адамдардың заңды тұлғаларға жиі жазатын құжат түрлері: арыз, өтініш, сенімхат, қолхат, тапсырма хат тәрізді түрлі формалары болады дедік. Мұнда заңды тұлға өзінің құқықтары мен мүдделерін іске асыру үшін немесе қорғау үшін іс-әрекетті өз міндетіне алу құқығын пайдалануға рұқсат беру тәрізді процестерді іске асырады. Адамның қалауын, ниетін, тапсырмасын, өтінішін білдіру қызметінде, хабарлы сөйлемдердің іс қағаздар тілінде қолданылуы өнімді тәсіл болып есептеледі.

Мәтін құрамындағы сөздер, грамматикалық құрылымдар қызметі толықтық, қысқалық, тұжырымның екіұшты болмауы тәрізді талап тұрғысынан қызмет етеді. Сондықтан, құжаттардағы берілетін ақпараттардың мазмұндары, сол мазмұнды бейнелейтін тұлғалық құрылым құралдарымен сәйкестеніп, шарттасып жатуы керек. Осы тұрғыдан сөйлемнің синтаксистік құрылысы мен мағыналық жағын бірлікте қарауды мақсат еттік. Өйткені дәлдік, толықтық, қисындылық, қысқалық құрылым мен мағынаның бірлігі жақтарының өзара ұштасуынан туындайтын құбылыс.

қағаздар тіліндегі кейбір грамматикалық категориялардың синтаксистік ерекшеліктері

Қазақ әдеби тіліндегі іс қағаздар стиліне грамматикалық ерекшеліктер де тән болып келеді. Іс қағаздар стилінің грамматикалық ерекшеліктері туралы айтқан кезде, оның морфологиялық сипаты туралы мардымды тілдік фактілердің өте аз екендігін ескерткіміз келеді. Морфологиялық көрсеткіштер тілдің басқа салаларының элементтері сияқты стилистикалық бояуға ие бола алмайды, стилистикалық қызмет атқаруы да сирек кездеседі. Морфологиялық категориялар әдеби тілдің функционалдық стильдерінде бейтарап сипатта келеді. Функционалдық стильдердің барлығы морфологиялық формаларды қанша қолданса да, оларға айдар тағып, сол стильдің морфологиялық ерекшелігі деп айту өте қиын. Дей тұрғанмен іс қағаздар стиліне тән бірлі-жарым морфологиялық ерекшеліктердің бар екендігін іс қағаздар құжаттарының тілін зерттеу барысында анықтадық.

Өзіндік сыр-сипатқа мол сала - әр стильдің синтаксистік мүмкіншілігі. Іс



қағаздар тілінің құрамында өзінің қасиеті мен қоғамдық белгілеріне байланысты әр түрлі морфологиялық және синтаксистік категорияларды кездестіруге болады. Іс қағаздар стилі сан алуан мақсат-міндеттері мен қоғамдық қызметіне сәйкес ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі стильдерінен ерекшеленеді. Өйткені ауқымды қоғамдық қызметі мен қатар басқару қызметінің негізгі бір саласы ретінде құжаттар арқылы фактілерді, оқиғаларды, қоғам өміріндегі құбылыстарды тарататын ресми іс қағаздар құралдарының стилі. Соған орай, іс қағаздар стилінде құжаттар жанрының алуан түрлілігіне байланысты синтаксистік құрылымдардың әр түрлі формалары қолданысқа түседі. Мұнда (ережелер, бұйрықтар, хаттамалар, жарғылар, арыздар, т.б.) күрделенген сөйлем түрлері, жақсыз сөйлемдер, бірыңғай мүшелі сөйлемдер, сондай-ақ, анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері көптеп кездеседі. Кез-келген құжаттар жанрларының түрлерінде стилистикалық, ерекше амал-тәсілдері мен синтаксистік құрылымдар кездесуі мүмкін. Тіпті өзінің қызмет ету ерекшеліктеріне қарай бір ғана өмірбаян мен баптардың немесе сенімхат пен хаттамалардың стилі мүлдем әр түрлі болып келеді. Біреулерінің стилі қысқа әрі нұсқа болып келсе, екіншілерінікі, біртұтас мазмұнда байланысқан мәтінде бірнеше шешім, тұжырымдар, бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтарға бөлініп келуі арқылы ерекшеленіп отырады.

Мазмұны мен құрылысына сәйкес мүлдем әр алуан синтаксистік құрылымдардың ұшырасуы - осы стильдің негізгі ерекшелігі болып табылады. Бірақта іс қағаздар тілінің синтаксистік құрылысы деген ұғымды қазақ әдеби тілінің синтаксистік құрылысынан бөлек құбылыс екен деп қорытпау керек.

~ік құрылымы~ басқа салаларында жазба тіліміздің, соның ішінде іс қағаздар тілінің синтаксистік құрылысы да ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің жалғасы ретінде үнемі дамып, өзгеріп отыратыны белгілі. Сондай-ақ, өзінің атқаратын қызметіне лайық іс қағаздар тілінің жанрлық жағынан ерекшеленіп, саралануы оның синтаксистік құрылысының дамуынан да көрінеді.

## **II ГРАММАТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКАНЫҢ ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

### **2.1 У тұлғалы қимыл есімнің іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктері**

Іс қағаздар стиліне бейім келетін морфологиялық тұлғалардың бір түрі -у тұлғалы қимыл есімі. –У тұлғалы қимыл есімдер ереже, қаулы, жарғы т.б. мәтіндерінде молынан қолданысқа түседі. Мәтін композициясын ұйымдастыру мақсатында тармақталып келген мәліметтер тізбесін құратын –у тұлғалы қимыл есім сөйлем құрылымының соңында келеді. -У тұлғасының мәліметтер тізбесінің соңында келуі, оның қалыптасқан стандартты құрылымдар құруына

әсер етеді. Тармақталып берілетін заң, ереже, қаулы-қарарларда -у формалы етістіктің өлшеусіз қызмет атқаруы, құжат мәтіндеріндегі негізгі ойдың логикалық жүйелігін сақтай отырып, мәнді де басты мәселелерін көрсетуге мүмкіншілік жасайды. Ереже, заң, қаулы тармақтарының соңында -у тұлғалы форманың қайталанып келуі, құжаттағы берілетін ақпараттардың сатылы, жүйелі түрде берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай -у тұлғалы баяндауыштық формадағы құрылымдар қолданысының стилистикалық қызметі, кейбір нормативтік құжаттар жанрларына ортақ синтаксистік сөйлем үлгілерінің формасын жасауға мүмкіндік береді. - У тұлғалы қимыл есімдер құжат мәтіндерінің композициясын ұйымдастыруда, тармақтарды тіркестіріп қолдануда белгілі бір тұрақты қалыпқа түсіп отырады да, іс қағаздар стиліне тән стандартты дайын сөйлем үлгілерін құрауға бейім тұрады. Мәтін мазмұнының мәнді де, басты мәселелерді толық, айқын көрсету үшін -у тұлғалы қимыл есім ақпараттарды реттік бағытпен жүйелі түрде құрылуына әсер етеді. Соған орай, -у тұлғалы қимыл есімнің құжат мәтіндерінде баяндауыштық тұлғада қолданысы, стандартты синтаксистік құрылымдарын қалыптастырып, пайдалануға аса қолайлы.

Қимыл есімді сөздердің іс қағаздар тілінде жиі кездесетінін ғалымдар атап көрсеткен. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтар: «- у тұлғалы тұйық рай етісіктері (немесе қимыл есімдері) іс қағаздарында, ғылыми әдебиеттер тілінде белгілі бір әрекет қимылдың, құбылыстың атауы ретінде аса жиі қолданылады» деген.

Мысалы:

*Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президентінің Жарлығы.  
Көктемгі халықтық Наурыз мейрамы туралы.*

*Жалпыадамдық құндылықтарды орнықтыру, республика халықтарының достығы мен бауырластығын нығайту, ежелгі халық дәстүрлерін жандандыру, сондай-ақ, адам мен табиғаттың үйлесіміне қол жеткізу, оның шынайы имандылық рухында ізгілікті тазаруы мақсатында қаулы етемін:*

1. *Көктемгі күн мен түннің теңесу күні - наурыздың 22-сі халықтық мереке - Наурыз мейрамы болып жариялансын.*

2. *Халық депутаттарының жергілікті Советтеріне климаттық жағдайларды ескере отырып, халықтық мереке - Наурыз мейрамын өткізу күнін өз бетімен белгілеу ұсынылсын.*

3. *Қазақ ССР Министрлер Кабинетімен халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері көктемгі халық мерекесі - Наурыз мейрамын әзірлеу мен өткізу жөніндегі шаралады жүзеге асырсын.*

4. *Республика жұртшылығының 1991 жылы наурыздың 16-сы мен сәуірдің 16-сы аралығында «Табиғат жарасымы» айлығын өткізу жөніндегі иІІ(ғіатиасЫ қолдау тапсын.*

5. *Бұқаралық хабарлама құралдары көктемгі халық мерекесі «Наурыз мейрамы» мен «Табиғат жарасымы» айлығына дайындық барысы мен*

*өткізілуін кеңінен жазып көрсетілсін.*

*Қазақ Советтік Социалистік  
Республикасының Президенті*

*Н.Назарбаев Алматы,*

*1991 жыл наурыздың 15-і.*

Мәтін құрамындағы қимыл есімдер ішкі табиғатына сай контексте субстантивтеліп, белгілі бір қимылдың, әрекеттің атауы ретінде жұмсалып тұр. Мұндай қолданыстағы –у тұлғалы қимыл есім тұлғасының мағынасында жақтық, шақтық мағына жоқ. Бұл қолданыс әдісі тек іс-әрекеттің, процестің ортақтығын, бейтараптығын ғана көрсетіп тұрады.

-У тұлғасының диапазоны аса кең. Түбір етістікпен де туынды етістікпен де жалғанып, негізгі қимыл есімнің атауы да болады, кейде сол атау күйі зат есімге ауысуы жаңа сөз тудырады, басқа да туынды сөз жасауға негіз болады. -У тұлғалы тұйық рай етістігі есім сөздерге жақын екені белгілі. Ол етістіктерше тікелей жіктелмейді, есімдерше септеледі, басқа да жұрнақтар жалғана береді. Сол себепті бұл форманың семантикалық мағынасы етістіктің атауы, есімі болуы. Егер *ұйымдастыр, жарияла, бақыла, қабылда, тағайында, әзірле* процесті, қимылды көрсетіп тұрса, *ұйымдастыру, жариялау, қабылдау, бақылау, тағайындау, әзірлеу* сол қимылдың атауын көрсетіп тұр.

-У тұлғалы қимыл есімнің синтаксистік қызметін зерттеген Қ.Неталиева -у тұлғалы қимыл есімін баяндауыштық тұлғада келу жолдарын мынадай түрлерге бөлген. 1. Нөлдік тұлғада келуі арқылы. 2. Барыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы. 3. Модаль сөздермен тіркесуі арқылы.

Ал, құжат мәтіндерінде қимыл есімдердің қолданылу қызметін 34 диапазоны аса жоғары. Құжат мәтіндегі қимыл есімнің қолданыс ерекшелігі іс жүргізу стиліне тән етістікті тіркестер терминін қалыптастыруға қолайлы. Іс жүргізу стилінде де қолданысқа түсетін -у тұлғалы қимыл есімдер баяндауыштық тұлғада сөйлем соңында келуі арқылы мынадай құрылымда жиі қолданысқа түседі.

1. Нөлдік тұлғада келуі арқылы.
2. Барыс септігімен келуі арқылы.
3. Модаль сөздермен тіркесуі арқылы.
4. Шылау сөздердің көмегімен қабыса байланысуы арқылы.

Р.Әміровтың «Синтаксис өзіне қатысты грамматикалық формаларды мағынасымен қоса, оны ескере отырып зерттейді» - деген. Соған орай, іс қағаздар тілінде -у тұлғалы қимыл есімдері ішкі табиғатына сай контексте субстантивтеліп, белгілі бір қимылдың, әрекеттің атауы ретінде қолданысқа түсетінін байқаймыз.

Мысалы, еңбек келісімі құжатындағы мәтін мазмұнынан көрініс:

1. *Орындаушы өзіне мына міндеттерді қабылдайды:*

1.1 *Институт қызметкерлері үшін «Нарықтық экономика және ауыл шаруашылығын дамыту» лекциялар курсына оқу;*

1.2 *Лекцияны институт әкімшілігі жасаған бағдарлама бойынша әр сейсенбі күні екі сағаттан оқу;*

1.3 *25 сағаттық лекциялардың толық курсы 1999 жылдың желтоқсанына дейін оқып бітіру.*

«Тұрғын үй қатынастары туралы» баптар жинағынан үзінді келтірейік.

*Құрылтай жиналысы мынадай мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды:*

1. *үй жайлар (пәтерлер) иелерінің кооперативтерін құру;*

2. *кооператив Жарғысын бекіту;*

3. *кооператив басқармасының мүшелерін сайлау;*

Құжат мәтініндерін салыстыра отырып, жиі қолданысқа түсетін есім баяндауыштар іс-қимыл процестің реттік бағытта берілу қызметін атқарып тұр. Сөз болып отырған осы форманың кейбір құжат жанрларының саласында кеңінен қолданысқа түсуі, заман ағымының талабынан туындаған қажеттілік деп есептейміз. Қандай да бір халықтың тілі болмасын сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған ірі тілдің тарихы, дамуы, қалыптасуы негізсіз тақыр жерден шыға салмайды. Кез келген тұлғаның мағыналық мәнін дұрыс түсіну үшін, алдымен оның қалыптасу, даму, шығу тарихын білудің маңызы зор. Соған орай -у тұлғалы қимыл есімнің көне жазу нұсқасында, тарихи жазба ескерткіштерінде немесе генетикалық шығу тегі туралы зерттеулерде іс қағаздар стиліне қатысты өзара ортақ қатынастары болды ма, болса қандай бағытта, қандай ұғымда деген сұрақтар туындайды.

М.Томанов ежелгі жазбалар тілін зерттеу еңбектерінің нәтижелері бойынша ол тұлғаның (-ғу, -гу) түріндегі сипатын көрсете отырып, қазіргі тілдердегі етістік тұлғаларының арғы тегі қимыл есімдерін, біріншіден, іс-әрекет, процестің атауы, екіншіден, предикативтік қатынаста жұмсалып, істі істетуге міндеттілікті, мүмкінділікті білдіретін құбылыс деп көрсеткен. Қашқари еңбектерінде -ғу, - гу қимыл есімдерінің екі түрлі қолданысын ашып, бір жағынан -ғу, -гу форманттары есім орнына қолданылатын етістік, екінші жағынан есімдермен изафет құрайды деп тұжырымдайды. «Құдатғу білік» тілінде бұл формалы сөздердің баяндауыш қызметінде қолданысы бар екенін мысалдар негізінде: «*өзім сөзлегу*» - «*өзім айтамын*» (*айтуға тиіспін*) дәлелдей көрсеткен. Қимыл есімі, сондай-ақ, шақ пен рай тұлғаларының семантикасының көп түрлілігіне де негіз болғандығын да автор орынды көрсетеді.

А.Ибатовтың тарихи көне ескерткіштер тілін зерттеу барысында -ғу -гу аффиксінің тарихи қалыптасу жолдары айқын көрсетілген. Біріншіден, бұл аффикстің бір замандарда өте актив қолданылғанын XIV ғасырда жазылған «Хұсрау уа Шірін» атты поэманың тілдік талдауында көрсетілген. Поэманың Алтын Орда дәуірінде 1341-42 жылдары жазылғандығын, XIV ғасырлардағы көркем әдебиет мұраларының ішіндегі ең құнды ескерткіштердің бірі болып саналатынын, сондай-ақ «Хұсрау уа Шірін» поэмасында алпысқа жуық сөз -ғу, -гу аффиксі арқылы жасалған деп өзінің болжамын ұсынды. Ол кезде бұл аффикс түбір етістік сөздерден жаңа туынды сөз ретінде, қимыл атауларын

жасаушы қосымша дәреже қызметін атқарғанын орынды көрсеткен. Мысалы: *алғу (алатын, алу), барғу (бару, баратын), келғу (келу, келетін), ілғу (ілу, ілетін)* т.б. деген сияқты сөздер халық тілінде өте әріден келе жатқандығын, бұлардың қазіргі тілдегі (мәселен, қазақ тілінде) жалғасын тапқандығын дәлелдеді. Екіншіден, «етістік түбірлерден қимыл атауын жасаушы -ғу,- ғу аффиксінің өте жиі қолданылғаны тек қана осы «Хұсрау уа Шірін» поэмасында ғана емес, орта ғасыр ескерткіштерінің қай-қайсысында болса да анық сезіледі. Мысалы: XIV ғасыр ескерткіштері «Гүлістан биттүркін» «Мухаббат-наме», «Нахдж ульферадис» сияқты мұралардың тілінде де молынан кездесетінін ескерте отырып, үшіншіден, бұл -ғу -ғу аффиксі дәл осылайша сөз жасау жүйесінде жаңадан жасалған сөздерге, яғни етстікке қимыл мағынасын үстеу. Мысалы: «*бақғу-бағу, қачғуға-қашуға* сөздері қимыл атауы мағынасында айтылып тұр» - деп тарихи тілдік материалдар негізінде көрсете отырып, «-у жұрнағының қалыптасуы, біздің ойымызша, жоғарыда келтірілген *қачғу, бақғу* сөздерінің құрамындағы -ғу аффиксінің қазақ тілінде қашу, бағу сияқты жүйеде айтылып -у формасына келуі, яғни, -ғу, -ғу; -у жүйесімен жасалған. Бұл қазіргі қазақ тілінде барлық негізгі де туынды да етістік түбірлерге жалғана беретін жұрнақ» - десе, Л.Дүйсембекова да «Іс қағаздар тілін екі тілде жүргізу» атты еңбегінде, XIX ғасырдан II-ші жартысындағы ресми құжаттар тілінде тұйық етістіктің -у жұрнағының орнына -ғу, -ғу вариантының қолданысы, әсіресе, сол кезеңде молынан көрініс беретінін ескертіп кетті. Мысалы: *жазғучы, турғычы* т.б.

XIX ғасырдың I-ші жартысында қимыл есімнің -мақ және -у жұрнақтарының екі вариантта кездесетінін Р.Сыздықова көрсете келіп: «Алдыңғы кезеңдерде өнімдірек болған -мақ жұрнақты түрін бірте-бірте -у жұрнақты варианты алмастыра бастаған».

А.Хасенова: «Етістіктің лексико-грамматикалық сипаты» деген мақаласында бұл форманың тұйық рай деп танылып келген -у формалы етістіктер тек рай мен шақ немесе жақ мәнін бермеуі жағынан ғана емес, туыс тілдердегі айтылуы мен мағыналық және қалыптасу процестері жағынан да өз ерекшеліктерімен оқшауланады. Аралас-құралас көрші отырған өзбек халықының тілінде -мақ аффиксі арқылы берілетін бұл категория қазақ тілінде -у формасында аса жиі кездесіп, есім мен етістік салаларындағы омоним сөздер тобын құрайтындығы»-деп тұжырымдайды.

Т.Қордабаев «Қазақ тілі синтакисінің совет дәуіріндегі дамуы» атты мақаласында: «Синтаксистік құрылысымыздың жетіле, шындала түсуінде оның құрамына енген сөздер тіркесіндегі құбылыстардың мәні ерекше. Мұндағы жаңалықтардың түрі де, мәні де алуан түрлі. Солардың бірі - кейбір формалы сөздердің синтаксистік функциясының дамуына, активтенуіне байланысты. Мысалы, -у формалы *қимыл* атауы XIX ғасырдың аяқ кезіне дейінгі жазбаларда некен-саяқ қана кездесіп, өте елеусіз қызмет атқарған болса, қазіргі әдеби тілімізде ол мейлінше жиі қолданылатын, күрделі синтаксистік қызмет атқаратын актив тұлға болып алды. Мұның активтенуі өткен ғасыр жазбаларында өте жиі кездесетін кейбір тіркестерді қолданудан ығыстырып

шығарды да, өзі солардың орнын басты. Сөйтіп, ертеректегі жазбаларда ете жиі қолданылатын он шақты форманың, тіркестің қызметін бір өзі атқаратын болды» - деп көрсете отырып, «Ертеректегі жазбаларда ете жиі қолданылатын он шақты тіркестің орнын бір өзі ауыстыруымен қатар -у формалы етістік қазірде тармақталып, пункттеліп берілетін заң, нұсқау, ережелер де, қаулы-қараларда өлшеусіз көп қызмет атқарады» - деген.

Р.Сыздықова қазақ әдеби тілінің тарихы жөніндегі еңбегіндегі XVIII ғасырдаң II-ші жартысындағы ресми іс қағаздар тілінде тұйық етістіктің -у жұрнағы -ғу вариантымен берілуін (*жазғучы, турғучы*) ресми орындарға жазылатын өтініш-шағымдарда, әр алуан әскери, әкімшілік заң-тәртіп саласында қызмет етуші бұйрық-жарлықтарда, ереже-нұсқауларда жиі қолданылатыны жөнінде мысалдар келтіре отырып көрсетті. -У формалы қимыл есімнің сөйлем баяндауышы ретінде ресми іс қағаздар тілінде жиі жұмсалу үрдісі жөнінде Р. Сыздықова: «Орыс әдеби тілінде XIX ғасырдың аяқ шенінде *-ание, -ение, -ивание* сияқты суффикстермен жасалып, іс-әрекет атауларын білдіретін, етістік түбірлі есім сөздер активтенген болатын, солардың баламасы қазақ тілінде көбіне -у жұрнақты көмекші етістік қатысқан тіркес арқылы берілген. Мысалы, *айыпқа тарту, ісін қара қылу, жазаға тарту - наказание, мойнына салу - доказание, жан беру - присяга, присягивание*. Ал бұл күнде мұндай есім-терминдер –да, -та, -ла қосымшаларымен жасалған тұйық етістік (-у жұрнағы) арқылы беріледі: *айыптау, қаралау, жазалау, мойындату, мойындау* т. б.»

Осы пікірлерді қорыта келе, -у формалы қимыл есімнің сөйлем баяндауышы ретінде жұмсалу үрдісі, ертеректе жазба әдебиеттерде, ресми іс қағаздар тілінде де жиі қолданылып, соңынан орыс тіліндегі *-ание, -ение, -ивание* сияқты жұрнақтар аудармасының нәтижесінен іскери қатынастар саласына біртіндеп еніп, қалыптасқан іс қағаздар стиліне тән грамматикалық категорияға айналған. Бұл грамматикалық категорияның қолданыс өрісі көбінесе қаулы, жарғы, ережесі, нұсқау басқа да нормативтік-құқықтық актілер және басқа да ресми құжат жазбаларында актив қызмет атқарады.

Соған орай, пікірлерді қорытып жинақтай келе, қимыл есім жасайтын -у тұлғалы форманың ертедегі тарихи көне жазбаларда болғанын, бұл форманың даму мен қалыптасу процесі барлық дәуірлерде әр түрлі дәрежелерде дамып, қазіргі қазақ тілінде қимыл атауын білдіретін құбылыс ретінде қолданылған.

- У формалы тұлғалардың қолданыс қызметі тек қазақ әдеби тілде ғана емес, ертеден-ақ іс қағаздар тілінде де қолданылғаны туралы Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Л.Дүйсембекованың еңбектеріндегі тұжырымдар көрсетілді.

2000 жылы В.Г.Салагаев пен Б.Шалабайдың авторлығымен дайындалған «Іс қағаздарын жүргізу» атты еңбектерінде де -у тұлғалы қимыл есімі туралы: «Іс жүргізу стилінде тұйық етістік және тұйық етістікті тіркестер жиі қолданылады: *міндеттерді орындау, шешім қабылдау, мәжіліске әзірлену*. Бұл сондай-ақ құжат атауларында да кездеседі; *ескерту жасау, қаулы қабылдау, шешім шығару, нұсқау беру* тәрізді тіркестер молынан кездеседі» - деген.

1999 жылы Астана қаласында Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналып, өткізілген «Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциядағы З.Күзекованың «Дипломатиялық құжаттардың тілі» деп аталған мақаласында «Дипломатиялық құжаттарды грамматикалық тұрғыдан талдайтын болсақ, онда -у тұлғалы қимыл есімі құжаттар мәтінін жазуда көп қолданылады. Мысалы, *ұйымдастыру, жариялау, аудару, делегациялар алмасу, мамандар алмасу* деген сияқты».

Соған орай, қазақ тілінде -у жұрнағы арқылы берілетін грамматикалық категория, қазіргі тіл білімінде, дәстүр бойынша -у формасында жиі кездесетін, есім мен етістік салаларындағы омоним сөздер тобын құрайтын тұйық етістік немесе қимыл атаулары деген лингвистикалық терминге ие болып айтылып жүрген грамматикалық тұлғаны, құжат мәтіндерінде қолдануға болатын грамматикалық единица деп тануға болады.

Жалпы ереже, нұсқау мәтіндерінің композициясын ұйымдастыруда, грамматикалық тұлғаларын, сөздерді іріктеуде, оларды тіркестіріп қолдану мақсатында, тілдік компоненттер бір үлгіге түсіп, баяндау үлгісі бірізді болып келуі керек. Біртұтас мазмұнда байланысқан мәтіннің мазмұны бірнеше бөлімдерге, тармақтарға бөлінуі арқылы, -у тұлғалы синтаксистік құрылымдардың да қайталанып қолданылуына мүмкіндік туғызады.

-У тұлғалы грамматикалық категорияның қолданыс ерекшеліктері мен қызметін саралай келе, белгілі бір мәліметтер жүйесін түгел қамтитын және оның әбден тұрақты қалыптасқан құрылымына (композициясына) айналып, ереже, шарт, қаулы-қарарлар, нұсқаулар құжаттарында қолдануға болатын қонымды құбылыс екендігін ерекше айтуымыз керек.

## **2.2 У тұлғалы қимыл есімге барыс септігінің жалғауы қосылып -уға, -уге баяндауыш түрінде жұмсалып үрдісі**

Іс қағаздар тілінде -у тұлғалы қимыл есімге барыс септігінің жалғауы қосылып -уға, -уге сөйлемнің баяндауышы ретінде жұмсалып үрдісі де өте жиі кездесетін құбылыс. Іс қағаздар тілінде барыс жалғаулы тұйық етістіктің қимыл қолданысының ерекшелігі, қимыл процесінің кімге, неге арналғанын, бағытын, іс-әрекеттің үдетпелі түрде үстемелену процесін атқарады. Мысалы, заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережесінің мәтініндегі сөйлем қолданысы:

*Комиссияның негізгі құқықтары.*

*Комиссияның өз міндеттеріне сәйкес:*

- 1) *орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-әрекет жасауға;*
- 2) *өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар жасауға және ұсыныстар енгізуге;*

3) *заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды мемлекеттік және басқа да ұйымдардан*

сұратуға және алуға;

4) комиссияның міндеттерін іске асыруға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар және ұйымдардың өкілдерін Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;

5) уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сарапшылық және жұмыс топтарын ұйымдастыруға құқылы.

Немесе, еңбек келісімі құжатынан:

11. Тапсырыс беруші мыналарға міндеттенеді:

2.1. Сабақты өткізуге қажетті бөлме мен аппаратураларды бөлуге;

2.2. Тыңдаушының келуін қамтамасыз етуге;

2.3. Орындаушыға әр академиялық сағатқа 20 теңге 50 тиын есебінен, жалпы лекциялар курсы үшін 600 (алты жүз) теңге төлеуге;

Келтірілген құжаттар құрамындағы қолданылған *-уға; -уге* тұлғалы баяндауыштарға назар аударсақ сөйлемдердегі *жасауға, енгізуге, тыңдауға, тексеруге* деген мысалдар іс-әрекетті білдіру мақсатында қимыл істің болған үстіне үстемеленіп болып жататын қарқынды іс-әрекетті атқарып жатқан қимыл есімі екенін байқаймыз.

Барыс септікті *-у* тұлғалы баяндауыш формасы заң, ереже, жарғы мәтіндеріндегі тармақтар бірыңғай соңында келуімен ерекшеленеді. *-Уға, -уге* тұлғалы баяндауыштар *хақылы, құқылы* сөздерімен тіркесе келіп, іс-әрекеттің іске асу міндеттілік мағынасын туғызады. Е.Б.Болғанбаев модаль сөздің синонимдік қасиетіне зер сала отырып, олардың болжау, қуаттау, растау, құптау, мақұлдау, міндеттілік мағыналарын білдіретін түрлерін атап көрсеткен.

Бұл тұлғаның ресми іс қағаздар тілінен тұрақты орын алып, қолданылу аясының болуы жоқ жерден пайда болған құбылыс емес, тілдік негізі бар және көркем шығармалар тілдерінде қажетіне қарай, іс қимылдардың іске асуының мүмкіндігін білдіру міндетіндегі қолданыс рөлі ретінде көптеп кездеседі.

Барыс септігінің грамматикалық мағынасы мен функциясының жан-жақты болғанын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің Караханид дәуірінде және орта ғасырларда жазылған жазба мұралардың тілінен де байқалғанын ғалымдар көрсетеді. Олар да барыс септігі сөз қазіргі жатыс, табыс т.б. септіктердің де мағынасында жұмсалып сөйлемде түрлі қызмет атқара алған, яғни бір істің, қимылдың бет алысын, бағытын, орнын көрсеткен Ғ.Айдаров: «Ескерткіштерде кездесетін барыс септігіндегі сөздер көбінесе етістіктермен тікелей де, жанай да байланысып, қимылдың бағытын, бет алысын, мақсатын, мезгілін білдіреді» - деп тұжырымдаса, Р.Сыздықова да XIX ғасырда әкімшілік құжаттардың ішінде жарлықтар мен қаулы-қарарларда *-уға* вариантының молынан кездесетінін айтады.

Етістіктің *-у* тұлғасы есім сөздерге жақын екені белгілі, ол етістіктерше тікелей жіктелмейді, есімдерше септеледі, басқа да жұрнақтар жалғана береді. Сол себепті де бұл форма қимыл есімі деген атпен де мәлім. Бірақ *-у* тұлғалы сөздерде етістіктің де қасиеті жоқ емес. Демек *-уға; -уге* тұлғасы



сөйлемнің баяндаушы бола алатын, іс-әрекеттің қимыл мағынасының үстемелену процесін білдіретін, тілдің даму құбылысындағы жеке категориялары жаңа бір дәрежесі деп қарауға болады. Тілде туып отыратын осындай әрбір жаңа тұлға, қоғам дамуының нәтижесінде адам санасындағы жаңа ұғымдардың, жаңа түсініктердің көрсеткіші ретінде пайда болып отырады. Бірақ жаңа тұлға негізсіз тыңнан туа салмайды, тілдегі бұрыннан бар материалдардың негізінде жасалады. Ол жаңалықтар тілдің ішкі және сыртқы дамуының бір көрінісі болып табылады. Демек *-уға,- уге* тұлғалы етістік те ана тілінің негізінде жасалған, өмір қажеттілігінен туындаған құбылыс екендігі айдан анық. Өйткені *-у* тұлғалы сөздер барыс септігі арқылы іс қағаздар стилінде қимыл процесс атауы және ондағы көрсетілген іс-әрекеттің жағдайы, халі мен ондағы іс-әрекеттің орындалатындығы. *-У* тұлғалы есім сөздердің барыс септігі арқылы сөйлем соңында түйдектеліп келуі заң, ереже, жарғы т.б. мәтіндерінің композициясын ұйымдастыруда, оларды тіркестіріп қолдануда тұрақты сөйлем құрылымдарының үлгілерін жасауға мүмкіндік береді.

Соған орай *-уға - уге* тұлғалы морфологиялық форманың іс қағаздар тіліне қонымды құбылыс екендігін ерекше айтуымыз керек. Бұл, әсіресе, азаматтық қоғамның негізгі заңдары, ережелері үшін тиімді қызмет атқаратын грамматикалық тұлға.

Біртұтас мазмұнда байланысқан мәтін құрамында бірнеше шешім, тұжырымдар бөлімдерге, бөлімшелерге, тармақтарға бөліну тенденциясы - құжаттар мәтіндеріндегі белгілі бір мәліметтердің тізбесін біржақты жүйелеп, қандайда фактіні, іс-әрекетті білдіру мақсатында қимыл-істің болған үстіне үстемеленіп, болып жатқан қарқынды іс-әрекеттің болу процесін, оның міндетті түрде орындалу қажеттілігін көрсету қызметінде қолдануға болатын тиімді құрал деп есептейміз.

### **2.3 У тұлғалы қимыл есімінің модаль сөздермен тіркесі**

Жалпы тілде туып отыратын жаңа тұлға, құбылыс қоғам дамуының нәтижесінде, адам санасындағы жаңа ұғымдардың, жаңа түсініктердің көрсеткіші ретінде пайда болып, актив қызметке түсіп отырады да, бірде қолданыс процесінен шығып, өлі тілдерге айналып кетеді. Мұндай өзгерістер, жаңалықтар тілдің ішкі және сыртқы дамуының бір көрінісі болып табылады.

Іс қағаздар тілінде барыс септіктегі етістік құрамды сөздің модаль сөздермен тіркесіп жұмсалуда да өзіне тән кейбір ерекшеліктер бар. Актілер, заңдар, ережелер, жарғылар мәтіндерінде көрсетілетін құқықтық және моральдық нормалар арнайы тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Мұндай құқықтық нормалар жарлық, нұсқау, қаулы, ереже, жарғы т.б. құжаттар мәтіндеріндегі міндеттемелерге сәйкес *-у* тұлғалы қимыл есімдер модаль сөздермен тіркесе отырып, міндеттілік, қажеттілік мағынасын білдіру қызметін атқарады. Мұндай құрылымдар азаматтық қоғамның негізгі заңдары үшін, лауазым иелерінің міндеттемелері мен жауапкершілігін, құқығын

білдіретін құжаттар үшін маңызды стилистикалық қызмет атқарады. Олар: заңдар, ережелер, жарғылар, қаулы-қарарлар т.б. сияқты құжаттар мәтіндерінің композициясын ұйымдастыруда тиімді құрал болып саналады.

Мысалы нотариат туралы заң құжатындағы 4-бабының 3 тармағында: *Нотариат құжаттары заңдарда белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс.*

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 104 бабының 4 - тармағы:

Жедел басқару құқығына негізделген кәсіпорынның фирмалық атауында кәсіпорынның қазыналық болып табылатындығы көрсетілуге тиіс.

Неке және отбасы туралы заң құжатындағы 29-бабының 4 -тармағында:

*Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қаттынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға, отбасының игілігі мен нығаяуына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына өсіп-жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайына қамқорлық жасауға міндетті.*

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 159 бабының 5-тармағында:

*Егер азаматтар дене және ақыл-есі кемістігі салдарынан өз құқықтарын қорғауды жүзеге асыра алатын болса, прокурор оны қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдануға міндетті.*

Бұл грамматикалық тұлғалардың да іс қағаздар стилінде жүйелі қолданылатын грамматикалық единица деп тануға болатынын келтірген мысалдар себепші бола алады.

XIX ғасырдың жартысында бұйрық-жарлықтарда нақтылы іс-әрекетті міндеттеу ұғымын білдіретін кейбір канцеляризмдердің (ресми іс қағаздар стиліне тән стандарт сөздер мен тұлғалардың) пайда болып, тұрақтала түсуін проф. Р.Сыздықова *шартты рай* мен *керек* сөзінің тіркесі арқылы берілу ерекшеліктерін көрсетсе, XVIII және XIX ғасырдың I-ші жартысындағы қазақ әдеби тілінің тарихы аясында іс қағаздар тілінің ерекшелігін зерттеген Б. Әбілқасымовтың еңбегінде -у формалы тұйық рай етістікке *керек* көмекші сөздерінің тіркесуі арқылы берілетін етістік мағынасы *-мақ керек* формалары арқылы келетінін анықтаған. Мұндай міндеттілік мағынасын Р.Сыздықова *шартты рай* мен *керек* сөзінің тіркесуі арқылы келгенін көрсетті. Кейіннен бұл тұлғалар қазіргі кезеңде *қоюлары керек, тұрулары керек* дегеннің баламасы ретінде немесе *қойсын, тұрсын* түріндегі бұйрық рай тұлғасына ауысқанын ескерткен.

Қажет модальдығы *керек, тиіс, міндетті, қажет* сөздерінің тіркесімен және болжал модальдығы *мүмкін* сөздері арқылы құжат мәтіндерінде міндеттер мен талаптарды орындау, шешім қабылдау сияқты қоғамдағы маңызды қызметтерді орындауда қызмет атқарады. Соған орай іс қағаздар стиліне тән модальдық күрделі *-уға тиіс, -уға міндетті, -уі мүмкін, -уы қажет* тұлғаларының іс қағаздар стиліндегі қолданыс себебінің түпкі сырын түсінуге тырыстық.

Түркі тіл білімінде модальды предикаттар туралы Н.К.Дмитриев,

А.Н.Кононов, М.Р.Федотов, Ю.Ю.Юсупов т.б. еңбектерін атауға болады. Қазақ тілі білімінде А.Байтұрсынов рай категориясын бірнеше дербес мағыналық категорияларға жіктеген. Солардың ішіндегі сенімсіз, мұн, болжал райлары соңғы кездері модальдық мағына ретінде саналып жүр. Тіл тарихында жеке ұғымдар, құбылыс атаулары ешқашан негізсіз, тың жерден пайда болмайтыны белгілі. Олардың бастауы, қайнар көздері болуы - шарт. Қазақтың ауызша да, жазба да әдеби тілдерінің пайда болып, қалыптасуларына негіз болған арналары бар екендігі даусыз. Мәселен, қазіргі кезеңде көркем әдебиет стилінде жиі қолданылатын *тиіс* сөзі ХІІ ғасырда «Онгин ескерткіштерінде» етістік мағынасында қолданылған. Қазіргі қазақ тіліндегі *тиіс* модаль сөзінің шығу төркіні жағынан етістік негізді болып келетіні айдан анық. Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында *тег* түбірлі сөздер мынадай тұлғаларда кездеседі: қазақша - *тиіс, тиісті*, башқұртша - *тейеш*, татарша - *тиеш*, қырғызша - *тийт*, қарайымша - *тиишли, тиисли* т. б. Көрсетілген тілдердегі *тиіс* өздерінің мағыналары тұйық етістікпен тіркескенде міндеттілік мағынасын білдіреді.

Қ.Өмірәлиев *керек* сөзінің қажеттілік және болжамдық ренде жұмсалатынын анықтаған. *Керек* модаль сөзінің Р.Сыздықованың «Қадырғали Жалайырдың Жами ат-тауарих» атты шежіресінде де кездесетінін көрсеткен.

Модаль мәселесі жөнінде зерттеген Е.Жанпейісовтың диссертациясы бар. Қазақ тіліндегі модальдық мағынаның берілу тәсілдерін, қолдану мүмкіндіктерін, модаль сөздерінің типтері жайында, етістіктің кейбір тұлғалары мен модаль сөздерінің тіркесі арқылы модальдық мағына беру жолдары жөнінде айтады.

М.Балақаевтың «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында *сияқты, секілді, тәрізді, керек, тиіс* модаль сөздері құрама баяндауыш құратынын және модальдықты негізгі ой-пікірге субъектінің түрлі көз-қарасын білдіру қызметін атқара алатынын түсіндірген.

- У тұлғалы қимыл есімі мен модаль сөз тіркесінің мағыналық қызметін Қ.Неталиева: «-у тұлғалы етістіктер көптеген көмекші шылаулар, модаль сөздерімен жиі қолданылады. Олар: *керек, керек емес, үшін, тиіс, тиіс емес, мүмкін, қажет* т.б. -У тұлғасының етістіктермен айтылатын сөз тіркестерінің бірсыпырасы *керек, қажет, тиіс* т.б. міндеттілікті білдіреді» - деп мағыналық жағынан жүйелеп жіктеген.

К.Ищанов етістіктің модальдық құрылымын рай категориясымен байланыстыра зерттеген. -У тұлғалы қимыл есімнің кейбір сөздермен тіркесуінің нәтижесінде міндеттілік және қажет райы деп аталатын ерекше модальдық категорияны бөліп шығарған. Автор -у тұлғалы күрделі предикаттардың қолданылу қызметін анықтаған. Біріншіден, -у тұлғалы сөзбен *керек, шарт, ықтимал, мүмкін* модаль сөздерінің тіркесуі арқылы болса, екіншіден, барыс септікті -у тұлғасы *тиіс, міндетті* модаль сөздерінің тіркесінен тұратындығын айтады.

Модальдық тіркестер жайында - *са керек -у керек -у қажет, -у мүмкін, -уға тиіс* сияқты модаль мағыналы аналитикалық форманттар Н. Оралбаеваның зерттеу еңбектерінде де кездеседі. *Керек, шарт, ықтимал, мүмкін* сөздерінің

тіркесі мүмкінділік, қажеттілік функциясын атқарса, -у тұлғалы *тиіс, міндетті* модаль сөздерінің тіркесімен іс-әрекеттің міндетті түрде іске асу қызметін білдіреді. Тұйық етістікке барыс септігінің жалғауы жалғанып, модаль сөздің тіркесу сипаты туралы еңбегіндегі тұжырымында ғалым былай деп көрсеткен: «-Уға *тиіс* форманты қимылдың жасалу міндеттілігін білдіреді. Ол міндеттілік мағына - *уға тиіс* формасы арқылы берілген. ЕАФ-тардың (етістіктердің аналитикалық форманттары) бұл жалпы мағынасы - қимылдың шындық өмірге қатынасына байланысты субъектінің пікірі. Бұл етістікке тән мағына, бірақ оны білдіруші формант құрамындағы морфемалардың екеуі (барыс септік жалғау және модаль сөз) есім негізді. Тіпті осындағы тұйық етістіктің де мағынасы есімге жақын. Дербес мағынасындағы ерекшелік бар морфемалар формантта нағыз қимылға қатысты мазмұнға ауысқан. Морфемалардың жеке қолданылғандығы мағынасынан айырылып, жалпы бір мағынаға, бір қызметке келуі олардан ЕАФ қалыптаптастырған».

Іс-әрекеттің міндетті түрде іске асу функциясын атқаратын - *уға, -сқа тиіс* форманттары Ә.Төлеуовтың еңбегінде теориялық тұрғыдан біршама тұжырымдалған. *Тиіс* модаль сөзі жеке тұрып, міндеттілік қызметін атқара алмайды. Мұндай міндеттілік ұғымды тек модаль сөзімен -у тұлғалы қимыл есімнің тіркесуі арқылы ғана беріледі. Міндеттілік ұғымды тудырушы құбылысты біртұтас құрылым түрінде қарастырған М. Федотов модальдық тіркес компоненттері жеке тұрып ондай қызметке ие бола алмайтынын, тек күрделі тұтастық құрылымында берілетінін көрсеткен.

Құрылымдық сипаты жағынан Е.Жанпейісов: «*Тиіс* модаль сөзі етістікке тікелей тіркесе алмайды. Тек тұйық етістік барыс септігінің -ға, -ге жалғауын қабылдағанда ғана тіркеседі» - деген.

Мысалы, жарлық құжатынан үзіндіде:

*Өтініш берушінің, тілегі бойынша тіркеуші орган тіркеуге табыс етілген құжатта жазба жасау арқылы тіркеу жүргізілгенін куәландыруға тиіс.*

-*Уға тиіс* құрылымынан басқа -*уы, -уі тиіс* модальды, предикаттар да міндеттілік функциясын атқарады. Мысалы, жарғы құжатынан келтірілген үзіндіде:

*Мемлекеттік тіркеуді өткізудің мерзімі өтініш берушінің құқықтарын тіркеу осы Жарлықтың, 14-бабында аталған құжаттар тіркеуші органға берілген сәттен бастап он күн мерзімінен кешіктірмей жүргізілуі тиіс.*

Бұл грамматикалық тұлғалардың мағыналық қызметі жағынан бір-біріне ұқсауын Н.Оралбаева: «Грамматикалық синономия қазақ тілінің грамматикалық құрылысына тән негізгі ерекшеліктің бірі деп айтуға болады. Бір грамматикалық мағына түрлі морфемалар арқылы берілуі бұған айғақ болады».

## **2.4 Іс қағаздар тілінде молынан қолданылатын тағы бір модальдық құрылым -уы, -уі керек.**

Р.Сыздықова орыс тілінің әсерімен, әсіресе, аударма тәжірибесіне байланысты кейбір жаңа тұлғалардың туа бастағанын айтады. «Бұйрық-жарлықтарға бір нәрсені міндеттеу ұғымын білдіретін етістік тұлғасы (орысша - должно быть, должны делать то, то деген сияқты) қазақша көбінесе *шартты рай* мен *керек* сөзінің тіркесі арқылы берілетін болған» - деген тұжырым айтады. Ғалым бұл құрылымдардың XIX ғасырдың екінші жартысында тұрақталу заңдылығы қазақ тіліне аударма нәтижесінде енген құбылыс деген пікірде болды. «Мысалы аталған «жарлықтағы» жоғарғы көрсетілміш тәртіп бойынша қол қоюшылардан басқа екі кісі куәландырып қолдарын қойсалар керек деген сөйлем орысша должно быть подписи двух свидетелей» - дегеннің аудармасы деп көрсетті.

Қазақ тіліндегі *міндеттілік*, *мүмкінділік*, *қажеттілік* модальдық мағыналар туралы пікірлер А.Ысқақов, Ы.Маманов, О.Төлегенов, Ә.Төлеуов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде де кездеседі.

Қ.Мамаділов етістіктің модальдық құрылымын үш топқа бөлген Олар: міндеттілік, болжамдылық, мүмкінділік. Іс қағаздар стилінде кейбір құжаттар жанрларына сәйкес міндеттілік мағына білдіретін модальды күрделі баяндауыштар жиі кездесіп отыратынын теріске шығара алмаймыз.

Мәселен, еңбек келісімі құжатынан үзіндіде:

*Келісім мезгілінен бұрын тоқталатын болса, ол жайлы екі жақ бір-біріне мерзімнен 15 жұмыс күн бұрын хабарлау керек.*

Телефонхаттан үзіндіде:

*Ғимаратқа кіру үшін жеке басын растайтын құжат ала келу керек.*

Іс қағаздар тіліндегі *-у керек* құрылымының мағыналық қызметі барыс септігінің жалғауын қабылдай отырып, міндеттілік мағынасын анық, айқын жеткізеді. Сондай-ақ, іс қағаздар тілінде *-у керек* құрылымына тәуелдік *-ы, -і* жалғауларын қабылдауы арқылы да жиі қолданысқа түсетінін байқадық.

Мысалы, тұрғын үй құжаттары туралы заң құжатының тармағында:

*Көрсетілген негіздер бойынша кооперативтен шығаруды қоспағанда, кооперативтің бұрынғы мүшесінің отбасы мүшелері және үй-жайды пайдаланушы басқа адамдар, сондай-ақ, жатақхана ережелерін бұзуда, тұрғын үйді (үй-жайды) не кооперативтің басқа да мүлкін бұзуда (бүлдіруге) кінәлі адамдар басқа үй-жай берілместен шығарылуы керек.*

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінен үзіндіде:

*Бас бостандығынан айыруға сотталушының нақты өтеу мерзімі алты айдан кем болмауы керек.*

*-У керек, -уы керек, -уі керек* құрылымдарының түрлі морфемалар арқылы жасалуы грамматикалық тұлғаның мағыналық қызметіне еш нұсқан келтірмейді. Мұндай құрылымдар түрлерінің қолданыс қызметінің қайсысы болмасын қажеттілік, міндеттілік мағынасын білдіреді. Тіл білімінде мұндай грамматикалық тұлғаның мағыналық қызметі жағынан бір-біріне ұқсауын (Н.Оралбаеваның пікірі) грамматикалық синонимияға жатқызады.

«Қазақ тілінің екі томдық академиялық грамматикасы» оқулығында *керек* сөзінің екі түрлі модальдық мағынасы көрсетілген. Ол - міндеттілік және

болжамдық. Ал іс қағаздар стилінде болжамдық мағынасы іс-қимылдың іске асу міндеттілігін көрсету арқылы кеңселік сипат береді.

Тағы бір айта кететін жайт *-у керек* тіркесіндегі міндеттілік, қажеттілік мағынасы *қажет* құрылымының бойынан да сезіліп тұрады. Себебі *қажет* сөзі мен *керек* сөзі бір-бірімен синонимдес сөздер екендігі белгілі. Мысалы, *Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы мақұлдаған Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы құжатынан:*

*Байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құру жөніндегі конституциялық қағиданы халықаралық құқықтық жалпы танылған нормалары мен принциптерінің аясында қабылдау қажет.*

*Қоғамда идеялық бостандықтың пайда болуы жағдайында соңғы жылдарда іс-әрекеттеріне рухани баса-көктеушілік сипат ала бастаған шетелдік бірлестіктерді барынша қатаң тіркеуден өткізуді қамтамасыз ету керек.*

*Қажет, керек* модаль сөздері *қажет, қабылдау, қамтамасыз ету* етістіктермен тіркесе түсіп, күрделі құрылымдар тіркесін жасап тұрса да, мағыналық ұқсастықтарын (синонимдік) қасиетін сақтап қалады. Мұндай міндеттілік пен қажеттілік мағыналарын *-у қажет* құрылымынан да, *-у керек* құрылымынан да көрініп тұратынын байқауға болады. Соған орай, тізбектеліп келген құжат тармақтарындағы ұйымдық-өкімдік нұсқауларды, құқықтық маңызды міндеттемелерді жүйелі түрде жеткізу үшін *-у қажет* құрылымдары, *-у керек* құрылымдары іс қағаздар стилінде өнімді стилистикалық қызмет атқарады.

## 2.5 Уға міндетті

*-Уға міндетті* модальдық предикаттар да баяндауыш тұлғасында бүгінгі іс қағаздар стилінде өнімді қолданылып жүрген синтаксистік құралдардың бірі болып саналады. *-Уға міндетті* құрылымының мағыналық сипатын Қ.Ищанов: «*Міндетті* сөзі *тиісті* сөзі сияқты барыс септікті тұйық етістікпен тіркесіп, субъектінің қимыл әрекеттің ақиқатқа айналу қажеттілігі мен міндеттілігі сияқты көзқарасын білдіреді»-деп тұжырымдайды.

Мысалы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы жарғы құжатынан үзіндіде:

Атқарылған жұмыс немесе көрсетілген қызмет үшін төлемді жүзеге асыратын салық төлеуші салық қызметінің талабы бойынша атқарушыға төленген сомалар туралы ақпарат беруге міндетті.

Бұл құрылымның қолданысы етістіктің модальдық құрылымының басқа варианттарымен салыстырғанда, міндеттілік ерекше анық және айқын көрініп тұр. Себебі міндеттілік өзінің мағынасын күрделі предикат құрамында толық сақтап тұруы тіркестің салдарынан деп есептейміз. Соған орай, кейбір құжаттар түрлерінде міндеттемелер мен жауапкершіліктерді көрсетуде міндеттілік мағынадағы модальды предикаттың қолданысы іс қағаздар стиліне тән

құбылыс.

## 2.6 Уы мүмкін, -уі мүмкін.

Құжат мәтіндерінде қолданысқа түсетін синтаксистік құрылымдар түрлерін бақылап барлау, салыстыру тәсілдерінің негізінде байқағанмыз –*у мүмкін* модальдық күрделі баяндауыштар қолданыстары да жиі кездеседі. *Мүмкін* модаль сөзінің мағыналық қызметі жөнінде «Қазақ тілінің екі томдық грамматикасында» *мүмкін* модальдығы субъектінің болжамын күмәндану, күдіктену, сескену, алаңдау, тұспалдау, сақтану сипатын білдіру қасиетіне ие болып келетінін көрсетеді.

Бұл *-у мүмкін* құрылымының ерекшелігі жөнінде Е.Жанпейісов болжамдық мағына береді деген пікірде болса, Г.Медетова күмәнділік ренкті болжал негізінде білдіреді деген. Ал іс қағаздар стилінде *-уы, -уі мүмкін* бойынша өз қолданысымен ерекшеленеді. Көркем әдебиет стилінде қимылдың, іс-әрекеттің іске асу жөніндегі субъектінің болжамын, сезіктену, күдіктену, сескену, күмәндану, сақтану, сенімсіздік білдіру, алаңдау, тұспалдау, топшылау, жорамалдау секілді түрлі мағыналық қызметін атқару міндетімен танылса, бұл құрылымдардың іс қағаздар стиліндегі қолданысының сипаты қимылдың, іс-әрекеттің іске асуы, яғни, қимыл-әрекеттің ақиқат-шындыққа міндетті түрде айналуына сенімді түрде субъектінің көзқарасын білдіреді.

Мысалы, неке және отбасы туралы ережеден үзіндіде:

*Баланы беру туралы сот шешімін оның мүдделеріне нұсқан келтірмей орындау мүмкін болмаған жағдайда бала соттың ұйғарымымен тәрбие, емдеу мекемесіне немесе басқа мекемеге уақытша орналастырылуы мүмкін.*

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы ережеден үзіндіде:

*Кемінде 10 жыл кезеңге ерікті зейнетақы жарналары жинақталғанда және 55 жасқа толғанда, тізбесін үкімет белгілейтін азаматтардың белгілі бір санаттары үшін бұл жас 50 жасқа дейін кемітілуі мүмкін.*

Халық соттарының сайлауы туралы заңдар жинағынан үзіндіде:

*- сайлау учаскелері санаторийлерде және демалыс үйлерінде, ауруханалар мен басқа да тұрақты емдеу мекемелерінде, ірі темір жол станцияларында, аэропорттарда, теңіз және өзен порттарында, сондай-ақ сайлау күні сапарда жүрген кемелерде құрылуы мүмкін.*

*Мүмкін* сөзі негізінен қыстырма мүше қызметін атқаратын болса, ал іс қағаздар тілінде сөйлем құрамында грамматикалық байланыста тығыз тұруы арқылы сөйлемдегі хабарланған қимыл-әрекеттердің іс қағаздар стилінде шындық өмірге қатысын, көзқарасын көрсетуі арқылы маңызды қызмет атқарады. Ереже тармақтарындағы *орналастырылуы мүмкін, кемітілуі мүмкін, құрылуы мүмкін* құрылымдар қимылдың шындық өмірде сөйлеушінің

күдігі, күмәні емес, керісінше, қимылды, іс-әрекетті жасау мүмкіндігі барын сенімді түрде айту реңдері сезіледі.

-*Уы мүмкін, -уі мүмкін* құрылымының стиль атаулының барлығына ортақ екендігін айта отырып, осы фигураның қолданыс әдістерін бақылап барлау барысында байқағанмыз, іс қағаздар стилінде қолдауға болатын тиімді тұлға екенін айтуға болады.

Құжаттар жанрларын мұқият салыстырып қарағанда байқағанмыз модальды етістіктер предикаттары *-уға, -уге тиіс, -уға, -уге міндетті, -уы, -уі керек, -у қажет, -уы, -уі мүмкін* тұлғалық құрылымдар да көптеген құжат жанрларында өте жиі кездеседі. Себебі модаль категориясы субъектінің шындық өмірге қатысты көзқарасын білдіреді. Іс қағаздар стилінде қолданысқа түсетін бұл категория реалді ұғымға қатысты іс-әрекеттің, қимылдың, процестің орындалу қажеттілігін талап ететіні өзінен-өзі түсінікті. Өйткені мағына мен құрылымды бір-біріне сәйкестендіру мақсатында арнайы тілдік құралдар мен сөйлем құрылымдарын сұрыптап қолдана білудің аса зор маңызы бар. Мұндай заңдылықтың орындалуы құжаттың қажетті үлгіде құрылуына, берілетін ақпараттың нақтылығы мен толықтығына т.б. талаптардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Адамдарды басқару заңдар, ережелер, жарғылар негізінде, сондай-ақ, моральдық-этикалық ұйғарымдар мен тыйымдар негізінде жүргізілетіндіктен, басқару үшін құқықтық және моральдық нормаларды білу ерекше мәнге ие болады. Заңдар, ережелер, жарғылар мәтіндеріндегі әкімшілік талаптарды көрсетуде, қажеттілік пен міндеттілік мағынасындағы модальды предикаттар осы талапқа сай келеді. Жазба түріндегі құжаттарда модальды предикаттардың маңызды да мәнді мәселелерді көрсету үшін белгілі бір ақпараттар жүйсін реттік тәртіппен тізбектелген мәтін композициясын құрайды. Мұндай модальды күрделі баяндауыштар, тармақтар құрамындағы сөйлем соңында келуі, мәтін мазмұнының желісін үзбей байланыстырып отыратын қажетті дәрежеде стильдік қызмет атқаратын, оның әбден қалыптасқан синтаксистік құрылымдарына айналады.

Мәтін мазмұнын бір үлгіге түсіріп, бір ізділікпен жүйелей жан-жақты баяндау процесінде, мәтін құрамының бірнеше бөлімдерге бөлінуі, қалыптасқан етістікті тіркестердің түйдекті түрде қолданылуы, айтылар ойды хабарлау, дамыту, тиянақты түрде аяқтау процесін атқарады. Қайталама конструкциялардың бүкіл мәтін бойынан кездесіп, оның мазмұн жүйесін реттік тәртіппен баяндауға мүмкіндігі бар іс қағаздар тілінде қолдануға болатын тиімді құрал деп есептейміз. Күрделі деректемелерді оқырманға түсінікті етіп беру мақсатында, мәтінді бөлшектеп бірнеше жай сөйлемдермен санамалап беру, шендестіріп беру сияқты тәсілдер – көптеген жанрларындағы қалыптасқан дәстүрлі жүйемен жазылу әдісіне айналған. Мазмұндық және құрылымдық күрделілігіне байланысты құжаттар мәтініндегі пікірдің реттік жүйемен құрылуы ақпараттардың түсінікті, жеңіл қабылдануына әрі мәтіннің сапасын арттырып, оқырманға түсінікті болуына ықпал етеді.



## 2.7 Қабыса байланысқан үшін шылауының қимыл есіммен тіркесуі.

Іс қағаздар тілінде сөз тіркесі есімді, етістікті және аралас түрінде және қабысу, меңгеру тәрізді типтерінде келуінде, қазіргі грамматикада көрсетіліп жүрген жүйелерден еш өзгеріссіз болғанымен, әрбір сөз тіркесінің іс қағаздар тілінде қолданылудың сандық көрінісі жағынан өз ерекшеліктерінің бар екендігі байқалады. Бұл ерекшеліктер, біріншіден, іс қағаздар стилінің жазба әдебиет жанрының өзіндік тілдік белгілері бар, бір тармағы ретінде қалыптасуымен, саралануымен, екіншіден, іс қағаздар тілінің даму процесінде сөздердің тіркесімділік қасиетінің, тіркесу қабілетінің артуы, кеңеюімен де алмасып жатады.

XVIII ғасырдың алғашқы жылдарынан қалыптасып, бірнеше ғасырдан астам уақыт әдеби тілімізде актив қызмет атқарып келе жатқан қазақ тілінің қоғамдық қызметінің бір белгісі ретінде көрінетін іс қағаздар стилінің мәтіндерінде шылаулы етістікті сөз тіркестерінің қолданылу заңдылығы, әр кезеңде әр қалай көрініс береді. Соған орай, бүгінгі іс қағаздар тілінде қабыса байланысқан шылаулы, етістікті сөз тіркестерінің аясын сөз етпекпіз.

Бұл шылаулардың -у тұлғалы қимыл есіммен қабыса байланысуы арқылы іс қағаздар стилінде қолданысының тарихи қалыптасуын, өзі қатысты сөздердің семантикасын өзгерту заңдылығы сияқты мәселелерді тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Көмекші сөздер қазақ тілі грамматикасында өзіне тән ерекшелігі бар, күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Көмекші сөздер дара қолданылмай тек дербес мағынасы бар сөз таптарымен түйдекті тіркес құрайтыны белгілі.

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, А.Ысқақов, Р.Әміров, В.А.Исенғалиева, Ф.Кенжебекова, Қ.Қадашева т.б. ғалымдар көмекші сөздердің мағынасын, түйдекті тіркес құру қызметін, шығу тарихы жөнінде зерттелген маңызды еңбектері бар.

Іс қағаздар стилінде үшін шылауының қолданысы жөнінде Б.Әбілқасымовтың, Р. Сыздықованың, Л.Дүйсембекованың еңбектерінде қазақ әдеби тілінің тарихы, әдеби норма, ішінара қазақ әдеби тіл стильдер жүйесі аясында сөз болып жеке ғылыми проблема ретінде қарастырылған жоқ. Бірақ, бұл құбылыстардың ішкі және сыртқы сипатын ашып, жан-жақты талдау барысында іс қағаздар стиліндегі қолданыс қызметінде де өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқадық.

Проф.Т.Қордабаев үшін шылауының қазірде жиі кездесетін актив түрі есім сөздер мен -у формалы етістікті тіркестердің -мақ, -мек; -пақ, -пек формалық етістікпен тіркесуі өте сирек қолданылатынын, қалып бара жатқан конструкция деген көзқараста болды. Ал газет тілінде, керісінше, үшін шылауының -мақ, -мек формалы етістікпен тіркес жасауы - ең жиі кездесетін бірден-бір актив конструкция екендігін, ертеректе олардың мол түрде мынадай түйдекті тіркесте жұмсалуды мысалдар арқылы көрсетеді:

1) *Түркістан жұртының газетінде басып шығармақ үшін біраз сөз*

жазып беріп едім (21.V.1875);

2) Балалар оқмақ үшін Ақмола қаласында жаңадан мектеп ашылған (9.XIII.1875);

Осы сөйлемдерде үшін шылауына қатысты мынадай түйдекті тіркестер бар: *басып шығармақ үшін, оқмақ үшін*. Бұл сөйлемдерде үшін шылаулы тек етістікпен ғана түйдекті тіркес құрайтыны сөз болып келеді. Бірақ *шығармақ үшін, оқымақ үшін* түйдекті тіркестің ертеректе мол болғандығын, ал үшін шылауының *-мақ, -мек* тұлғалы етістіктерімен жұмсалуды қазіргі кезде проф.Т.Қордабаевтың пікірінше «Қазіргі әдеби тілімізде *басып шығару үшін, оқу үшін* деген тәріздес конструкцияда берілген болар еді» - деп тұжырымдайды.

Л.Дүйсембекованың «Іс қағаздарын екі тілде жүргізу» атты еңбегінде XVIII-XIX ғасырларда ресми іс қағаздар тілінде шылаулар қолданысының біркелкі болмағанын тілдік фактілер арқылы дәлелдеп көрсеткен.

*Уа, һәм* шылаулары және мағынасында ресми құжаттар бетінен жиі көрініс берген. *Мен* шылауының орнына *бірлен, им, илан* шылаулары қолданылған. *Шейін, дейін* шылауларының орнына *ше* шылауын қолданғанын «*бұ уақытқа ше*» мысалдарының негізінде талдады. XIX ғасырдың басында қазақ даласында алғаш рет пайда болған «Айқап», «Ақжол» т.б. басылымында беттеріндегі жиі қолданысқа түскен шылаулар түрінің қолданыс ерекшеліктерін зерттеу объектісіне алған. *Сол және ол* сілтеу есімдіктерді үшін шылауымен тіркес құрағанда сілтеу есімдігі ілік жалғауын қабылдап, іс қағаздар стилінде молынан қолданылғанын көрсетеді. *Оның үшін, соның үшін* конструкциялы шылаулар қолданысы көркем әдебиет шығармаларына қарағанда, баспасөз және ресми құжаттар тілінде жиі қолданылғанын, оның қолданыс ерекшеліктерінің сипатын тілдік мысалдар арқылы көрсеткен. Мұндағы *соның үшін* конструкциясы *сондықтан* жалғаулығының рөлінде жұмсалса, *оның үшін* конструкциясы *өйткені* жалғаулығының қызметін атқарған. Кейбір құжаттарда *оның үшін, соның үшін* шылаулы тіркестері, қазіргі кезеңдегі *ол үшін* мағынасымен бірдей түсетінін «*Халық шаруашылығының түзеу де партия жұмысы. Соның үшін бұл жұмысты алдымен жүріп таза атқару партия мүшесінің міндеті*». «*Оның үшін жалпыхалықты потребитель құрамына кіргізіп ...*» тәрізді мысалдар негізінде құрылымдық-мағыналық сипатын, қолданыс қызметін саралай көрсеткен.

XIX ғасырдың II-ші жартысындағы қазақ әдеби тілінің тарихи ерекшеліктерін зерттеген Б.Әбілқасымов: «Сол кездегі жазба тіл нормасына сәйкес қазіргі -у формалы тұйық рай етістікке *керек, үшін* көмекші сөздерінің қосылуы арқылы берілетін етістік мағынасы құжаттар мәтіндерінде *-мақ үчін, -мақ керек* формалары арқылы берілген» - деп көрсетті.

XIX ғасырдың II-ші жартысында ресми қағаздар стилінде, қазақ тілінің эпистолярлық тілінде де *соның үчін, оның үчін* тіркестерінің *ол үшін* конструкция мағынасымен бірдей жұмсалатынын Р.Сыздықованың еңбегінде де саралай көрсетілген.

Лингвист-ғалымдардың пікірлерін жинақтай келе, *оның үшін, соның үшін* конструкциясы *ол үшін* мағынасында іс қағаздар, баспасөз тілдерінде молынан қолданысқа түскенін байқадық. Шылау сөздердің мағынасы арнайы сұраққа жауап бермейтін, жеке тұрғанда сөйлем мүшесі болмайтын, тек түйдекті тіркесте ғана сөйлемде мүшелік қызметке ие болатын қасиеті бар екені белгілі. Әдетте, дәстүрлі грамматикада шылаулар мағынасы мезгіл, мекен, бағыт, себеп, мақсат түрлеріне бөлінуі арқылы қолданыс мүмкіншіліктерінің аясы кең болып саналады. *Үшін* шылауы қимыл есіммен қабыса байланысуы арқылы түйдекті тіркес құрамында негізгі сөздердің байланысу қызметін атқарып, синтаксистік қызметін нақтылаушы және өзгертуші қызметін атқарады. Мәселен *дейін, шейін* шылаулары мекендік мағынасын нақтылау болса, ал *үшін* шылауы өзі қатысты сөздердің қимылдық мағынасын бүтіндей өзгертеді, яғни, сол түйдекті тіркес құрамында негізгі сөйлеммен бірлікте олардың семантикасын нақтылаушы болып табылады. Ресми стильде шылау сөздердің бәрін бірдей пайдалана бермейді. Бірақта құжаттар мәтіндерінде -у тұлғалы қимыл есіммен *үшін* шылауының қабыса байланысуы арқылы жиі кездесетінін байқаймыз. Мәселен Л.Дүйсембекованың «Іс қағаздарын қазақша жүргізу» атты еңбегіндегі келтірілген мысалдарын талдау арқылы, XIX ғасырдың I жартысында жеке адамдардың бір-біріне жазысқан хаттарындағы *үшін* шылауының қолданысын қарап көрелік:

*«... өйткені біз үшін жәбір жапа мен қысым күннен-күнге үдеп...»;*

*«Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты...».*

*«Бітістіру сотпен салыстырғанда билер сотының ең болмағанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы бар».*

*Біз үшін, қазақ үшін, отаным үшін* түйдекті тіркестердің негізгі сыңарлары – есімдік, зат есім және I-жақ тәуелді жалғаулы зат есім. Дәстүрлі грамматикада зат есімдері, етістік сөйлемде өзі қатысты сөздермен қиыса байланысқан сөз тіркестерін құруға тиісті. Өйткені *біз, қазақ, отан* есім сөздері нөлдік тұлғаларда келуі арқылы сөйлемнің бастауышы болуға тиісті. Олай болса, ол қиыса байланысу формасына тән. Бұл сөздердің осы тұлғада қабыса байланысқан түйдекті тіркестер формасына ауысуы, осы *үшін* шылауының тікелей әсері. *Үшін* шылауы қиыса байланысқан сөз тіркестерінің аясын тарылтып, қабыса байланысқан сөз тіркесіне ауысуы, есім сөзінің *үшін* шылауының тіркесуі арқылы өз мағынасын өзгерту себебінен деп ойлаймыз. Соған орай, іс қағаздар стилінің ерекшеліктерінің бірі деуге болатын -у тұлғалы қимыл есімге *үшін* шылауының қабыса байланысуы арқылы жасалған түйдекті тіркестер құжаттар мәтіндерінде молынан кездеседі. Іс қағаздар стилінде бұл түйдекті тіркес құрамында сөйлем семантикасын негізінен себептік, мақсаттық бағытта нақтылап тұру қызметін атқарып тұрады.

Іс қағаздар стилінде шылаулы түйдекті тіркестердің қолданылу дәрежесі құжаттар жанрларының ерекшеліктеріне сай қолданылады.

Мәселен баяндау хаттарындағы шылаулы тіркес іс-әрекеттің орындалу

нәтижесімен қатар мақсатын көрсету қызметін атқарып тұратынын байқаймыз.

Орта білім топтарын оқыту үшін сегіз класты бітірген 267 оқушы және толық орта білімді 90 оқушы қабылданды.

Жолдама хатынан алынған үзіндіде шылаулы тіркес мақсат мәнінде жұмсалып тұр.

*...кандидаттық диссертация жұмысын және авторефераттың екі данасын мемлекеттік тіркеу мен микрофильмнен өткізу үшін жіберіп отыр.*

Мінездеме құжатындағы да шылаулы тіркес мақсат және себеп мәнінде қызмет етіп тұр.

*Мінездеме Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіндегі филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын ДР 14.05.04. диссертациялық кеңеске тапсыру үшін берілді.*

Өтініш құжатындағы шылаулы тіркес өтінуші субъектінің мақсатын, себебін көрсету қызметін атқарып тұр.

*Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің 10.02.02 қазақ тілі мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ... кандидаттық диссертациямды қабылдауыңызды сұраймын.*

Анықтама құжатындағы шылаулы тіркес ой-пікірді, іс-әрекетті дәлелдеу қызметтерінде жұмсалып тұр.

*Осы анықтама Бердібаева Айгүл Оралбекқызына, оның Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті Қазақ филологиясы факультетінің күндізгі бөлімнің III-ші курсына оқитынын растау үшін берілді.*

*Анықтама Алматы қаласы Алматы аудандық паспорт бөліміне көрсету үшін берілді.*

*Анықтама теміржол және аэрофлот кассаларына көрсету үшін берілді.*

*Анықтама диссертациялық кеңеске тапсыру үшін берілді.*

Бұл талдаулардан шығатын пікір үшін шылауы есімді және етістікті сөз тіркестерін құрап, құжаттар мәтіндерінде өнімді қолданылады. Оған дәлел XVIII ғасырлардағы қазақ тіліндегі құжаттар үлгілеріндегі шылау сөздерінің молынан көрініс беруі. Уақыт озған сайын кейбір араб-парсы тілінен енген шылаулар фонетикалық, грамматикалық өзгерістерге ұшырап, даму үстінде тілдік нормаға сәйкес үнемі сұрыпталып өзгеріп отырды. Оған сол кезеңдегі баспасөз тілінің маңызы айтарлықтай болды. *Соның үшін, оның үшін* конструкциялары көркем шығармаларға қарағанда, ресми іс қағаздар стилінде өте жиі қолданылып, кейіннен үшін шылауы ресми іс қағаздар стиліне тән тұрақты тұлғаларға айналған. Мысалы, бір ғана ілеспе хаттың мәтінінде қолданылатын -у тұлғалы қимыл есімге үшін шылаулы тіркесі молынан қолданылғанын байқаймыз. Мысалы, *келісу үшін, қарау үшін, жауап беру үшін, ақылдасу үшін, шара қолдану үшін.*

## 2.8 Қимыл есімнің туралы шылауымен тіркесі

Іс қағаздар стилінің синтаксистік ерекшеліктерін айтқан кезде, сыртқы пішіні жағынан үшін шылауына ұқсас болып келетін *туралы* шылауы да түйдекті тіркес түрінде құжаттар мәтіндерінде жиі қолданысқа түседі. Соған орай, -у тұлғалы қимыл есімнің *туралы* шылауымен қабыса байланысуы арқылы іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктерінің жұмсалу заңдылықтарын анықтауға тырыстық.

Көркем әдеби шығармаларда негізінен толық мағыналы сөздерге тіркесіп, көмекшілік қызмет атқаратын атау септігіндегі *туралы* шылауының іс қағаздар тілінде қолданысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Мағыналық жағынан сәйкестендіріліп құрылған мәтін тақырыбының функциясын атқаратын *туралы* шылауының қолданысы құжаттың негізгі мазмұн желісіне бағыт, бағдар береді.

Мысалы, «*Агенттіктің құрамын қайта құру туралы*», «*өзгерту туралы*», «*іссапарға жіберу туралы*», «*күшін жою туралы*» «*қабылдау туралы*», «*ауыстыру туралы*» тәрізді мәтін тақырыбы ретінде беріліп, мәтін мазмұнындағы негізгі оймен сабақтасып жатады. Мәтіннің тақырыбы не туралы деген сұраққа жауап беру қызметін атқаратын тақырып атауы қысқа және дәл болуы қажет. Мұның себебі *жайында*, *жөнінде* шылаулары тек етістікке қатыстығымен қимылмен ғана тіркесіп, объектілік қатынаста ғана жұмсала алады. *Туралы* шылауы да осы іспетті. Бірақ *жөнінде*, *жайында* шылауларына қарағанда *туралы* шылауының нөльдік тұлғада жұмсалу икемділігіне байланысты, іс қағаздар стилі аясында қолданыс қызметі едәуір кең. Осылардың ішінде қабыса байланысқан анықтауыштық қатынаста жұмсалуын тек *туралы* шылауы ғана орындайды. Құжат мәтінінің тақырыбын көрсетуде қимыл есіммен қабыса байланысқан *туралы* шылауы анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мәселен, «*Медициналық колледжінің директорын уақытша ауыстыру туралы, жұмысқа қабылдау туралы*». Бұл тіркестегі *туралы* шылауына қатысты *қабылдау*, *ауыстыру* қимыл есімдері сол түйдекті тобымен қандай деген сұраққа жауап беріп, -у тұлғалы қимыл есімдермен қабыса байланысқан түйдекті сөз тіркестерін құрайды. Ақпараттың құжаттар жанрларының көптеген түрлерінде *туралы* шылауының қимыл есіммен қабыса байланысуы арқылы анықтауыштық қатынаста жұмсалу қызметінде осы *туралы* шылауының түйдекті тіркестерінің маңызы зор.

Туралы шылауының тақырып атаулары болып келуі жөнінде М.Балақаев: «Баспасөз беттеріндегі мақала, хабар тақырыптары сөз тіркестері ретінде келу жолдарын номинативтік қызметімен байланысты» - деген. А.Н.Баскаков: «В сфере семантики слова и словосочетания близкие между собой, потому, что обладают номинативной функцией».

Тақырып қызметін атқаратын номинативтік атаулар хабардың мазмұны жөнінде, яғни не туралы жазғанын айғақтай келе, сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем құрылымымен де беріледі. Құжаттардың жазылу заңдылығының тұрақты талабына сай басыңқы зат есімді негізгі номинативтік атау мазмұн желісін айқындайтын тақырып атауының бастауы ретінде мәтін мазмұнын

жалғастырады. Соған орай, басқару жүйесінің әр саласында қолданылған ресми құжаттарда *туралы* шылауының -у тұлғалы қимыл есіммен түйдекті тіркесі, негізгі ой желісінің ең маңызды түйініне оқырман назарын бірден аудартын функцияны атқарады.

Мысалы, бұйрықтар құжаттарынан:

*2000 жылы жұмыс тәртібін қалыптастыру туралы.*

*Мереке күндеріне өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзетті күшейту туралы*

Хаттама құжатынан:

*Кафедра пәндерінің жұмысының оқу бағдарламаларының қайта қарау және бекіту туралы.*

*Қалыптастыру туралы, қамтамасыз ету және күшейту туралы, қайта қарау және бекіту туралы* атаулы тіркестер сол тобымен қандай деген сұраққа жауап беріп тұр.

Құжат мәтіндеріндегі -у тұлғалы қимыл есімге *туралы* шылауының қабыса байланысуы арқылы атқаратын қызметі, оқырман көңілін істің кімге, неге қатысты екенін алдын ала білдіру процесі құжат мәтіндегі негізгі түйінді мәселеге назарын аударту.

Баяндау хат құжатынан:

*Құжаттарды өңдеу құралдарын сатып алу туралы*

*Жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы*

*Бүлінген электр құралдарын баланстан шығару үшін жарамсыз деп тану туралы.*

Акт құжатынан:

*Дебиторлар мен кредиторлар арасындағы есеп айыруларды салыстыра тексеру туралы.*

Еңбек келісімі құжатынан:

*Қазақ тілінен сабақ беру туралы.*

*Туралы* шылауы мағына жағынан *жайлы, жөнінде* шылаулармен толық синонимдес болғанымен, олар көркем әдебиетте көп қолданылады. Ал *туралы* шылауы нөлдік тұлғада келіп, қимыл есіммен қабыса байланысуы арқылы анықтауыштық қатынаста, іс қағаздар стилінде молынан қоланылады.

Демек -у тұлғалы қимыл есімге *туралы* шылауының тіркесуі арқылы іс қағаздар стилінде актив қолданылып, қызмет ететін негізгі құралдардың біріне айналған. Мұндай қолданыста, бұл құрылымдар оқырман көңілін істің кімге, неге қатысты екенін алдын-ала білдіріп отыратын құжат мәтіндегі негізгі түйінді мәселеге назарын аударту мақсатында айтылатынын аңғартады.

Қ.Қадашева: «Көмекші сөзді сөйлем мүшелері» зерттеу еңбегінде *туралы, жайында, жөнінде* арқылы жасалған түйдекті тіркестер іс-әрекетін объектісін білдіріп, сөйлемде көбінесе толықтауыш қызметін атқарады – десе, «Қазіргі қазақ тілінің» академиялық басылымында негізгі сөздер мен осы демеуліктердің тіркесі сөйлемде айтылған ойдың бағытын, бағдарын білдіреді делінген. Ал құжаттар мәтіндерінде *туралы* шылауының түйдекті тіркесі іс-әрекеттің, ойдың, пікірдің неге қатысты екенін білдіреді.

Мысалы: *Тұрғын үй қатынастары туралы.*

*Шарттар атап айтқанда:*

1) *күрделі жөндеу кезінде тұрғын үй беру туралы,*

2) *бұзылуға тиісті тұрғын үйді сол жерден немесе жақын маңдағы жер учаскесін салынатын тұрғын үйдің орнына тұрғын үй беру шартымен босату туралы;*

3) *құрылыс салушыға құрылыс алаңында орналасқан және бұзылуға тиісті тұрғын үйлерде тұратын азаматтарды орнына басқа тұрғын үйлер беру шартымен шығару үшін тұрғын үйлер беру туралы;*

4) *басқа жерге кетуіне байланысты тұрғын үйді сол елді мекенге қайтып келгеннен кейін басқа тұрғын үй беру шартымен жергілікті атқарушы органға немесе заңды тұлғаға өткізу туралы;*

5) *тұрғын үйдің немесе тұрғын үй кешенінің құрылысына еңбек етіп қатысқан адамға немесе құрылысты қаржыландыруға өз қаражатымен қатысқан адамға тұрғын үй беру туралы;*

6) *еңбек шартының (келісім шарттың) ережелері бойынша тұрғын үй беру туралы жасалуы мүмкін.*

Соңғы тармақтағы қимыл есім мен нөльдік тұлғадағы шылау тіркесі (жасалуы мүмкін) модальдық етістік құрылымына қатысты жұмсалып тұр. Мұндай қолданыстағы шылаулы тіркес түйдекті тобымен келуі арқылы құжат мәтініндегі не *туралы*, не *жөнінде* айтылған мәселені көрсету қызметін атқарып тұр. *Туралы*, *жөнінде*, *жайында* шылауларының қолданысы жөнінде Қ.Қадашеваның еңбегінде: «Жөнінде, жайында, туралы өзінен бұрынғы сөздің сен туралы, сіз туралы, сен жайында бірде табыс септігіне жалғанып, бірде ондай сөздерге табыс септігінің жалғауларын жалғауға болмайтын жағы айқындалады» - десе, проф. Р.Әміров *туралы* және оның варианттары *жөнінде*, *жайында* сөздерінің табыс септігі арқылы түйдекті тіркесте жұмсалатындығын көрсеткен. Ал ауызекі тілде бұл тіркестің барыс септігі арқылы да қолданыла беретіндігін анықтаған.

Стиль атаулының барлығына ортақ болып келетін *туралы* сөздері, іс қағаздар стилінде жиі қолданылып, объективті қатынасты білдіруі арқылы тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Атау септігіндегі у тұлғалы қимыл есімге *туралы* шылауының тіркесуі арқылы іс қағаздар стилінде - өзінің алдыңғы көрсетілген қызметіне қоса тән стилистикалық қызметі - құжат мәтініндегі негізгі мазмұнды дамыту, нақты бір мәселеге назар аударту функциясын атқарады. Құжат түрлеріндегі мұндай қолданыс негізгі мәліметтер тізбесін бірнеше тармақтарға, пункттерге бөліп келеді. Тармақ соңында қайталанып келетін шылаулы тіркес, ақпарат пен ақиқат мәліметтер тізбесін жасауға мүмкіндік береді. Негізгі сөздің мағынасын өзгертетін *туралы* шылауының қимыл есіммен тіркесі, іс қағаздар стилінде іс-әрекеттің объектісін білдіріп, құжаттар жанрларында толықтауыштық қызмет атқарады.

### ІІІ ЕСІМШЕЛІ ЖӘНЕ КӨСЕМШЕЛІ ОРАЛЫМДАРДЫҢ ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Өзіндік сыр-сипатқа мол сала - әр стильдің синтаксистік мүмкіншілігі. Іс қағаздар стилінің құрамында да өзінің қасиеті мен қоғамдық белгілеріне байланысты түрлі синтаксистік категорияларды кездестіруге болады. Бірақ іс қағаздар тілінің синтаксистік құрылымдарды қазақ әдеби тілінің синтаксистік құрылысынан бөлек құбылыс екен деп түсінбеу керек. Ал, іс қағаздар тілін зерттеудің күрделілігі оның көп жанрлы болып келуінде. Әдеби тілдің жеке функционалдық стилі ретінде саналатын іс қағаздар стилінің өзі, тіліміздегі синтаксистік құрылымдардың бәрін бірдей пайдалана бермейді. Сондықтан іс қағаздар стилінің синтаксистік сипаты, құрылымдардың актив және пассив түрлері, іс қағаздар стилі синтаксисінің әдеби тіл синтаксисінен айырмашылығы, синтаксистік құрылымдардың қолданылудың жиілігі мен атқаратын стилистикалық қызметі сияқты ұғымдарды қамтиды.

Демек іс қағаздар стилінің ерекшеліктерін, синтаксистік сипатын тану, тек осы стиль үшін ғана құнды емес, қазақ тілінің синтаксистік жүйесі үшін де маңызды. Соған орай, жай сөйлем немесе «күрделенген сөйлем» түрлерінің қолданылуы іс қағаздар мәтіндерінің қалың көпшілікке түсінікті болып келуі, қабылдауға ыңғайлы болуы - оның тілінің қарапайымдылығын талап етеді.

Іс қағаздар тілінде жай сөйлем түрлерінің үлес салмағының құрмалас сөйлемдерге қарағанда көбірек болуы, іс қағаздар стилінің кейбір жанрлық ерекшелігіне де байланысты. Мысалы, кейбір қызметтік хаттар тілінде қолданылатын жай сөйлемнің саны мәтіннің 70% бөлігін құрайды.

Жай сөйлем түрлерінің өзі іс қағаздар тілінде жанр ерекшелігіне сәйкес қолданылады. Қысқаша хабарлама, ресми ақпараттар - өмірбаян, түсініктеме, актілер, баяндау хат түрлері хабарлы сөйлемдерден тұрса, бұйрық, жарлық, қаулы-қарарларда - бұйрықты сөйлемдер түріндегі құрылымдар жиі кездесіп отырады. Әрине, іс қағаздар стилінде жай сөйлемдердің көп қолданылатыны оның функционалдық қызметімен байланысып жатқан ерекшелік деп айта отырып, жай сөйлемдердің іс жүргізуші авторлардың өзіндік стиль шеберлігіне сәйкес те қолданылатынын естен шығармаған дұрыс.

Іс қағаздар мәтінінің дәстүрлі жүйемен беріліп, жаңа қолданыста, тың құрылымда келуі - сол мәтіннің, стильдік сапасын арттырып,



оқырманға әсер ету процесін күшейте түседі. Мәселен, құрмалас сөйлем арқылы беруге болатын күрделі ойды бірнеше жай сөйлемдермен санамалап, тізбектеп, шендестіріп беру - іс қағаздар тілінде кездесіп отыратын құбылыс. Мұндай құбылыс туралы орыс стилистері В.А.Бахраев, Г.Н.Корякиннің айтуынша: «Наличие тенденций к «крупноблочности» изложения подтверждается и тем, что все пособия по делпроизводству настойчиво советуют заменять в документах сложные предложения несколькими простыми».

Әрбір сөйлемді талдаған кезде оларды сөз тіркестеріне, сөйлемнің түрлеріне, сөйлем мүшелеріне, оқшау сөздер мен айқындауыш мүшелерге, яғни сөйлемдердегі синтаксистік категорияларды жан-жақты айырып, танумен ғана шектелетінбіз. Қазіргі кезде сөйлемдерді осылай талдап зерттеу - синтаксис ғылымының негізгі міндеті болып табылады. Соңғы жылдары лингвистика ғылымында, оның ішінде синтаксис саласында кеңінен зерттеліп, анықтауды талап етіп жүрген мәселелердің бірі – сөйлемдер мен бөліктерінің синтаксистік байланысу түрлері, сөйлемдердің құрылымдық және семантикалық күрделенуін зерттеу қазіргі барлық тілдердің синтаксис саласындағы үлкен мәселелердің бірі болып табылады. Сөйлемдерді жай және құрмалас деп бөлу сөйлем құрылысының барлық типтерін қамти алмайды. Барлық сөйлемдерді осы қалыптасқан екі типтің аумағына сыйғызу мүмкін еместігін лингвистер атап көрсетіп, «күрделенген сөйлем» деген термин енгізді. Бұл түсініктің ішіне айқындауыштық қосалқы сөйлемдер, қыстырынды, қыстырма қосалқы сөйлемдер мен бірыңғай мүшелі типке жататын жай сөйлемнен құрмалас сөйлемге айналатын (монопредикативті-полипредикативті) сөйлемдер кіреді.

Соған орай, іс қағаздар стилінде синтаксистік ерекшеліктің бірі деуге болатын, бірақ бүгінгі іс қағаздар тілінде жалпылық сипатқа әлі ие бола қоймаған синтаксистік құрылымдар бар. Іс қағаздар стилінің осы ерекшеліктеріне сәйкес айқындауыштық мағынадағы қосалқы сөйлемдер есімшелі, көсемшелі оралымдар, қыстырынды, қыстырма, бірыңғай мүшелі сөйлемдерді жатқызамыз. Бұл құрылымдар синтаксис жүйесінде дәстүрлі қалыптасқан, бірақ іс қағаздар стиліне тән құрылымдар ретінде таныла қоймаған құбылыс. Тек В.Салагаев пен Б.Шалабайдың іс қағаздарын жүргізу нысандарын баяндау үстінде күрделенген сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің жиі кездесетіні ескертілген.

Орыс тіл білімінде іс қағаздар тіліне тікелей қатысты мәселелерді жеке ғылыми проблема ретінде зерттеу жүргізген И.С.Вольская, К.А.Логинова, А.В.Рахманин, П.В.Веселов, В.А.Бахраев, Г.Н.Корякин, В.Н.Белов сияқты ғалымдардың маңызды еңбектері бар. А.В.Щерба, А.Н.Гвоздев, М.Н.Кожина, Н.М.Шанскийдің еңбектерінде т іс қағаздар ұғымына қатысты біраз мәселелер орыс әдеби тілінің стильдер жүйесі аясында молынан сөз болды.

А.В.Щерба: «Основная разновидность канцелярского стиля имеет своей задачей представить все обстоятельства дела во всех логических взаимоотношениях вместе выводом из них в одном-целом. Отсюда вытекает культура сложных предложений по способу подчинения в канцелярском стиле» - деп көрсетсе, ал іс қағаздар тіліне қатысты толықтық пен ықшамдылық жөнінде О.А.Лаптева: «Стремление вместить в пределы одной фразы максимум необходимой информации».

Демек, сөйлем құрылымындағы ақпараттың маңызды, қажетті мәселелерін көрсетумен қатар нақтылық пен ықшамдылық талаптарын қатаң сақтау - іс қағаздар стилінің басты ерекшелігі болып табылады. Берілетін өндірістік ақпараттар толық түрдегі жедел ақиқат мәліметтердің көлемі ықшамдалып, оның мәнді де басты мәселелерін көрсету талабына, күрделенген немесе құрмалас сөйлемдер қолданысы бейім тұрады деген тұжырымдар қорытуға болады. Бірақ бұл тұжырымдарға қарсы пікірлер де бар. Мәселен А.В.Бахраев, Т.Н.Корякин т.б. лингвистер құрмалас сөйлемнің орнына жай сөйлем түрлерін қолдануды ұсынады.

Соңғы тұжырымдар іс қағаздар стилінің талабына сай келеді деп ойлаймыз. Өйткені күнделікті басқару процестерінде қызмет ететін құжаттар көпшілік қолданылатын қажетті құрал деп есептейміз. Сондықтан іс қағаздар стилінде жай немесе күрделенген сөйлем түрлерінің қолданылуы құжат мәтіндерінің қалың көпшілікке түсінікті болуып келуін, жылдам қабылдап түсінуге ыңғайлы болуын, оның тілінің қарапайымдылығын талап етеді. Іс қағаздар саласындағы ресми және директивалы құжаттар материалдарының құрамында синтаксистік құрылымдар қолданысын бақылау, есепке алу, салыстыру, негізінде байқағанымыз көбіне-көп шарт, мақсат, себеп мағынасындағы құрмалас сөйлемдер түрлері жиі қолданысқа түседі. Соған орай құжат мәтінінің тілдік құралдарын іріктеп қолдану мақсатында стилист-ғалымдар мынадай тұжырымдарды көрсетеді.

Н.М.Шанский: «Для делового стиля характерно неполные, безличные и инфинитивные предложения со значением императивности, необходимости (необходимо улучшить, поручить учащимся, предоставить старосте класса) а также страдательные обороты типа *направлен на работу, был избран в члены редколлегии*. Характерным для простых предложений деловой речи также является: 1) их обязательная распространенность; 2) прямой порядок слов ...; 3) наличие однородных членов, обособленных групп, вводных и вставных конструкций» - деп тұжырымдаса, М.Н.Кожина: «Характерно, однако, широкое употребление условных конструкций, поскольку во многих текстах (например, кодексах, уставах, инструкциях) требуется оговаривать условия правонарушений и правопорядка. Необходимостью детелизации изложения и оговорок объясняется осложнение простых предложений многочисленными обособленными оборотами, однородными членами, часто

выстраивающимися в длинную цепь пунктов. Это влечет за собой увеличение размеров предложения ( в том числе простого) до нескольких сотен слово употреблений» - деп бұл пікірді қолдайды.

Сыртқы пішіні жағынан құрмалас сөйлемдерге ұқсас болып келетін, бірақ өз алдына жеке бір «сөйлемдер» бөлініп шығып, бір бөлшегі ретінде, оқшауланып тұрады. Мұндай сөйлемдер оқшаулана айтылғанымен, әдеттегідей дербес сөйлемдер болмайды. Тек қана көмекшілік қызметте ғана жұмсалып, сөйлем мазмұнын толықтырататын құрылым. Бір-бірімен семантикалық және грамматикалық тұрғыдан тығыз байланыста келетін, күрделенген сөйлемдер тобына есімшелі және көсемшелі оралымды - қосалқы сөйлемдер тобы жатады.

Күрделі ой мен ұғымды қысқа сөйлем көлемінде жеткізу, іс қағаздар стиліне қажет құбылыс. Берілетін ой мен ұғымды шұбалаңқы қылмай қысқа, әрі нұсқа етіп жеткізу тиімді әдіс. Мәнді де маңызды мәліметтер тізбесін бір сөйлем құрылымының бойында көрсету заңдылығы құжат мәтінінде күрделенген сөйлем конструкциясын қолдануға мәжбүр етеді. Сөйлемнің күрделенген түрі іс қағаздар стилінде жиі қолданысқа түсіп, атқаратын стилистикалық қызметі зор. Мұндай құбылыс іс қағаздар стиліне тән заңдылық. Осыған байланысты қазақ тіл білімінде күрделенген сөйлем құрылысын зерттеген ғалымдар М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Қ.Шәукенов сияқты ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, іс қағаздар стиліндегі есімшелі және көсемшелі оралымдардың қолданыс ерекшеліктері жөнінде сөз етпекпіз. Әрине, кез-келген қағида, пікір, тұжырым негізсіз тың жерден алынбайды. Іс қағаздарына тән, қолдануға икемі, мүмкіндігі бар мәселелерді қарау арқылы ұсыныс, үлес қосуға тырыстық.

Іс қағаздар стилін басқа функционалды стильдермен салыстыра отырып, лингвистикалық тұрғыдан зерттеген К.А.Логинова айтылатын күрделі ойды, ұғымды бір ғана сөйлем құрылымының көлеміне сыйғызып жеткізу тәсілі - іс қағаздар стиліне тән екенін: «Преобладание отглагольных существительных, деепричастий и причастий над глаголом, пассивные конструкции, большая частотность родительного падежа, наличие сложных периодов в синтаксисе, стандарты и штампы - ... это, по-видимому неотъемлемые черты делового стиля, внутренне присущие ему, вызванные его функциональной природой». Бұл пікірді А.И.Гвоздев те: «Здесь обычно отмечают характерное для деловой речи употребление причастных и деепричастных оборотов» - деп қостайды.

Бұл ұғымнан туатын ой күрделенген сөйлем конструкциясының қолданыс әдісін жалпы әдеби тілдің синтаксистік құрылысынан бөлек құбылыс екен деп түсінбеу керек. А.И.Чижик-Полейко да: «Синтаксис официально-делового стиля в целом типичен для письменной речи» - деп көрсеткен.

Қазақ тіл білімінде, әсіресе, көркем әдебиет стилінде де молынан

қолданылатын есімшелі және көсемшелі оралымдарды іс қағаздар стилінің синтаксистік құралдарының бірі деп есептейміз. Себебі, іс қағаздар синтаксисінде күрделенген сөйлем конструкциясының жиі қолданысы, сол сөйлемнің бір бөлшегі іспеттес, мағыналық жағынан қосымша мәлімет бере отырып, ойды толықтыру қызметін атқарады. Сөйлемнің өн бойына, не болмаса жеке бір мүшесіне қатысты сөздермен айқындауыш сияқты тұлғалық жағынан ұқсас, кейде ұқсас емес болып келетін күрделенген сөйлем аясында күрделі мазмұнды жеткізудің тиімді тәсілі. Мұндай синтаксистік топтар қалай да өзі қатысты сөйлемнің ажырамас бір бөлігі ретінде өз алдына жеке қолданыла алмайды, негізгі сөйлемнен бөліне алмайтын синтаксистік қосалқы топтар. Мысалы мінездеме құжатындағы сөйлем құрылымдары:

*Кәсіптік дайындық деңгейі мен басшылық қызметтегі тәжірибесін ескере отырып, С.А.Алпамысовты бақылау-өлшеу аппараттары бөлімі бастығының орынбасары қызметіне 1 ай сынақ мерзіммен, конкурстық негізде ұсынуға болады.*

Мәтін құрылымындағы сөйлем түрі - жай сөйлем конструкциясы. Сөйлем мағыналық жағынан қос компоненттен құрылып, күрделі ұғымды білдіріп тұр. Негізгі компонент *С.А.Алпамысовты бақылау-өлшеу аппараттары бөлімі бастығының орынбасары қызметіне 1 ай сынақ мерзімімен, конкурстық негізде ұсынуға болады* деген бөліктен құрылып келсе, қосалқы компонент *Кәсіптік дайындық деңгейімен басшылық қызметтегі тәжірибесін ескере отырып* шумағын құрап тұр.

Осы қосалқы топ, сөйлем бойынан өз алдына жеке айқындалып, бөлініп шығып жатқан іспеттес. Мұндай сөйлемдер жіктеліп бөлектене айтылғанымен, олардың бойында предикаттық мағына болмайды. Олар жеке түрде түсіндірілмейді, міндетті түрде сөйлем құрылымында ғана қолданылады. Жеке тұрып дербес қызметке ие бола алмайды. Бұл қосалқы сөйлем субъектінің амалдық қасиетін ғана білдіріп, негізгі бөліктегі мағынаны толықтырып тұратын көмекшілік рөлді ғана атқарып тұр. Қ.Есенов күрделенген сөйлемдердің атқарып отырған функциясына, қосалқы сөйлемнің басқа сөздермен қарым-қатынасына, оның күрделенген түрін өз алдына жеке-жеке топтап көрсеткен.

Осыған байланысты жоғарыда келтірілген тілдік мысалдың құрылысын талдап көрейік:

*С.А.Алпамысовты бақылау-өлшеу аппараттары бөлімі бастығының орынбасары қызметіне 1 ай сынақ мерзіммен, конкурстық негізде ұсынуға болады* деген негізгі бөлік компоненті сөйлем конструкциясындағы логикалық ойды мағыналық жағынан тиянақты түрде аяқталып тұр. Алдыңғы позициядағы қосалқы топ *Кәсіптік деңгейі мен басшылық қызметтегі тәжірибесін ескере отырып, ...* сөйлем мағынасында да қосымша мәліметтер беру арқылы негізгі ой бағытын толықтыру процесін атқарып тұр. Соңғы компонент құрылымында тиянақты түрде

аяқталған дербес құрылым құрамындағы субъектінің (С.А.Алпамысовтың) біліктілігі мен білімі нәтижесін айқындай отырып, қандай да бір қызметке қабылдану немесе тағайындалу процесіне ықпал етіп тұр. Мұндағы қосалқы топ сөйлемге алдын-ала қосымша мағына беріп, толықтыру қызметін атқарған. Нақтылы фактілер арқылы субъектінің тәжірибелі, білікті, кәсіби шеберлігі ұшталған маман екендігін хабарлау арқылы негізгі сөйлемнің түсіндірмесін атқарып тұр. Ал, егер қосалқы топты негізгі сөйлем компонентінің тұлғасына тіркестірмей қолданса, негізгі сөйлем іргесі сөгілмей ой мағынасы тиянақты түрде аяқталып тұрады. Қосалқы синтаксистік топтар өз алдына оқшау қалпында синтаксистік объектіге арнайы жата қоймайтын категория болып шығады. Ол синтаксистік топтар тек негізгі компонент бөлігін жан-жақты айқындайтын категория ретінде ғана қолданылады. Сөйлемдегі негізгі бөлшек компонентіне қосалқы толықтырушы бөлшек құрылымын тіркестіріп қолданса, олар бұрынғы ойды бұзып жібермей, керісінше жан-жақты мәлімет беру арқылы толықтырып отырады. Бұлайша толықтыру әдісі сөйлемнің құрылысын да, мағынасын да күрделендіреді. Бір ойдан екінші бір ойдың өрбіп отыруына мүмкіндік туғызады. Бұл құрылымдардың іс қағаздар стиліне қызмет ету функциясы жағынан қолайлы екенін байқауға болады. Соның нәтижесінде, бір субъектіге немесе бір іс-әрекетке тән негізгі және көмекші әрекеттерді бір сөйлем бойында беру әдісімен ерекшеленетін есімшелі және көсемшелі құрылымдар - іс қағаздар стиліне тиімді тәсіл деп есептейміз. Соған орай, алдымызда тұрған мақсатымыз:

1) синтаксистік оралымдар конструкциясының (есімшелі, көсемшелі) грамматикалық статусын анықтау;

2) синтаксистік оралымдарды тудырушы грамматикалық және коммуникативтік факторларды анықтау;

3) есімшелі және көсемшелі оралымдардың іс қағаздар стилінде қолданыс ерекшелігін анықтай отырып, «кең ауқымды түсінікті, пікірді тарлау сөз көлемінде жеткізу» функциясын атқаратын синтаксистік құрылымдарды іс қағаздар стиліне тән құбылыс екенін анықтау.

Соңғы кездері лингвистика ғылымында, оның ішінде синтаксис саласында кеңінен зерттеп анықтауды талап етіп жүрген негізгі бөлшектің мазмұн желісін айқындаушы, әр түрлі амалдық түсініктеме беретін синтаксистік конструкциялар - есімшелі және көсемшелі оралымдар. Көптеген түрколог ғалымдардың еңбектерінде сөйлем күрделеніп келсе болғаны, олар сабақтас құрмалас түрінде танылып келді. Сөйлем ішіндегі есімшелердің басқа сөздермен жұмсалып отыруына қарай, жай сөйлем мүшелері бағыныңқыларға жатқызылып келді. Сөйлемнің ара жігі көпке дейін дұрыс ажыратылмай келген.

XIX ғасырдың бірінші жартысында күрделенген сөйлем жөнінде алғашқы ойлар Н.И.Греч, А.Х.Востоков, Ф.И.Буслаев, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, А.А.Потебня, А.М.Пешковский еңбектерінде көрсетілді.

Күрделі ойды білдіру қызметін атқаратын есімшелі және көсемшелі оралымдардың қолданысы жөнінде көзқарастар әр түрлі болып қалыптасты. Күрделенген сөйлемдер жайында алғашқы мәліметтер, түрліше көзқарастарын білдірген А.Х.Востоков, Ф.И.Буслаевтар өз еңбектерінде бұл құрылым туралы пікірлерін әр қалай түсіндіреді. Бұл ғалымдар өз еңбектерінде сөз еткелі отырған күрделенген категорияны бағыныңқы сөйлем қатарында танып келді. А.А.Потебня бұл тұжырымды жоққа шығарып, осындай құрылыста келген сөйлемдердің табиғатында «қыстырылған бағыныңқы» деген ұғым болмайтынын сынға алып, жай сөйлем мүшелері деп көрсетті. «Қыстырылған бағыныңқы» сөйлем жайындағы ілімнің қате, ғылыми негізі жоқ екендігін проф. А.М.Пешковский өз тұжырымымен дәлелдеді. Автор еңбегінде өзінен бұрынғы зерттеушілердің «бағыныңқының қысқарған түрі» деп көрсеткен сөйлемдерін оңашаланған тұрлаусыз мүшелер түріне жатқызып «обособленные второстепенные члены» - деп көрсетті. Түрколог ғалым Н.А.Баскаков «предложения развернутыми членами» жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің екі аралығындағы жайылыңқы мүшелер деп түсіндірді.

Соңғы кездері күрделенген сөйлем құбылысын өз алдына жеке синтаксистік категория түрінде танып, арнайы зерттеу объектісі етіп қарастырған түрколог ғалымдар А.Г.Руднев, А.А.Абдурахманов т. б. болды.

Проф. А.Г.Руднев күрделенген сөйлемдерді өз алдына арнайы жеке зерттеп, оңашаланған мүшелер, бірыңғай мүшелер, қаратпа, қыстырма конструкциялар түрінде топтау арқылы көрсете отырып, жеке өз алдына күрделенген түрін бөліп шығарды. Бұл пікірді А.А.Абдурахманов қостайды: «Причастные и деепричастные обороты носят те же смысловые функций, то что и придаточные предложения. Но в отличие от придаточных предложений, они не являются самостоятельной предикативной единицей, так как в своем составе /ее/ имеют своего сказуемого. Указанные конструкции можно было бы назвать полупредикативными единицами, так как в них обнаруживается сопутствующее сообщение, дополняющее, уточняющее основное содержание предложение». Бұл айтылған пікір обороттар мен бағыныңқылардың бір еместігін тағы да дәлелдей түседі.

Қазақ тіл білімінде оралымдар құрылысын алғашқы зерттеген С.Жиенбаев болды. «Сөйлемнің үйірлі мүшелері» мақаласында үйірлі мүшелі сөйлемнің күрделі ойды білдіретінін, құрмалас сөйлемдер қатарына қосулары керек екенін айта келіп, бірақ оны салаластар тобына да, сабақтастар тобына да жатқызуға болмайтынын ескертсе, ал 1941 жылы жарияланған «Синтаксис мәселелері» деген еңбегінде үйірлі мүшесі бар сөйлемді сабақтас құрмаластар тобына қосады.

Проф. М.Б.Балақаев қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін зерттеу барысында оның құрамында синтаксистік комплекстердің шумақ деп кездесетінін айта келіп, шумақтарды күрделенген сөйлемдер түрінің

аясында қарастырып келді.

Үйірлі мүше туралы еңбегінде С.Аманжолов алғашқыда екі позиция ұстанды. Соңынан өзгерген пікірі туралы: «Ал біз үйірлі мүше есімшені де, көсемшені де қамтиды дегенді жақтадық. Кейбір сөйлемдерді күрделі мүше дейін десең, күрделі мүше емес, сөйлем дейін десең, сөйлем емес. Сондықтан олар не күрделі мүше, не сөйлем болмағандықтан, өзінше арнайы аты болуы керек деуден барып, үйірлі мүше деген терминді алдық».

Бертін келе Қ.Шәукеновтың «Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы» деген еңбегінде «үйірлі мүше» деген атаудың түркологияда жаңа термин емес, бірақ оның табиғаты әр тілде, әр түрлі екенін көрсетеді. Бұл еңбекте автор қазақ тілінің материалдары негізінде талдау жасай отырып «үйірлі мүше терминінің мағынасы топтанған, жинақталған мүше» - деген ұғым береді деп көрсетті. Белгілі бір қызмет атқару үшін бірнеше сөз қатар тұрып, бір синтаксистік қызметте жұмсалып, сөйлем мазмұнын әр бағытта толықтырады. Мұндай мүше - өз ара субъект-предикаттық ыңғайда келетінін көрсете отырып, мысалдар арқылы талдау жасаған. Жартылай предикативтілікке ие есімшелі және көсемшелі оралымдар ерекшеліктері жөнінде әр түрлі көзқарастар көпке дейін ортақ пікірге келе алмады. Бұған есімшелі және көсемшелі оралымдардың әр түрлі атаулары дәлел. Атаулардың бір-біріне ұқсамауы, оралымдардың табиғи құбылысы кең екендігін байқатады.

Күрделенген сөйлем құрылымындағы қосалқы синтаксистік топтар қолданысы арқылы негізгі бөлшектегі заттар мен құбылыстардың, ой - пікірлердің түрлі қосымша қасиеттерін тұтас тіркестермен беру мүмкіндігі, қазақ тіл білімінде жай және құрмалас сөйлем арасындағы кеңістікті толықтырушы жаңа, тың күрделі құрылымдар тәсілдерін қалыптастырды. Мұндай құрылымдар күрделі ойды жеткізудің құрмалас сөйлемге дейінгі бір тәсілі. Негізгі етістікпен бір субъектіге ортақтасып, әр түрлі мағынадағы көмекші әрекеттерді білдіретін есімшелі және көсемшелі оралымдар - көлемді, күрделі ой-пікірді білдіру қызметін атқара алады. Осыған байланысты есімшелі және көсемшелі оралымдар бағыныңқы сөйлем мен жай сөйлем құрылымының өзіндік белгілері бойынша ажыратылатын жеке синтаксистік категория түрінде күрделенген сөйлемдер құрамына енеді. Күрделенген сөйлемдер құрылымдарын арнайы зерттеген Қ.Есенов: «Айқындауыштық қосалқы сөйлемдер және синтаксистік оралымдар» - деп екі топқа жіктеді.

Соған орай есімшелі және көсемшелі оралымдар күрделі ойды жеткізуде, бір субъектіге, бір ұғымға, бір іс-әрекетке байланысты қосымша мәліметтер беру қызметін атқаратын тәсіл - іс қағаздар стилінде қолдануға болатын оңтайлы әдіс.

### **3.1 Ған формалы есімшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктері.**

Қазақ тіліндегі құжаттар мәтіндеріндегі сөйлем құрылымдарының стильдік қолданысын синтаксистік, стилистикалық тұрғыдан зерттеп қарасақ, есімшелі және көсемшелі оралымдардың іс қағаздар шығармаларында молынан кездесетінін байқаймыз. Соның бірі - есімшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі қолданыс ерекшеліктері. Орыс тіл білімінде функционалды стиль проблемасын қарастырған О.А.Лаптева қыскалық, ықшамдылық ұғымы жөнінде «стремление вместить в пределы одной фразы максимум необходимой информации», яғни көп ауқымды оқиға желісінің мазмұнын бір сөйлем көлемінде толық жеткізу мақсатында күрделенген сөйлем құрылымын іс қағаздар стилінде қолданудың маңызы зор деп есептейміз. Соған орай, алдымызға мынадай мәселелерге көңіл бөлген жөн:

1) тіл білімінде қалыптасқан жетістіктерге сүйене отырып, қазіргі ғылыми принциптерге сәйкес есімшелі оралымның грамматикалық мәнін аша отырып, оның жеке синтаксистік категория түрінде іс қағаздар стилінде қолданылу ерекшелігін анықтау;

2) есімшелі оралымның берілу жолдарына тән заңдылықтар мен құрылымдық-семантикалық түрлерін анықтау арқылы осы синтаксистік конструкцияның қазіргі іс қағаздар тіліндегі стилистикалық қызметін анықтау.

Өзінің табиғи қызметіне байланысты айтылар ойды жүйелеп жеткізуде хабарланған - ой, оқиға желісі негізінен бір ғана субъектінің, қимыл, істің төңірегіне жинақталып сатылы дамыту арқылы бірнеше мәселені бірден қамту қызметін атқаратын есімшелі оралымдарды – іс қағаздар стиліне тән деп есептейміз.

Күрделенген сөйлемдер іс қағаздар стилінде айқындауыш тәрізді тұлғалық дәреженің біріне айналған. Есімшелі оралымның сөйлемнің өн бойындағы ойды, іс-әрекетті қосымша түрмен толықтырып айқындайтын қызметімен қоса, негізгі түйіннің мазмұнын әр түрлі сапалық, қимылдық дәрежде көрсету функциясын атқарады.

Мысалы, баяндау хатының мәтінінен:

*Орта білім топтарында оқыту үшін сегіз класты бітірген 267 оқушы және толық орта білімді 90 оқушы қабылданды.*

Мұндағы негізгі ой оқушылардың бір оқу жүйесіне қабылдануы жайында болғандықтан, сөйлемнің негізгі бөлшегі немесе түп қазығы соңғы бөлшек (*267 оқушы және толық орта білімді 90 оқушы қабылданды*). Алдыңғы бөлікте жымдаса байланысып орналасқан есімшелі оралым *Орта білім топтарында оқыту үшін сегіз класты бітірген ...* тұтасымен түйдектеліп келіп, негізгі сөйлем құрылымындағы іс қимылдың амалдық сипатын білдіріп тұр. Негізгі бөлшектегі грамматикалық субъект-бастауыш *оқушы (267 оқушы және 90 оқушы)* болса, предикат-етістік *қабылданды*. Алдыңғы бөлшектегі есімшелі оралым негізгі бөлшектегі субъект-бастауышпен және негізгі етістікпен байланысып қосымша себептік



мақсатта, сөйлемді мағыналық жағынан толықтырып тұр. Қабылду процесінің себебін көрсете отырып, қанша оқушы қабылданғаны туралы есеп беру бағытында жұмсалған.

Демек, қазақ тіліндегі синтаксистік оралымдардың функционалдық қызметі негізгі сөйлемдегі айтылған ойдың, әр түрлі амалдық қасиетін білдіріп, айқындап, толықтырып тұру мақсатында айтылады. Оралым құрамындағы сөздер қатары тұтасымен тіркесіп, синтагмалық топ құрыу арқылы ой-мазмұнының қыр-сырын жан-жақты ашып отыратын қолайлы әдіс. Мұндай есімшелі оралым құрылымы түйдекті тіркес тобын құрай келе, тұтасымен, жинақталған тобымен бір ғана ұғымды түсіндіріп тұрады.

Мұндай тиімді тәсіл көркем шығармаларында да жиі кездеседі. Көркем әдебиет шығармаларында үйірлі бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш түрлерінде кездесіп, сынын, сапасын, себебін, мекенін, мезгілін білдіретін семантикалық қызмет атқарады. Басқа стиль салаларында үйірлі мүше, немесе синтаксистік оралымдар түрлерін қолдануда жеке жазушы, журналист немесе іс жүргізушінің ізденісі мен дара стиль шеберлігімен де байланысты деп ұйғаруға да болады.

Құжаттар мәтіндерінде кездетін есімшелі оралымның қолданыс сипаты әр текті. Бастауыш кейде оралым құрылымында орналасуы мүмкін. Мысалы аттестациялық мінездеме құжатынан :

*Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппаратура бөлімінде аға инженер болып істеген кезде қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді.*

Оралым құрамында орналасу заңдылығы субъектінің жағымды қасиетін, оның қызмет атқару кезеңінде байқалғаны жөнінде айрықша көңіл бөлініп тұр. Соңғы бөлшек құрылымында субъектінің (*Алпамысов Сәкен Азатұлының*) көпшілікке жағымды мінез-құлқы жайында баяндалған. Оралым құрамындағы (аға инженер болып істеген кезінде) мезгілдік кезеңін анықтап, амал мәнді сөйлемдермен тіркесіп келген. Белгілі бір іс-әрекеттің, қимылдың орындалу барысында амалдық мән мезгілдік ұғыммен байланысып көмекші кезде сөзімен тіркесе жұмсалып тұр. Осы сөйлемдегі бастауыштың орнын алмастырып (негізгі құрылым құрамына) қоюға да болады: Мысалы, *«Бақылау-өлшеу аппаратура бөлімінде аға инженер болып істеген кезде / Алпамысов Сәкен Азатұлы қабілетті білімді ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді.* Мағыналық айырмашылығы, алғашқы сөйлемдегі бастауыш - Алпамысовтың мекемедегі жұмыс істеу кезеңін (мезгілдік мағынада) көрсетіп тұрса, соңғысында Алпамысовтың мінез-құлқы жайындағы мәлімет баса көрсетіліп тұр.

Қ.Есенов күрделенген сөйлем құрылымындағы бастауыштың оралым құрамында да жиі кездесетінін көрсеткен. Автордың айтуынша «бастауыштың бұрын, оралым құрамында қолданылуын сөйлеуші

адамның оған баса назар аударту үшін әдейі осылайша жұмсалудымен түсіндіруге болады” - деген.

Мәселен белгілі бір қоғам қайраткері немесе атақты қаламгер өмірбаянындағы сөйлем қолданысы:

*М.О.Әуезов - қазақ әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосқан көптеген шығармалардың авторы.*

Мінездеме құжатынан: *Қ.Ө.Әлиханов - өз ісін жетік білетін тәжірибелі маман.*

Тілдік мысалдардың екеуінде де алдыңғы позицияда орналасқан грамматикалық бастауыштарды негізгі сөйлем бөлігіне ауыстырса, едәуір өзгешелік байқалады. Жазушы М.О.Әуезовтың қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосуын айрықша атап, алдын-ала назар аударту да, соңынан көптеген шығармалардың авторы екенін қосалқы айқындауыш қызметінде сөйлем мәнін толық ашып тұр. Соңғы талданған сөйлемде де субъектінің (*Ө.Әлихановтың*) өз ісінің қыр-сырын еркін игерген, шеберлігімен озып шыққан тәжірибелі маман екенін қосалқы конструкциялар арқылы бір грамматикалық бастауышқа қатысты хабарды алдымен көрсетіп, соңынан тәжірибелі маман екенін көрсетеді. Мұндай сөйлемдерді қалыптасқан дәстүрмен тек қана жай сөйлем, жайылма, толымды сөйлемдер деп қарай алмаймыз. Бұлай талданған жағдайда оның табиғи бітім болмысы толық ашылмай қалады. Кейде оралымды конструкцияларды стильдік мақсатта қолданылу әдісімен де байланысты болады. Бірақта, іс қағаздар стиліне бастауыштың өз орнында, негізгі сөйлем құрамында тұруы - өзінің әр түрлі жақтан айқындала түсуіне толығырақ мүмкіндік туғызады. Себебі тілдік норма бойынша айқындауыштық сөздер әрқашан айқындалатын сөзден бұрын орналасады. Мұндай тәсіл айқындалатын объектінің мазмұн желісін алдын-ала толықтырып тұрады. Бұл конструкциялар түрлері құжат мәтіндерінде ақпараттың реттік тұрғыдан жүйелі баяндалуына әсер етеді. Демек есімшелі оралымдар - өзінің ішкі қасиеті бойынша сөйлемдік дәрежеге жетпеген, негізгі сөйлемнің мазмұн желісін айқындаушы, алдын-ала мезгілдік, себептік, амалдық түсініктеме ретінде іс қағаздар стилінде көп қолданылатын синтаксистік конструкциялар. Іс қағаздар стилінде синтаксистік оралымдардың көп қолданысы, оның функционалдық қызметімен байланысып жатқан ерекшелік деп айта отырып, іс жүргізуші-автордың өзіндік стиль шеберлігіне сәйкес те қолданылатын құбылыс екенін естен шығармаған дұрыс. Мұндай қолданыс - сол мәтіннің стильдік сапасын арттырып, оқырмандарға түсінікті болып, әсер ету процесін күшейте түседі.

Мысалы, тұрғын үй қатынастары туралы Республика заңындағы 35 - бабының 4 - тармағынан:

*Меншік иесі отбасының кәмелетке толған мүшелері (бұрынғы мүшелері) өздерінің тұрғын үй-жайды пайдалануынан туындайтын міндеттемелері бойынша ортақ мүліктік жауапкершілікте болады.*

Мұндағы есімшелі оралым *меншік иесі отбасының кәмелетке толған мүшелері* негізгі құрылым тобымен тығыз байланыса отырып, алғашқы топ арқылы екіншісінің мазмұнын ашып отыр. Егер негізгі топ құрылымы өз алдына жеке қолданылса, белгілі бір іс-әрекеттің субъектіден объектіге ауысу қатынасын міндеттілік процесімен білдіріп тұратынын байқадық. Сөйлем мазмұнын айқындап ашу мақсатында, сөйлем құрылымның мағыналық-құрылымдық жағынан кеңейте түсуге болады. Негізгі сөйлем конструкциясындағы хабарланған оқиға, әрекеттің мазмұн желісін айқындау, толықтыру мақсатында бір субъектіге тән көмекші әрекеттерді, осы оралымды конструкция арқылы берілуі - алғашқысы арқылы екіншісінің мазмұны әр жақтан ашып отырады. Есімшелі оралым грамматикалық бастауышпен тығыз байланыста субъектіге қатысты бірнеше амалдық қасиеттерін білдіру қызметін атқарып тұрады. Соған орай, бірнеше ұғымды бір сөйлем бойында беру қызметін атқара алатын ерекшеліктеріне байланысты есімшелі оралымдар құжаттар мәтіндерінде молынан қолданысқа түседі.

Мәселен, салық және бюджетке төленетін төлемдер туралы заң құжатының 14-бабының 5-ші және 20-тармағынан келтірілген үзіндіде:

*Сауда-саттықта жеңіп шыққан тұлға мен сатушы аукцион немесе тендер өткізілген күні сауданың нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.*

*Жекешелендіру объектілерін сатудан түскен қаражат емлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі, бұған Қазақстан Республикасының үкіметі белгілейтін сауда-саттық ұйымдастыру мен өткізуге кететін шығыстар қосылмайды.*

Міне, осындай қолданыста берілген бөлшектер шумақталған, тізбек құрап, негізгі сөйлемнің бастауыштарын әр жақтан айқындап тұр. Мұндай полипозициялық сөйлем құрылымындағы есімшелі оралым сөйлем семантикасын күрделендіргенімен, сөйлемді жаңа түрге өзгерте алмайды. *Сауда-саттықта жеңіп шыққан, жекешелендіру объектілерін сатудан түскен* есімшелі құрылымның позициялық бағыты амалдық жағынан ғана айқындап тұр. Соған орай, талданған мысалдар құрамының мағыналық жағынан өзгеру процесі байқалмайды. Тек есімше оралымды конструкция түйдектелген тізбек құруы арқылы өзіндік дербестігінен айрылған, келесі бөліктегі негізгі ойымен жымдаса айтылып, соған сіңісіп кеткен шоғырлы тізбектің үлгісін құруы арқылы сөйлем мазмұнын толықтыру қызметін ғана атқарады. Субъектіге қатысты негізгі және көмекші әрекеттерді бір сөйлем бойында беру әдісі – сөйлем құрамындағы көлемді ұғымды тиянақты аяқтауға мүмкіндік туғызады. Мұндай құрылым іс қағаздар стилінің талабына әбден жауап беретін құрылым. Себебі құжаттар жанрларындағы түрлі ұсыныстар мен ойларды, ақпараттар мен мәліметтерді беру процесінде сөйлемдер құрылымындағы белгілі бір логикалық ой-пікірді тиянақтап, аяқтайтын күрделенген сөйлем түрлерін пайдаланамыз. Бір грамматикалық бастауышқа қатысты (жанды, жансыз

болса да) мәнді де басты мәселелерін көрсетуде, күрделенген сөйлем құрылымының алдыңғы позициясындағы есімшелі оралымдар, әр бағыттағы қосымша қосалқы мәліметтер, ақпараттар, негізгі құрылымдағы сөйлем мазмұнын толықтыру тәсілі құжаттар мәтіндерінде қолдануға икемді.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 104-ші бабының I-ші тармағындағы сөйлем құрылымының қолданыс сипатының ерекшелігіне мән берейік.

*Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.*

Бұл құрылымдағы бас мүше бастауыш *кәсіпорын* негізгі сөйлем жігінің басында тұр. Негізгі құрылым бойындағы баяндауыш *жауап береді* сөйлем мағынасын тиянақты аяқтап тұр. Дербес үйірлі топ құрып келген алдыңғы бөлшек, шаруашылық жүргізу құқығына қатысты іс-әрекетті негізгі діңгек-бастауыштың төңірегіне жинақтап, негізгі құрылым бойындағы ой мағынасымен тығыз байланыса отырып, сол ой-пікірге қатысты алдын-ала қосымша мағыналық бағыт беру функциясын атқарып тұр. Негізгі құрылым бойындағы субъекті (*кәсіпорын*) іс-әрекетті, міндеттемелерді орындау функциясын атқарып тұр. Сөйлем айқындауыштық мүшеде жұмсалған үйірленген топтан жеке, өз алдына сөйлем шығарып жатуға ешбір болмайды. Мұндай топ сырт пішініне қарағанда сөйлем тәріздес болса да, өзіндік дербестігінен айырылған, тек қана негізгі ойымен жымдаса айтылып, біреуі арқылы екіншісінің мазмұнын ашу қызметін атқаратын шоғырлы тізбектің моделін құрайды.

Құрамында бастауышы бар есімшелі оралымдарды бағыныңқы сөйлем қатарынан танушылар, оларды кейінгі бөлшекпен байланысты түрде қарамай өз алдына, жеке алып түсіндіреді. Құрамында талдауға болатын сөйлем мүшелері болғандықтан, кейбір лингвистер синтаксистік оралымдарды құрмалас сөйлемнің бағыныңқы бөлігі деп есептеді. Мұндай синтаксистік оралымдар конструкциясында келген сөйлемдерді осындай әдіспен талдау - синтаксистің ғылыми жүйесіне мүлде сәйкес келмейтін құбылыс. Тұлғалық пішіні жағынан ғана ұқсас келіп, сөйлемдік қасиеті толық емес, негізгі сөйлем алдында оқшау тұрып, қосалқы мәнді ғана анықтап тұратын полупредикативті оралымдар, күрделенген сөйлемдер қатарын құрайды.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 129-бабының 3-тармағы:

*Бағалы қағаздарды сату кезінде пайда болған шығын шегеріс жасауға жатпайды.*

Үйірлі тізбек құрамындағы баяндауыш есімше (*болған*) негізгі құрылым бөлігіндегі бастауыштан (*шығын*) оқшауланып, жікке бөліну құбылысын байқаймыз. Алғашқы сегмент негізгі бөлік құрамындағы бастауышты өзіне үйіріп, интонациялық тұтастықта айтылатынын байқаймыз. Негізгі бөлім құрамындағы бастауыш сөзі, алдында тұрған

тізбекті топты өз бойына жинақтау қабілетінің нәтижесінде, сөйлем мазмұнының мән-мағынасын баса айқындау қызметін атқарып тұрады. Мұндай құрылымдарды бағыныңқы компоненттердің қатарына қоспай, есімше оралымды күрделенген сөйлем деп танымыз.

Мұндай қолданыс жөнінде Қ.Есенов: «Есімшемен келген үйірлі мүшелі тізбектің бағыныңқы сөйлем бола алмауының себебі - олардағы (үйірлі мүшедегі), баяндауыш әрдайым атау тұлғасында тұрады да, келесі топтағы сөздердің алғашқысымен (бастауышымен) жымдасып кетеді де, айтылу барысында олар жікке бөлініп айтылады. Ал сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің баяндауышы еш уақытта жалаң есімшенің атау тұлғасында келмейді».

Демек есімшелі оралымды құрылымдар бағыныңқы сөйлемнің талаптарына жауап бере алмайды. Мақсаты - берік тұтастықта жымдаса айтылып, шоғырланған топ құрап, айқындау, толықтыру функциясын ғана атқарады.

Лингвистикалық көзқарас тұрғысынан алатын болсақ, есімшелі оралым әдеби тілдің функционалдық стильдерінің барлығына ортақ екенін айта отырып, қолданылуының кеңдігі мен жиілігі жағынан, іс қағаздар стиліне де тән екендігін байқаймыз. Себебі кең аумақты түсініктерді немесе ой, іс-әрекеттерді тарлау сөз көлемінде беру іс қағаздар стиліне тән тиімді құбылыс. Сөйлем құрылымдарының басында келіп, негізгі мазмұн желісіне алдын-ала ақпарат беру арқылы мазмұн мағынасының бояуын күшейту үшін қолданылатын фигуралар. Осы синтаксистік құрылымның әдеби тіл нормасына сәйкес қалыптастырылып тұрақталуы, құжаттар тіліне тән - дайын тілдік құрылымдар компоненттерін қалыптастырып құжаттарды дайындау, ресімдеу мақсаттарында көп күш жұмсауды қажет етпейді.

Есімшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі стилистикалық қызметі, құжаттар жанрларына тән болып келеді. Мәселен есімшенің септік жалғаулары мен көмекші (шылау) сөздерімен тіркесіп келуі арқылы жиі кездесетінін байқаймыз. Есімшенің мұндай тұлғалық жағынан қолданысқа түсуі амал, мезгіл, шарт, себеп, мекен мағынасын білдіреді. Іс қағаздар стилінде де есімшелі оралымдар негізгі сөйлем құрылымымен қабыса байланысуы арқылы құжат мәтінінің толықтылығына, анықтылығына және сапалығына қолайлы әсер етеді. Құжат мазмұнындағы негізгі ой-пікірге қатарлас, қосалқы тіркес те басты да қажет жақтарын әр бағытта айқындап көрсетуде ерекше стильдік қызмет атқарады. Мұндай синтаксистік құрылымның стилистикалық қызметімен бірлікте жұмсалуды құжаттың қажетті үлгіде құрылуына оңтайлы әсер етеді.

Көркем шығарма стилінде есімшелі оралымдардың негізгі сөйлем құрылымымен байланыс дәрежесі, әр түрлі мағыналық бағытта анықтауыштық қатынаста жұмсалуды молынан кездеседі. Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 289-бабының 2-тармағы және 104-бабының 1-тармағынан келтірілген үзінділерде:

*Ортақтасқан міндеттемені орындаған борышқор қалған борышқорлардың әрқайсысына оның өзіне тиесілі үлесін шегеріп тең үлеспен кері талап қоюға құқылы.*

*Жедел басқару құқығымен мемлекет мүлкіне ие болған кәсіпорын қазыналық кәсіпорын деп танылады.*

*Қоғамдық қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.*

Сөйлем құрылымындағы есімшелі оралымдар тек сөйлем конструкциясының структуралық құрылысын ғана күрделендіріп қоймай, мағыналық жағынан да толықтыру функциясын атқарып тұр. Есімшелі оралымдар сөйлем мазмұнын өзгертпей тек айқындап, анықтау мақсатында, қолданысқа түсіп тұр. Негізгі бөліктегі бастауыштар дауыс ырғағымен бөлінбей оралым құрамындағы есімшелі баяндауыштармен тұтастықта айтылып тұратынын байқаймыз.

*Ортақтасқан міндеттемелерді орындаған борышқор ...*

*Жедел басқару құқығымен мемлекет мүлкіне ие болған кәсіпорын ...*

*Қоғамдық қорға оның құрылтайшылары берген мүлік ...*

Шумақталған үйірлі мүшелер, негізгі бөлшек құрамындағы бастауыш сөзінен кейін ғана интонациялық кідіріске ұшырайтыны байқалады. Айтылу барысында сөйлем құрылымының ішінара жікке бөліну процесінде ерекше роль атқаратын негізгі құрылым бойындағы субъект-бастауыш болып тұр. Субъект-бастауыштың дауыс ырғағын (интонация) бөлмей өз бойына жинақтап тартып тұру мүмкіндігінің себебін сөйлем құрылымындағы негізгі және көмекші іс-әрекеттердің бір субъектіге тән болып келуінен деп болжаймыз. Өйткені сөйлемде хабарланған ой, пікір немесе оқиға желісі бір ғана грамматикалық субъектінің (борышқор, кәсіпорын, мүлік) төңірегіне жинақталған. Соған орай, сөйлемнің құрылымдық және мағыналық жағынан ассиметриялық қатынас орнайды. Мұндай құбылыс жай сөйлемнің күрделенген түрін қалыптастырады. Бірақ жазу практикасында интонациялық кідірістен кейін үтірмен ажыратылмайды. Бұл құбылыс тек айту барысында ғана жікке белініп тұрады да, субъектіге қатысты шоғырлана айтылған сөздер тізбегі, тек сөйлем мазмұнын айқындау мақсатында қабыса байланысып, меңгеріліп тұрады. Меңгеру қабілетіндегі бастауыш қабыса байланысқан оралымды құрылымының негізгі сөйлем құрылымымен байланыстыратын дәнекер қызметін ғана атқарып тұр. Меңгеру қызметіндегі бастауыштың қызметі біріншіден, қабыспалы оралымды тіркесті өз бойына жинақтап үйіріп, негізгі ой есімшеге жетектеле келуімен ерекшеленеді. Жартылай предикативтілікке ие оралымды ұйымдастыру процесінде, есімше жетекші роль атқарады. Мұндай конструкцияда -ған құрылымы өткен шақтық формада жұмсалып, оралым құрамындағы шоғырлы тізбекті жинақтап тұрушы да, қайырып тұрушы да өзі болады.

Мысалы, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң құжатының 54 - бабының 4 - тармағы:

*Зейнетақы активтерін басқаруға арналған шарт жазбаша нысанда жасалады.*

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 303 бабының 2 - тармағы:

*Кепіл ұстаушының келісімімен кепілге салынған зат кепіл ұстаушының құлпы салынып, мөрі басылып, кепіл салушыда қалдырылуы мүмкін.*

Алғашқы сегмент құрылымдары:

*Зейнетақы активтерін басқаруға арналған ...*

*Кепіл ұстаушының келісімімен кепілге салынған ...*

Шоғырлы тізбек құрап келген оралымды құрылым, негізгі сөйлем қызметін өтеу үшін бастауыш сөзіне түрлі жақтан сипаттама беру қызметін атқарып тұр. Түйдектеліп келген сөз тіркестерінің сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай, есімшелі оралым атрибутивті-анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Сөйлемдегі негізгі ой-пікірді субъект-бастауыш өз төңірегіне жинақтап тұрса, -ған тұлғалы есімше негізгі сөйлем құрылымымен байланыстырушы «көпір» қызметін атқарушы тұлға ретінде екі жақты маңызды қызмет атқарып тұрады.

-Ған есімшелі оралымдар (шартқа, затқа қатысты) объектінің мән-жайын түсіндіру, айқындау мақсатында қандай (қандай шарт?, қандай зат?) сұрағына жауап беру функциясын орындап тұр. Соған орай, айқындалатын субъект (бастауыш) өзіне қатысты оралым конструкциясын өзіне қабыса байланыстырып, өз мұқтажын өтеу мақсатында жұмсалып тұр. Демек, айқындалатын объект оралым конструкциясы арқылы өзі туралы пікірді айқындау, анықтау мақсатында қосымша информативтік хабар беру дәрежесінде пайдаланылады. Қабыспалы оралым өз тарапынан негізгі құрылым бойындағы пікірге сәйкес айтайын деп отырған негізгі ой мазмұнын жан-жақты ашып, жалпы оқиға өрісін ширата түседі. Ой-пікірдің мән-мағынасын терең ашып, өзіндік ерекшеліктерін нақтылай көрсетуде бірден-бір мүмкіндік туғызады. Сөйлемдік дәрежеге жетпеген полупредикативті құрылымның өзіндік ерекшелігі ол жеке тұрып дербес түрде қолданысқа түсе алмайды, тек жай сөйлем құрамында тұрып, қосымша мағына беру арқылы күрделі ойды жеткізудің құрмалас сөйлемге дейінгі бір құралы ретінде қабылданады. Бағыныңқы тұлғасымен кейде ұқсас болып, астарласып жататын, бірақ сыртқы ұқсастығымен ғана ерекшеленіп, қосалқы айқындауыштық қатынаста ғана жұмсалатын, сөйлем ішінде бір синтагмаға ие болатын синтаксистік конструкция болып есептеледі. Субъектіге тән негізгі және көмекші іс-әрекеттерді бір сөйлем бойында беруде қолданылатын құрылым, айтылған ойға алдын-ала қосымша түсінік бере отырып, негізгі сөйлемнің мазмұн желісін айқындап, негізгі сөйлем бастауышымен қабыса байланысып, атрибутивтік-анықтауыштық қызмет атқарады.

Іс қағаздар тілінде оралым құрылымындағы өткен шақ (-ған)

тұлғалы есімше сөздерден басқа ауыспалы осы шақ (-атын) формалы есімшелерде қолданысқа түседі.

Мәселен мінездеме құжатынан:

*Өз жұмысына ынталы, адамдармен тез тіл табыса білетін Оспанова Гүлім Нұрлыбекқызы оқытушылар ұжымы мен аспиранттар арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген.*

Сөйлем құрылымындағы алғашқы бөлігі өз жұмысына ынталы, ..., адамдармен тез тіл табыса білетін ... ауыспалы -етін жұрнағы -ған тұлғалы есімше тәрізді шоғырлы тізбек құруы арқылы сөйлем ішіндегі субъект сөзді айқындау мақсатында қызмет атқарып тұр. Әдеттегідей, дербес сөйлемдер болмай, субъектіге қатысты түрліше көзқарастар мен кәсіби қатынастарын түрліше жақтардан саралау мақсатында қолданылады. Оралым құрылымындағы тізбекті топ, анықтауыштық қатынаста субъектінің мінез-құлқын тереңірек айқындап көрсету мақсатында туындаған талаптарға тіркесті тобымен жауап беру қызметін атқарып тұр. Негізгі сөйлем бойындағы ой-пікірге мәндес, мазмұндас бағытта қабыса тіркесіп, сөйлем мағынасын тереңірек ашу процесін орындап тұрады. Мұндай толықтыру процесі сөйлемнің мағыналық-құрылымдық тұлғаларын кеңейтіп, сөйлемнің семантикалық-структуралық жағынан күрделенуіне алып келеді. Ұйымдасқан тіркесті топ сөйлем бойындағы ой-пікір мазмұнына мәндес позицияда толықтырып, бір ойдан екінші бір ойдың өрбіп отыруына мүмкіндік туғызады. Алдыңғы сегмент (*өз жұмысына ынталы, адамдармен тез тіл табыса білетін...*) хабарланған оқиға барысына қосымша ақпарат бере отырып, соңынан (*...аспирант Оспанова Гүлім Нұрлыбекқызы оқытушылар ұжымы мен аспиранттар арасында сыйлы және олардың зор ықыласына бөленген*) негізгі ой желісі баяндалып тұр. Сөйлем құрылымындағы ой желісі бір грамматикалық бастауыштың (*Оспанова Гүлім Нұрлыбекқызының*) төңірегіне жинақталып, қимыл әрекеттің сатылы орындалуы арқылы, бір ойдан келесі бір ойдың туып жатуына әсер етеді.

Мысалы, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заң құжатының 133-бабының 2-тармағынан үзіндіде:

*Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мүлкіне салынатын салық мүлікті түгендемелік 0,1 проценттік ставкасы бойынша жыл сайын төленеді.*

Бұл сөйлем құрылымындағы алғашқы оралымдар тұтаса түйдектелген тобымен келіп, негізгі сөйлем бөлігіндегі бастауыш мүшесінің (*салық*) қосымша атқара алатын ықпалды қызметін анықтап, айқындау арқылы сипаттап тұр.

Мысалы, қолхат құжатынан:

*Қостанай қаласы, Ж. Аймауытов көшесі, 97-үйде тұратын азамат Есенгелдин Жомарттан туған атам Өскенбай Бақытовтың қайтыс болғанынан кейін қалған мүлікке менің мұрагерлік (мүлік толық аталады)*



*құқығымды ресімдеуіне сенім білдіремін.*

Бұл сөйлемдегі –атын есімшелі оралымның тобы мекен мәнін білдіру қызметінде жұмсалып тұр. Негізгі сөйлем құрамындағы оқиға барысының мекен-орнын нақтылай көрсету арқылы хабарды одан әрі дамыту процесін атқарып тұрады.

Мысалы, неке және отбасы заң құжатының 76 бабының 3 тармағы:

*Бала асырап алғысы келетін шетелдіктер баланы өзі таңдап алуға, онымен кеміне екі апта бойы тікелей жақын араласуға, қорғанымы және қамқоршысы органға баланы асырап алғысы келетіні туралы жазбаша арыз жазуға міндетті.*

Анықтауыштық мәніндегі сөйлемдер алғашқы оралымдар құрылымында тұтасымен тұрып, негізгі сөйлем мағынасын айқындау қызметін атқарып тұр. Мысалы, нотариат туралы 99-бабының 2-тармағынан алынған үзіндіде:

*Жеке практикамен айналысатын нотариус нотариаттық палатаның мүшесі болуға тиіс.*

Бұл сөйлемде алғашқы оралым құрылымы субъектіге тән міндеттілікті айқындау қызметін атқарып тұр. Синтаксистік оралымды ұйымдастырушы сөз тіркестері негізгі құрылым бөлігімен мағыналық байланысының дәрежесі әр түрлі екенін байқаймыз.

Іс қағаздар стилінде өнімді стилистикалық қызмет атқаратын тағы бір синтаксистік құрылым - шылау сөздермен тіркесе жұмсалған - есімшелі оралымдар. *Сол, кезде, кейін* көмекші сөздері есімшемен тіркесе байланысып, негізгі сөйлем құрылымының алдында орналасуы арқылы іс қағаздар тілінде молынан кездеседі.

Мысалы, нотариат туралы заң құжатындағы қолданысқа түскен сөйлем құрылымының қызметі:

*Дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде нотариус Қазақстан Республикалық азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алады.*

Бұл мысал құрамындағы синтаксистік оралымдардың қызметі, субъектіге тән белгілі бір іс-әрекеттердің орындалу процесін өз бойында көрсету қызметін атқарғаннан кейін, негізгі сөйлем құрылымындағы келесі бір ой-өрісінің өрбуіне мүмкіндік туғызу процесін атқарып тұрады.

Құрылымдық-семантикалық принцип негізінде синтаксистік оралымды ұйымдастырушы *-ған соң, ғаннан кейін, -ған кезде* құрылымдарының тұлғалық-мағыналық берілу дәрежесі іс қағаздар стилінде түрлі бағытта екенін байқаймыз. Өмірбаян құжатындағы қолданысқа түскен сөйлем құрылымдарындағы *-ған соң* конструкцияларының жұмсалыу аясы мынадай бағытта қызмет атқарып тұр.

*Училищені бітірген соң Қазақстан Республикасы Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің машбюросына жолдама алдым.*

*1986 жылы университетті үздік бітірген соң Ғылым*

академиясының Тіл білімі ғылыми-зерттеу институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылдандым.

Оралым құрамындағы шылау сөзді (-ған соң) есімше тізбектері алдымен ертеде өтіп кеткен көмекші іс-әрекеттерді білдіру арқылы негізгі сөйлем бойында мағыналық жағынан мазмұндас бағытта екінші бір қимылдың орындалғанын баяндап тұрса, екіншіден, ой-өрісінің пайда болуы алғашқы сегмент бөлігіндегі көрсетілген қимыл процесінің нәтижесінен өрбіп отыратынын байқаймыз. Мұндай құрылым құжаттар жанрларында күрделі ойды білдіру үшін жиі кездесетін синтаксистік категорияның - бірі.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 63-бабының 3-тармағында:

*Шартты түрде соттау тағайындалған кезде сот сотталған адам мінез құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдеуге тиіс сынақ мерзімін белгілейді.*

Заң тармағындағы -ған кезде оралымды синтаксистік категория полупредикативті құрылым болып келсе де, алғашқы позиция бөлігінде акпараттың мәнді де басты мәселелерін көрсететін ауқымды қызмет атқарып тұр. Негізгі құрылым қатарындағы орындалатын іс, қимыл оралым бойындағы көрсетілген маңызды бір жайдың немесе шешімнің нәтижесінен кейін ғана іске асатын жақтарын айқындап көрсету қызметін атқарып тұрғанын байқаймыз.

Іс қағаздар стилінде өнімді қолданылатын тағы бір синтаксистік құрылым – мезгілдік, себептік мақсатта жұмсалатын, ауқымды стилистикалық қызмет атқаратын -ғаннан кейін есімшелі оралымдар.

Мысалы, өмірбаян құжатынан келтірілген үзіндіде:

*Құрылысшы мамандығын жетік меңгергеннен кейін архитекторлық-жобалау институтына кіші ғылыми қызметкер мамандығына тағайындалды.*

Тұрғын үй қатынастары туралы 52-бабының 3-тармағында:

*Тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін тұрғын үй құрылыс Кооперативі тұрғын үй кооперативінің мәртебесін алады.*

Алғашқы мысалдардағы (-ған соң, -ған кезде) көмекші сөздер есімшенің атау түрімен жұмсалса, -ғаннан кейін есімшелі құрылым шығыс септігімен қоса жұмсалып тұр. (Құрылысшы мамандығын жетік меңгергеннен кейін) көмекші сөз (кейін) шығыс септігіндегі есімшемен тіркесе байланысып өткен шақ формасында жұмсалып тұр. Есімшелі оралымның мұндай грамматикалық формада жұмсалуды, оралым бойындағы оқиғаның, іс-әрекеттің негізгі ой мазмұнына дейінгі іске асу процесін көрсету қызметін атқарып тұр. Құрылымдық-семантикалық принцип негізінде синтаксистік оралымды ұйымдастырушы көмекші сөз бен есімшенің тіркесуі арқылы негізгі бөлігімен жанаса байланысу тәсіліне алып келеді. Егер атау тұлғалы есімшелер негізгі сөйлем құрылымымен қабыса байланысуы арқылы қолданысқа, есімше шылау сөздермен

тіркесуі арқылы жанаса байланысып, өткен шақ тұлғаларында жұмсалыуына алып келеді. Мұндай тұлғалардың жұмсалыу заңдылығы - бір субъектіге тән негізгі және көмекші әрекеттерді білдіретін есімше түрлі мәндегі сөздерді өзіне бағындырып, сөйлем ішінде бір синтагмаға ие болатын оралымды қалыптастырады.

Осындай жолмен аяқталған есімшелі оралым сөйлем құрылымында қолданылу ыңғайына қарай әр түрлі мағыналық дәрежеде жұмсалып отырады. Мұндай құрылымдар жөнінде Қ. Қ. Есенов: «Оралымдардағы оқиғаның бұрын орындалынып отыруына сай грамматикалық бастауыш көбінесе екінші қанаттан (түп бөлшектен) орын алып отырады. Мұның өзі белгілі бір субъектінің амалдық сипаты, іс-әрекеті екінші бір жағдайлармен тығыз байланыстылығымен айқындалады» - деген.

### **3.2 II формалы көсемшелі оралымның іс қағаздар стиліндегі қолданысы.**

Қазақ тілінде күрделенген сөйлем қатарынан орын алатын есімшелі оралымдармен бірге көсемшелі оралымдар да құжаттар мәтіндерінде молынан қолданысқа түседі. Айтылар ойды жүйелеп жеткізетін айқындауыштық мақсатта сатылы дамытып, ауқымды қызмет атқаратын көсемшелі құрылымдар іс қағаздар стилінде синтаксистік құрылымдардың бір белгісін құрайды. Негізгі етістікпен бір субъектіге ортақтасып, түрлі мағынадағы бірнеше іс-әрекетті білдіретін көсемшелі оралымдар - іс қағаздар стилінде өнімді қызмет атқарады. Құжаттардың кез-келген жанрларында өнімді қолданысқа түсетін көсемшелі оралымдар - ойды кеңейтіп, бірнеше міндеттемелерді немесе тұжырымдарды үдетпелі түрде берілу мүмкіндігін туғызады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараны айқындау туралы жадыхатта (меморандумда): *... негізге ала отырып, ... сақтай отырып, ... тани отырып, ... назарға ала отырып, ... қуаттай отырып, ... көрсете отырып төмендегілер туралы келісті* деген бір сөйлемнің өзінде бірнеше көсемшелі оралымдардың кездесуінің себебі, бұл категорияның келісімшарттағы екі жақтың міндеттемелерін, жауапкершіліктерін, құқығын білдіру мақсатында түйдектелген түрде әлеуметтік маңызды мәселелерді көрсету қызметін атқарып тұр. Көсемшелердің бұлайша топтасып келуі түсініктеме, декларация, жадыхат мәтіндерінің сөйлем құрылымдарында жиі кездеседі. Құжат мәтіндерінің қалыптасқан мәнерлеуші құралы ретінде тұрақталып, қалыпқа (клишеге) түскен құрылымдар. Көсемшелі оралым конструкциясының ережелер, заңдар, жарғылар т.б. құжаттар мәтінінде берілетін күрделі ой-пікірлерді құрылымдық-семантикалық жағынан бірыңғай бағытта түйдектелген түрде тізбектей беру ерекшелігі, іс қағаздар стилінде қолдануға болатын құбылыс екенін дәлелдейді. Көсемшелі оралымның мұндай үдетпелі түрде

берілу заңдылығының тиімділігі, хабардың толықтығын көрсетуімен қатар, ауқымды ұғымды бір сөйлем бойына сыйғызып, үдетпелі түрде берілуі, бірнеше ақпарат көлемін қамтуға мүмкіндік береді.

Іс жүргізу талабының заңдылығына сай, көсемшелі оралымдар құжат мәтінінде көрсетілетін басты мәселелердің мазмұн желісін айқындаушы амалдық түсініктеме ретінде хабарды жүйелеп беруде, ақпараттың маңызды, қажет ететін жақтарын айқындап көрсетуде, құжат мәтінінің толықтығы мен сапалығын сақтау мақсатында, күрделі ойды бір сөйлем бойына сыйғызып беруде маңызды стилистикалық қызмет атқарады. Соған орай, ойды образды, үдетпелі түрде берілу тәсілінің бар екендігін көрсеткен А.Байтұрсынов: *«Байлыққа кім тұрғанда Досан тұрған, Қасында Байжан сымал қоса тұрған; Қорадан он төрт мың қой бірден ерген, Аламан шенен шыққан Асан тұрған; Шапса қылыш өтпейтін Мұсам тұрған, Сөйлейді маған неге осы антұрған»* - деген мысал келтіреді де, *«Сөйлем бойындағы соңғы оралым Мұсам тұрған деп айтқан жерге дейін ой дәуірлеген бетімен келеді. Одан әрі сөйлейді дегеннен бастап, ойдың беті келе жатқан бағытын тастап бұрылып кетеді»* - деп талдаса, келесі мысалында *«Қосылып бірнеше адам ортақтасып, ой салып ортасынан дүкен ашып. Саудасы жұғымды боп байып әбден, Шат болып көңілдері ұдай тасып. Ақшаны төбедей ғып үйіп қойып, үйлесіп отыр еді шуылдасып, Үйі жанып барады деп қабар берді. Жүгіріп біреуі түсі қашып* - деген мысалында: *«Мұнда ойдың дәуірлеген беті шуылдасып деген сөзбен бітіп, сонан әрмән беті бері бұрылады»* - деп көрсетеді

Алғашқы мысалда бірыңғай -ған тұлғалы есімшелі баяндауыштар қатары келсе, келесі мысалда -п формалы көсемшелі баяндауыштар қолданысы сөйлем құрылысының тізбектеліп келуіне әсерін тигізіп тұр. Сөйлем құрылымындағы соңғы бөлшектері (*сөйлейді маған неге осы антұрған, Үйі жанып барады деп қабар берді, жүгіріп келіп біреуі түсі қашып*) түйдектеліп келген тіркестер тізбегі қайырылып, ой жүйесін тиянақты аяқтап тұр. Алдыңғы позицияда тұрған түйдекті тіркестер бірнеше ой-пікірді амалдық сипатта баяндау міндетін атқарып тұр. Мұндай үдетпелі түрде келген бөлшектер құрамындағы ерекшелік, негізгі ой-пікір бірлігімен іргелесе қатарласып, үтір арқылы ажыратылып тұр. Бірақ ғалым сөйлемді құрылысына қарай талдап жатпайды. Орамды терминін сөйлем құрылысына қатысты емес, тек сөйлем құрамындағы ойды жалғаспалы түрде берілу процесін атау үшін ғана қолданылғанын көрсетеді. Осы ұлы ғалымның *орамды* деп айтылған ұғымның күрделенген ой-пікірді білдіру қызметін атқаратын синтаксистік оралымдар құбылысының құрылымдық-мағыналық жағынан ұқсастық бар ма деген мақсатпен салыстырмалы түрде егжей-тегжейлі қарастыру еді. Ойды образды, үдетпелі түрде берудің тиімді жолы бар екенін А.Байтұрсынов мына мысалдарды келтіре отырып, орамды деп атайды.

Мұндай түйдекті түрде келген синтаксистік конструкциялар қызмет ету жағынан да, мағыналық жақындығымен де іс қағаздар тілінде өнімді

қолданылатын құрылымдар түрімен сәйкестеніп жатқан секілді. Себебі кейбір құжаттар жанрларында ақпараттың толықтығын қамтамасыз ету мақсатында, баяндау үлгісі бірыңғай келген сөйлем мүшелеріндегі (*негізге ала отырып, ескере отырып, қуаттай отырып*) көсемшелі оралымдар өз алдына шумақ құрап, жеке қайырыла айтылуына әсерін тигізеді. Осындай қағидаларға байланысты ұлы ғалымның орамды сөйлем туралы ойларының негізінде, осы көсемшелі оралымдар құбылысының мәнімен де, қызметімен де ұштаса байланысып жатқан жоқпа деген ой туады. Осыған байланысты қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі А.Байтұрсыновтың *сөйлемдерді құрылуынша түрлерге айыруына* ден қойып қарағанда *орамды* немесе *өрнекті* сөйлемнің «Сөйлегенде сөйлемді тақ-тұқ қысқа айтып білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып қайтатын түрі де болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деп айтылады» - деген А.Байтұрсыновтың анықтамасының байыбына барар болсақ, қазіргі кезде барлық лингвистер атап жүрген оралымды сөйлемдер құбылысына балама табатын тәріздіміз. Соған орай, іс қағаздар стилінде де төмендегідей синтаксистік қолданыстардың молынан кездесіп отыратынын теріске шығара алмаймыз.

*1981 жылы Ақсу ауданындағы Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектепті бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік аяқтап, 1986 жылы сол университеттің тілдер білімі кафедрасына оқытушылық қызметіне қабылдандым.*

*Училищені 1981 жылы бітіріп, стенографияны, шетелдік машинкада басу және ұйымдастыру ісінің техникасын жетік меңгеріп, хатшы-машинистка мамандығын алдым.*

Сөйлемдердің қай қайсысында болмасын алдыңғы позицияда орналасқан көсемшелі құрылымдар негізгі сыңардағы белгілі бір субъектіге қатысты жұмсалып, соның мән-мағынасын, қыр-сырын жан-жақты ашып отыр. Олар сөйлемнің ішінде ғана жеке қызметке ие болады да, дербес түрде жеке қызметке ие бола алмайды. Көсемшелі оралымдар үтір арқылы ажыратылып тұрғанмен де, сөйлем құрылымында негізгі мазмұнын сипаттағыш мәнде толықтыру процесін атқарып тұрады. Көсемшелі оралымдар күрделенген жай сөйлем қатарында тұрып, баяндауыштан гөрі амал, себеп, мезгіл пысықтауыштың рөлін атқарып тұрады. Синтаксистік оралым құрамында көсемше баяндауыштан гөрі пысықтауыштық қызмет атқаратын ерекшелігі жөнінде қырғыз тілінің көсемшесін зерттеген А.Тұрсынов: «Деепричастие, образующее деепричастный оборот, не выполняет функции сказуемого, а является лишь обстоятельством, поясняющим главные действие» - деген тұжырымымен ойымызды растайды.

Соған орай сөйлем құрылымындағы бірінші сегмент бөлігінде (1981 жылы Ақсу ауданындағы Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектепті бітіріп, ) мезгілдік мәнде айқындалып тұрса, (... Қазақ мемлекеттік

университетінің филология факультетін үздік аяқтап, ... шетелдік машинкада басу және ұйымдастыру ісінің техникасын жетік меңгеріп) амалдық сипатта толықтыру процесін атқарып тұр. Оралымдар мен негізгі сөйлемдер аралығындағы мағыналық байланыстарға қарағанда, алдыңғы бөлшек соңғы бөліктегі хабарланған ой желісінің қашан, қай кезде орындалу процесінң мезгілдік мәнін білдірсе, екінші бөлікте іс-әрекеттің қалайша, қайтіп орындалуының амалдық сипатын білдіру қызметін атқаруы арқылы негізгі бөлікке түсініктеме ретінде келеді. Негізгі субъектіге тән қосымша мәліметтерді тізбектей, үдетпелі түрде алдын-ала берілу заңдылығы, негізгі құрылым бойындағы сөйлем мазмұнының желісін қосалқы түсініктемелер арқылы кеңейтіп, күрделі ойды жеткізудің тиімді тәсілі деп есептейміз. Осы тілдік мысалдарға байланысты ескерте кететін жағдай, талдауға алынған сөйлемдердің қай-қайсысында болмасын, сөйлемнің грамматикалық бастауышы арнайы қолданылмағанын байқаймыз. Сөйлемде айтылған ой немесе пікір бір ғана грамматикалық субъектіге іс-әрекетке қатысты екенін сөйлем мазмұнына қатысты желісінен, баяндауыш формаларының берілуінен белгілі болып тұрады. Немесе алғашқы бөлшекқатарында бастауыштың арнайы қолданылмауы, алдыңғы контекстегі сөйлемдермен де тығыз байланыста болып келуінің себебінен деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі құжатының 136 - бабында:

*Баланың кәмелеттік /он сегіз/ жасқа толмағанын ескере отырып, тиісті мүдделерін негізге ала отырып, сот баланы ата-анадан /олардың біреуінен/ оларды ата-ана құқықтарынан шектеу туралы шешім шығара алады.*

Мұндағы алғашқы позицияда орналасқан баланың кәмелеттік /он сегіз жасқа толмағанын ескере отырып, тиісті мүдделерін негізге ала отырып, көсемшелі оралымдар субъектіге (баланың) қатысты негізгі құрылымдағы ой, пікірге дейінгі мазмұнға жүйелес мағынадағы міндеттерді, талаптарды көмекшілік мәнде алдын ала жариялап тұр. Негізгі бөлшек құрылымындағы субъект (*соттың*) белгілі бір маңызды мәселені шешу процесінде, оның қосымша міндеттемелері мен жауапкершілік қызметін көрсетуді көсемшелі оралымдар атқарып тұр. Көсемшелі оралымдар туралы П.В.Веселов: «Деепричастный оборот служит средством передачи действия, происходящего одновременно или в связи с другим действием. ...дело в том что обязательным условием употребления деепричастных оборотов является то, что два действия, одно из которых выражено глаголом-сказуемым, а другое деепричастием, должны осуществляться одним и тем же лицом (или относиться к одному лицу) - дей отырып, мына мысалдарды келтіреді. *Проработав всего два месяца, он испортил отношения с начальником цеха.*

Көсемшелі оралымдар хабарланып тұрған негізгі ойға, мәліметке қосымша мағынаны үстемелеп, күрделі ұғымды бір сөйлем бойында беру

ерекшелігі туралы А.В.Рахманин еңбегінде де көрсетілген.

А.В.Рахманин: «Пользуясь деепричастным оборотом, можно сформулировать причины, послужившие основанием для принятия того или иного управленческого решения. Деепричастным оборотом следует начинать, а не завершать фразу. «Учитывая...», «Считая ...», «Принимая во внимание...», «Руководствуясь...».

Бұл құрылымдарды іс қағаздар стилінің осы ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан құрылым деп есептеуіміздің себебін Н.М.Шанскийдің тұжырымында жақсы көрсетілген: «Для делового стиля характерно широкое использование сложных синтаксических построений... Если в публицистике он усиливает воздействие речи на слушателя за счет своей необычности, экспрессивности, то в деловом стиле период выполняет конструктивную функцию – собрать воедино все части смыслового целого».

Кең аумақты түсінікті тарлау сөз көлемінде жеткізуге құжат жанрларында өнімді қызмет атқаратын көсемшелі оралымдар, іс қағаздар стиліне тән құрылымдардың біріне айналған. Бұл синтаксистік құрылымдар жай және құрмалас сөйлем арасындағы кеңістікті толықтырушы, қалыптасқан дәстүрлі құрылым болып есептеледі. Соған орай айтылатын ойды образды түрде кеңейтіп хабар беру мақсатында қолданылатын конструкция. Бір субъектіге қатысты бірнеше қосалқы әрекеттер тізбектеліп, үдетпелі позицияда жұмсалуды, мағыналық жағынан кеңеюіне мүмкіндік береді. Оралымды тудырушы қосалқы іс-әрекеттер сөйлем мағынасын анықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста толықтырып, сөйлем құрылымын күрделендіруге бейім тұрады.

Жалпы сөйлем мүшесі де, сөз тіркесі де, құрмалас сөйлемнің әрбір сыңары да тек сөйлемде тұрып қызмет ету функциясын атқарады.

*Кәсіптік дайындық деңгейі мен біліктілігін ескере отырып, тәжірибесін назарға ала отырып, Н.С.Нұртазаевты конкурстық негізде статистика бөлімінің бастығы қызметіне ұсынуға болады.*

Мысалдағы -п тұлғалы көсемшелердің бірыңғай құрылымда түйдектеліп келу ерекшелігі, оның әр бағыттағы мағыналарын беру ыңғайында, ойды түрлі жақтан сипаттау қызметін атқарып тұр. -П тұлғалы құрылым бойындағы оқиға желісіне немесе - белгілі бір ұғымға қатысты жұмсалып, оның кейбір мән-мағынасын, қыр-сырын ашу қызметін орындап тұр. Өйткені алдымен белгілі бір қимыл, әрекеттің болғаны туралы баяндалады да, соңынан негізгі ой өзегінің өзіне беріледі. Сегменттік бөліктер негізгі оқиға желісіне қатысты қосалқы түрде оқиғаны алдын-ала түсіндіру, уақытын көрсету, оқиғаны нақтылау, оған түйіндеме беру секілді түрлі қызмет атқарады. Ал жоғарыда келтірілген мысалдағы тізбектелген қосалқы топ (Н.С.Нұртазаевтың) субъектінің лауазымдық орынға ұсынылу себептерін толық көрсету функциясын атқарып тұр.

Көркем шығарма стилі тәріздес іс қағаздар стилінде де көмекші,

толықтырушы сипаттағы әрекетті білдіріп, бағындырушы етістікпен пысықтауыштық мезгіл, себеп, мақсат, амалдық қатынастарда қызмет атқарып тұрады.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 157-бабының 9 -тармағы бойынша үзіндіде:

*Мәмлени жарамсыз деп тани отырып, сот нақтылы мән-жайларды ескеру арқылы оның одан әрі орындалуына тиым салуға құқылы.*

Мысалдағы -п тұлғалы көсемше қызметі хабарланған оқиға, іс-әрекеттің қалайша, қайтып орындалып отырудағы амалдық сипатын білдіріп, сөйлем құрылымының жүйелі баяндалуына негіз болып тұр. Жартылай предикативті құрылым негізгі ойға қосымша түрде алдын-ала мәлімет беру, айтылар ойдың мазмұнын толығырақ ашып, оқиға барысын айқындау қызметін атқарып тұр. Мұндай полупредикативті конструкциялар дербес түрде қолданылмайды. Көсемшелі оралымдар жартылай предикативті сөйлем түрінде өзі қатысты сөйлемнің ажырамас бір бөлшегі іспеттес мағыналық жағынан тиянақтап тұр. Егер көсемшелі оралым сөйлем құрамынан алынып, жеке көрсетілсе де, сөйлем өзінің мағынасын, ой іргесін толық сақтап қалады.

*...сот нақтылы мән-жайды ескеру арқылы оның одан әрі орындалуына тиым салуға құқылы.*

Сөйлемдегі негізгі ой да - осы. Егер оралым негізгі сөйлем құрылымымен қосыла айтылса, сөйлем жаңа түрге өзгерілмей, керісінше, бұрынғы ойды жан-жақты толықтырып, құрылымдық-семантикалық жағынан күрделендіріп, екі пікірдің қатар көрсетілуіне мүмкіндік туғызып тұр.

Мәселен көсемшелі оралымдардың сөйлем құрамындағы көмекші әрекеті заң тармағындағы басты да мәнді мәселеге оқырман назарын аударту қызметін атқарып тұр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінен келтірілген мысалдар құрылымында:

*Нақты мән-жайларды ескере отырып, сот осы баптың 4-ші және 5-ші тармақтарында көзделген салдарды, жарамсыз мәміле бойынша алынған, не алынуға тиісті мүлікті тәркілеуге қатысты бөлігінде ішінара не толық қолданбауға құқылы.*

Негізгі сөйлем бойындағы мәселеге алдын-ала үзілді-кесілді шешім қабылдау қызметінде жұмсалыуы:

*Мәмілені жарамсыз деп тани отырып, сот нақты мән-жайларды ескеру арқылы оның одан әрі орындалуына тиым салуға құқылы.*

Негізгі бөлім құрамындағы оқиға желісінің уақыт мөлшерін анықтау қызметін атқарып тұрған өмірбаян құжатындағы қолданысқа түскен оралымды құрылымдардың көрінісі:

*1981 жылы Ақсу ауданындағы Лияс Жансүгіров атындағы мектепті бітіріп, Қазақ мемлекеттік университетін үздік аяқтап, аталған университеттің тіл білімі кафедрасына оқытушы қызметіне*



*қабылдандым.*

*1988-91 жылдар ҚазУП-дің өндірістен қол үзбей оқитын аспирантурасында оқып, 1991 жылы кандидаттық диссертация қорғадым.*

Осы сөйлемдердің қайсысы болса да оралымдардың бірыңғай түрде -п тұлғалы көсемшемен берілуі арқылы негізгі ой мазмұнын әр саладан толықтыру мақсатында пысықтауыштық қатынаста жұмсалған. Алдыңғы бөлшектегі оралымдар тұтасымен келіп негізгі бөлшектегі хабарланған оқиға, іс-әрекеттің қалайша орындалып отыруының амалдық сипатын білдіріп отырса, соңғы сөйлем құрылымындағы хабарланған ақпарат, оқиға барысының мезгіл мөлшерін білдіру қызметінде жұмсалып тұр.

Көсемшелі оралымдар жазылу, айтылу үрдісінде паузалық сипатқа ие болады. Синтаксистік оралымды ұйымдастырушы көсемшелі тіркестер сөйлем құрылымының негізгі бөлігімен байланыс дәрежесі алшақ түрде, баяндауыш формалары арқылы жанаса байланысады. Есімшелі оралымдар негізгі сөйлемнің құрылысына сіңісе (қабыса) байланысуы арқылы келсе, көсемшелі оралымдар даралық қасиетін сақтай отырып айтылады. Соған орай, көсемшелі оралымдар жазылу нормасында үтірмен ажыратылып отырады. Көмекші әрекеттерді білдіретін есімше де, көсемше де әр түрлі мәндегі сөздерді өзіне бағындырып, сөйлем ішінде бір синтагмаға ие болатын оралымды қалыптастырады. Осы ерекшеліктерін саралай келе, синтаксистік оралымдарды іс қағаздар тілінде толығынан қолдануға болатын тиімді фигуралар деп есептейміз. Себебі мұндай конструкциялы сөйлемдер арқылы кең, ауқымды ұғымды, тар сөз көлемінде жеткізу мақсатында қолдануға әбден болатын стилистикалық әдіс деп есептейміз.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы: Санат. 1994.
2. Аманжолов С. Үйірлі мүше туралы. Қазақ тілі мен әдебиет. 1959. № 21.
3. Аманжолов С. Сөйлем мүшелерін топтастыру мәселесі.- Алматы: Тіл мәселелері. Мақалалар жинағы. II кітап 1976.
4. Аманжолов С., Әбілқаев А., Ұйықбаев И. Қазақ тілі грамматикасы. II бөлім. Синтаксис - Алматы: 1958.
5. Ахматов И.Х. Структурно-семантические модели простого предложения в современном карачаево-балкарском языке. Нальчик: Эльбрус, 1983.
6. АбдурахмановТ.А. Основы синтаксиса сложного предложения узбекского литературного языка. Автореф. докторск. диссерт. Ташкент. 1960.
7. АбдурахмановТ.А. Синтаксис осложненного предложения. -М.: Наука, 1971.
8. Абилов А.С. Причастные обороты в современном азербайжанском языке. Афтореф. диссерт. кандид. филолог. наук. Баку. 1962.
9. Арутюнова Н.Д. Предложнеия и его смысл. Логико семантические проблемы. - Москва.: Наука, 1976.
10. Ақаев С. Іс қағаздар үлгілерін тіл жүйесіне үйлестіре жасау қажет. (Мемлекеттік тіл. . . . Астана. 1999). Конференция материалдары.
11. Акшина А.А. Акшин Т.Е. Этикет русского телефонного разговора. - М.: 1990.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. -Алматы: Мектеп, 1965.
13. Аблақов Е., Ағманов Е., Исаев С. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің даму мен лексикалық процесі. - Алматы: Санат. 1997.
14. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: Ғылым, 1976.

17. АрғыновХ. Қазақ тілі методикасы (синтаксис, пунктуация). Алматы: Мектеп. 1974.
18. Андреева Б.И. Делопроизводство. - М: 1994.
19. Андреева Б.И. Инструкции, по документационному обеспечению деятельности фирмы. - М:АО. «Технолюк» -2, 1994.
20. Артемов О.Ю., Ермакова И.Н., Овчинникова Н.В. Фирма управление, кадры и документы. - М.: Атлантцентр, 1993.
21. Альбов А. С. Письмо зарубежному партнеру. - СП б: Судостроение, 1991.
22. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. - Алматы:Ғылым. 1977.
23. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі.- Алматы: Санат. 1998.
24. Әділбек Жақып. Іс жүргізу. - Астана. Наурыз. 2000.
25. Баскаков Н.А. Словосочетания в современном турецком языке. Наука: 1974.
26. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: Санат. 1977.
27. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисінің негізгі мәселелері. Филол. ғылым. докт. диссерт. авторефераты. Алматы. 1950.
28. Балақаев М., ҚордабаевТ. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы: Ғылым, 1971.
29. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ғылым, 1992.
30. Балақаев М. Тіл мәдениетінің мәселелері.- Алматы. 1971.
31. Балақаев М. Қазақ тілінің граммтикасы. 11 том. Синтаксис. Алматы. 1976.
32. БалақаевМ., Томанов М.,ЖанпейісовЕ., МанасбаевБ. Қазақ тілінің стилистикасы. -Алматы. 1974.
33. Бахраев К.А., Корякин Т.Н. Делопроизводство. - Москва, 1970.
34. Большаков И.А. О некоторых лингвистических особенностях деловой прозы. Семиотика и информатика. Выпуск 26, 27. М. 1985.
35. Будагов Р.А. Проблемы развития языка. - М-Л.: 1965.
36. БогдановВ.В.Семантико-синтаксическая организация предложения -Л.: Издат. Ленинградского университета. 1997.
37. Виноградов В.В. Некоторые задачи изучения синтаксиса простого предложения. (Вопросы языкознания) - Москва, 1954.
38. Виноградов В.В. Русский язык. - М-Л. 1974.
39. Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. М.: Высшая школа, 1981.
40. Веселов П.В. Современное деловое письмо в промышленности. Москва, 1990.
41. Веселова Р.Б. Деловой телефонный разговор. Методическая разработка. - Москва, 1991.
42. Веселов П.В. Аксиома делового письма: культура делового общения и

- официальной переписки. Изд. 4-е Москва, 1993.
43. Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. 3 изд. Москва, 1965.
  44. Грамматика современного русского литературного языка. Раздел: Синтаксис простого предложения. -М.: Наука 1976.
  45. Головин Б.Н. Основы культуры речи. - М.: Высшая школа. 1980.
  46. Головач А. С. Оформление документов. Изд. 2-е. - Киев-Донецк: 1983.
  47. Гак В.К. О двух типах знаков в языке. //В сб. Материалы конференции «Язык как знаковая система особого рода» - М.: Наука, 1976.
  48. Данеш Ф. Некоторые предложения о семантической структуре предложения. / /В кн. Н.Д: Арутюновой Предложения и его смысл. - М.: Наука, 1976.
  49. Давлетов М. Структурные типы простого осложненного предложения в современном каракалпакском языке. - Автореф. докт. диссерт. Нукус. 1989.
  50. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. - Л. Изд. Восточн. литература. М-Л.: 1948.
  51. Дмитриев Н.К. Детали простого предложения. / /Исследования по сравнительной грамматикетюрских языков. Синтаксис. Т. 3.- М.: 1961.
  52. Дүйсембекова Л. Екі тілде іс жүргізу. - Алматы. 2000.
  53. Дүйсембекова Л. Қазақ тіліндегі бұйрық райдың құрылысы мен мағынасы. - Алматы. 1999.
  54. Демесинова Н.Х. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Синтаксис. Изд. Наука. Каз. ССР. - Алматы: 1966.
  55. Демесинова Н.Х. Синтаксическая стилистика современного казахского языка. - Алма-Ата: Наука. 1988.
  56. Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. - Алматы: Ғылым. 1974.
  57. Ергазиева Н.И. Обогащение официально-деловой лексики в казахском языке. В кн. «Проблемы казахской терминологии». Алма-Ата: Издат: «Наука» 1986.
  58. Ергазиева Н.И. Лексико-стилистические особенности официально-деловой речи казахского литературного языка. В кн. «Лексико-стилистические вопросы перевода» - Алма-Ата: Издат. «Наука». 1987.
  59. Ергазиева Н.И. Влияние русского языка на развитие официально-деловой речи казахского языка. В кн. «Русский язык в Казахстане и проблема казахского, русского двуязычия» - Алма-Ата: Издат.«Наука». 1988.
  60. Ергазиева Н.И. Формирование и функционирование официально-деловой речи казахского языка. В кн. «Языковая политика в Казахстане и проблемы ее реализации» -Алма-Ата: Издат: «Наука» 1990.
  61. Ергазиева Н.И. Формирование и развитие официально-деловой речи на

- казахском языке. Автореф. на соиск. дисс. канд. филол. наук - Алма-Ата, 1972.
62. Ергазиева Н.И. Развитие официально-деловой речи в современном казахском языке. // Преподавание русского языка в казахских группах вузов / сборник статей/ выпуск 3.
63. Ерназарова З.Ш. Қазақ тіліндегі көсемше оралымды өйлемдердің семантико-грамматикалық аспектісі. Филол. ғылым. кандид. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. - Алматы, 1998.
64. Жармакин О.К. Побудительные предложения в современном казахском языке. Автореферат. - Алма-Ата. 1970.
65. Жубанов К. Исследования по казахскому языку. - Алма-Ата: 1966.
66. Жұбанов К. Қазақ тілі грамматикасы. - Алматы. 1996.
65. Жабасова А. Способы передачи атрибутивных отношений в казахском и русском языках в официально-деловом стиле. / Мемлекеттік тіл ... Астана. 1999/ Ғылыми-теориялық конференция материалдары.
66. Жиенбаев С. Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы. / Тіл мәселелері, 2-жинақ / - Алматы: Қазақ баспасы, 1936.
67. Жақыпов М., Сапарбекова Ә. Іс қағаздардағы екі, үш құрамды терминдер мен сөз тіркестері. - Астана. 2000.
68. Жанпейісов Е. Қазіргі қазақ тіліндегі модаль сездер. Автореф. на соиск. диссерт. канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1958.
69. Зайнуллин М.В. Функционально-семантическая категория модальности в современном башкирском языке - Автореф. диссерт. доктор. филол. наук. - Алма-Ата, 1958.
70. Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. - Казань. Изд. Казанского университета. 1963.
71. Золотова Т.А. Очерки функционального синтаксиса русского языка. - М.: Наука. 1973.
72. Исаев С. Қазақ тілінің тарихы. - Алматы: Мектеп. 1989.
73. Исаев С. Қазақ тілі жайлы ойлар. - Алматы: Атамұра, 1997.
74. Исаев с. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы: Рауан, 1998.
75. Исаев С. Некоторые особенности употребления послелога «үшін» в языке казахской периодической печати. Қазақ тілі мен әдебиеті. - Алматы
76. Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. - Алматы: 1994.
77. Ищанов К. Повелительное и желательное наклонение в современном казахском языке. - Алма-Ата. 1963.
78. Ибатов А. Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1975.
79. Илюшенко М.П., Кузнецова Т.В. Формуляр документа. Учеб. пособие. - М.: МТИАИ, 1986.
80. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. - М.: Просвещение, 1983. .

81. Кузнецова Т.В., Лосева В.И. Управленческая документация: Учеб. пособие. - М.: МГИНИ, 1998.
82. Кузнецова А.Н., Вагенгейм Р.Н. В помощь машинистке, секретарю, стенографистке. - М.: Высшая школа, 1990.
83. Копытов П.А. Корреспонденция и делопроизводство. - М., 1959.
84. Кононов А.Н. Грамматика тюрских рунических памятников. УП. - IX вв М: «Наука» 1980.
85. Кононов А.Н. . Грамматика. Современного литературного-языка. - Москва: Наука, 1956.
86. Кенжебекова Ф. Септеуліктердің синтаксистік қызметі. Орталық Қазақстан. 4 апрель 1964. .
87. Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі үйірлі мүшелер туралы. Известия АН. Каз. ССР. Серия филология и искусствоведения. – 1954 № 135 - вып. 1-2.
88. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. - Алматы: Мектеп, 1975. 98.
89. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Рауан. 1991.
90. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. - Алматы, 1966.
91. Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы: «Мектеп» 1975.
92. Қордабаев Т. Шылау сөздер тарихынан. Қазақстан мектебі, № 1. 1965.
93. Қадашева Қ. Көмекші сөзді сөйлем мүшелері. Филол. ғылым кандид. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1993.
94. Қайыров А.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі екі құрамды хабарлы жай сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық модельдері. Филол. ғылым. кандид. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация.- Алматы, 1999.
95. Қасымбеков М., Әлімқұлов. Екі тілде іс жүргізу. Алматы: Атамұра-Қазақстан. 1994.
96. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі. Автореферат. - Алматы: 1996.
97. Қасимова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. Филол. ғылым. кандид. дисс. - Алматы, 1992.
98. Лихачев М.Т. Документы и делопроизводство. Справочное пособие. - М.: 1991.
99. Логинова К.А. Деловая речь и ее стилистические изменения в советскую эпоху. // Развитие функциональных стилей современного русского языка. - М: 1986.
100. Маманов И.М. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ғылым, 1966.
101. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. - Алматы: Мектеп, 1998.
102. Малов С. М. Енисейская письменность тюрков. - Москва-Ленинград: АН. СССР, 1952.
103. Медетова Г. А. Модальность предложения и средства ее выражения в тюрских языках. Автореф. диссерт. кандидат филол наук. 1982.

104. Мурзин Л.Н. Синтаксическая деривация. Анализ производных предложения русского языка. Пособие по спецкурсу. - Пермь: Изд. ПТУ. 1974.
105. Митяев К.Г. История и организация делопроизводства в СССР. - М. 1959..
105. Неталиева Қ. -у тұлғалы қимыл есімі. Қаз.ССР ҒАХ, филология және өнертану сериясы. 3//16/ шығуы 1960.
106. Неталиева Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімі. ҒАХ, филол.және өнертану сериясы. 1/17шығуы. 1997.
107. Неталиева Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімдері. Е.,ҚД. 1963.
108. Оразов М. Семантика казахского глагола. Диссерт. докт. филол. наук. - Алматы,. 1993.
109. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктіктердің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы.-Алматы: Ғылым, 1979.
110. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттарының құрылысы. -Алматы: Мектеп, 1975.
111. Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. - Алматы:Ғылым,1988.
- 112.Павлов И.П. Деепричастие в чувашском языке и их синтаксические функции. Автореф. канд. дисс. - М.: 1953.
113. Русский язык в современном мире. - М.: Наука. 1974.
114. Рахманин Л.В. Стилистика деловой речи и редактирование служебных документов. Изд. 3-е. - М.: 1990.
115. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы: Ана тілі,1993. .
116. Серғалев М. Синтаксистік байланыстардың деңгейі. КазМУ хабаршысы. Филология сериясы. - 1999. N231
117. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. - Алматы: Мектеп, 1981.
118. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Оқу құралы. - Алматы: Мектеп, 1995.
119. Серғалиев М. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркестері синтаксисі.- Алматы, 1977.
120. Серғалиев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі сөз тіркестері синтаксисі. -Алматы. 1981.
121. Сауранбаев Н. Семантика и функции деепричастия в казахском языке. - Алматы, 1944.
122. Салагаев В., Шалабай Б. Іс қағаздарын жүргізу. - Алматы:Раритет, 2000.
123. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы. Қазақ университеті. 1992.
124. Томанов М. Қазақ тілінің грамматикасы.-Алматы: .Мектеп, 1981.
125. Төлегенов О. Жалпы модальды мақсат мәнді жай сөйлем типтері. - Алматы: Мектеп, 1968.
126. Төлеуов Ө. Сөз таптары. - Алматы: Мектеп, 1982.
127. Федотов М.Р. Средства выражения модальности в чувашском языке. - Чебоксары: Чувашкнигоиздат. 1963.

128. Хасенова А. Етістіктердің лексико-грамматикалық сипаты. Алматы: Ғылым, 1971.
129. Шанский Н.М. Стилистика русского языка. Просвещение. 1989.
130. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 1993.



**АБИЛЬМАЖИНОВА**  
**Балдырған Жоламановна**

**ІС ҚАҒАЗДАР СТИЛІНІҢ СИНТАКСИСІ**

*Монография*

Басуға 14.01.2019 жылы қол қойылды. Қағазы көшірмелік.  
Қаріп түрі «Таймс». Пішімі 60x84/16. Баспа табағы 6,6 бет.  
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №4  
«Тұран-Астана» университетінің баспаханасында басылған.  
Мекенжай: 010000, Астана қ., Ы. Дүкенұлы көшесі 29 үй.  
[www.turan-astana.kz](http://www.turan-astana.kz)